

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 821.512.122

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

**Лирикалық шығармаларды оқыту арқылы көркем образды таныту
әдістері**

«7M01701–Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

Шомақ Мөлдір Базарқызы

Қаскелең, 2022


СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ




«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
PhD., ассистент профессоры
Ногайбаева А.
«20» 05 2022 ж.

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

«7М01701 – Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы
бойынша

Орындаған:  М.Б.Шомак

Ғылыми жетекші:  п.ғ.к., СДУ профессоры Б.Д.Жұмақасова

Қаскелең, 2022

Сулейман Демирель атындағы университет
«Педагогика және гуманитарлық ғылымдар» факультеті
«Тілдік білім беру» кафедрасы



Бекітемін
Кафедра меңгерушісі
PhD., ассистент профессоры
А.Ногайбаева
«07» 06 2022 ж

Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Шомақ Мөлдір Базарқызы

Білім беру бағдарламасы: Қазақ тілі және әдебиеті

Тақырыбы: «Лирикалық шығармаларды оқытуда көркем образды таныту әдістері»

Ғылыми кеңестің бұйрығымен бекітілген 0509.3-05/946-1 «26» 01 2021 ж.

Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі «01» 06 2022 ж.

Тапсырмалар мен диссертациялық жұмыстың қысқаша сипаттамасы:

Диссертациялық жұмыста жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығармаларды оқытудың зерттелу өрісі, психологиялық негіздері мен педагогикалық ұстанымдары зерттелді және жаңартылған білім мазмұнында лирикалық шығармалардың қамтылуы мен оларды оқыту әдістемесі талданды. Лирикалық шығармаларды оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен оған қойылатын талаптар көрсетілді. Жаңартылған білім мазмұнында оқу бағдарламасында берілген бірқатар лирикалық шығармалар қарастырылды.


Ұсынылатын әдебиеттер:


Голубков В.В. Методика преподавания литературы. – Москва, 1962. – 495 с.

Мүтиев З. Ж. Қазақ лирикасының даму сипаты және зерттелу тарихы (XX-XXI ғ. басы); Монография. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012 ж. – 284 б.

Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 б.

Тапсырмалар бекітілген мерзім «20» 10 2021 ж.

Ғылыми жетекші:  п.ғ.к., СДУ профессоры Б.Д.Жұмақаева

Магистрант:  М.Б.Шомақ

АНДАТПА

Диссертация жұмысының тақырыбы: «Лирикалық шығармаларды оқыту арқылы көркем образды таныту әдістері»

Жұмыстың құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан (тараушалардан), қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Диссертациялық жұмыстың көлемі: 82 бет, 20 кесте, 16 тапсырма, 3 сызба бар, зерттеу барысында 52 әдебиет қаралды.

Кілт сөздер: лирикалық шығарма, лирикалық кейіпкер, мәнерлеп оқу, педагогикалық ұстаным.

Диссертация жұмысының бірінші бөлімінде жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығармаларды оқытудың зерттелу деңгейі, психологиялық негіздері мен педагогикалық ұстанымдары қарастырылып, зерттелді. Жаңартылған білім мазмұнында оқу бағдарламасында берілген бірқатар лирикалық шығармалар қарастырылды. Лирикалық шығармаларды оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен оған қойылатын талаптар көрсетілді. 6-сыныпта берілген лирикалық шығармаларға талдаулар жасалды. Сондай-ақ лирикалық шығармаларды 5-8 сыныптарда оқытуда көңіл бөлуді қажет ететін бірқатар мәселелер қарастырылды.

Диссертация жұмысының екінші бөлімінде жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында лирикалық шығармалардың қамтылуы, лирикалық шығармалардағы көркем образдарды оқыту әдістері қарастырылды. Лирикалық шығармаларды оқытуға бағытталған эксперимент жүргізілді және ол зерттеу жұмысымызда кесте, сызба түрінде берілді. Жаңартылған білім мазмұнында оқу бағдарламасына енген лирикалық шығармалардың бірнешеуі талданды. Лирикалық шығармаларды оқытуға арналған тапсырмалар жасалып, кесте түрінде берілді.

Диссертация жұмыстың қорытынды бөлімінде диссертациялық жұмыстың мақсатына сәйкес төмендегідей міндеттер атқарылды:

–жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығармаларды оқытудың зерттелу деңгейі айқындалды;

–лирикалық шығармаларды оқытудың психологиялық негіздері анықталды;

–орта мектепте лирикалық шығармаларды оқытудың педагогикалық ұстанымдары нақтыланды;

–жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында лирикалық шығармалардың қамтылуы сараланды;

–лирикалық шығармалардағы көркем образдарды оқыту әдістері ұсынылды және лирикалық шығармаларды оқытуға бағытталған эксперимент нәтижелері талданды.

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационной работы: «Методы интерпретации художественного образа в обучении лирическим произведениям»

Структура работы: исследовательская работа состоит из введения, двух глав (подглав), заключения и списка использованной литературы.

Объем диссертационной работы: Имеется 82 страниц, 20 таблиц, 16 задач, 3 схем, в ходе исследования было рассмотрено 52 литературы.

Ключевые слова: лирическое произведение, лирический герой, выразительное чтение, педагогическая позиция.

В первой части диссертационной работы рассмотрены и исследованы область изучения, психологические основы и педагогические принципы преподавания лирических произведений в общеобразовательных школах. В обновленном содержании образования был рассмотрен ряд лирических произведений, изложенных в учебной программе. Показаны методы и требования, предъявляемые к лирическим произведениям. Проведен анализ лирических произведений, представленных в 6 классе. Также был рассмотрен ряд вопросов, требующих внимания при изучении лирических произведений в 5-8 классах.

Во второй части диссертационной работы в учебной программе обновленного содержания были рассмотрены содержание лирических произведений, методы обучения художественным образам в лирических произведениях. Был проведен эксперимент, направленный на обучение лирическим произведениям, и он был представлен в нашей исследовательской работе в виде таблицы, схемы. В обновленном содержании образования проанализировано несколько лирических произведений, вошедших в учебную программу. Разработаны и даны в виде таблицы задания на обучение лирическим произведениям.

В заключительной части диссертационной работы в соответствии с целью диссертационной работы были выполнены следующие задачи:

- определен уровень изученности преподавания лирических произведений в общеобразовательных школах;
- определены психологические основы обучения лирическим произведениям;
- уточнены педагогические принципы преподавания лирических произведений в средней школе;
- проанализировано содержание лирических произведений в учебной программе обновленного содержания;
- предложены методы обучения художественным образам в лирических произведениях и проанализированы результаты эксперимента, направленного на обучение лирическим произведениям.

ABSTRACT

Topic of the dissertation: «Methods of interpretation of an artistic image in teaching lyrical works»

Structure of the dissertation: research work consists of an introduction, two chapters (sub-chapters), conclusion and list of references.

Volume of the dissertation: There are 82 pages, 20 tables, 16 tasks, 3 schemes; during research 52 references were considered.

Keywords: lyrical work, lyrical hero, expressive reading, pedagogical position.

In the first chapter of the dissertation, the field of study, psychological foundations and pedagogical principles of teaching lyrical works in secondary schools are considered and investigated. In the updated content of education, a number of lyrical works set out in the curriculum were considered. The methods and requirements for lyrical works are shown. The analysis of lyrical works presented in the 6th grade is carried out. A number of issues requiring attention when studying lyrical works in grades 5-8 were also considered.

In the second chapter of the dissertation in the curriculum of the updated content, the content of lyrical works, methods of teaching artistic images in lyrical works were considered. An experiment was conducted aimed at teaching lyrical works, and it was presented in our research paper in the form of a table, a diagram. The updated content of education analyzes several lyrical works included in the curriculum. Tasks for teaching lyrical works have been developed and given in the form of a table.

In the final chapter of the dissertation, in accordance with the purpose of the dissertation work, the following tasks were performed:

- the level of study of the teaching of lyrical works in secondary schools has been determined;
- the psychological foundations of teaching lyrical works are determined;
- the pedagogical principles of teaching lyrical works in secondary school have been clarified;
- the content of lyrical works in the curriculum of the updated content is analyzed;
- methods of teaching artistic images in lyrical works are proposed and the results of an experiment aimed at teaching lyrical works are analyzed

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	8
1 ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығармаларды оқытудың зерттелу деңгейі.....	10
1.2 Лирикалық шығармаларды оқытудың психологиялық негіздері.....	16
1.3 Орта мектепте лирикалық шығармаларды оқытудың педагогикалық ұстанымдары.....	29
2 ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ КӨРКЕМ ОБРАЗДЫ ТАНЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ	
2.1 Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында лирикалық шығармалардың қамтылуы.....	35
2.2 Лирикалық шығармалардағы көркем образдарды оқыту әдістері.....	41
2.3 Лирикалық шығармаларды оқытуға бағытталған эксперимент нәтижелері.....	73
ҚОРЫТЫНДЫ.....	80
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	82

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында лирикалық шығармалардың зерттелуі және оның оқыту әдістемесі бойынша жазылған еңбектер бойынша тұжырым жасалды. Лирикалық шығармаларды оқытудың психологиялық негіздері мен педагогикалық ұстанымдары қарастырылды. Қазіргі уақытта лирикалық шығармалардың қамтылуы мен ондағы көркем образдардың берілуі сараланды. Өз тарапымыздан 5-9 сынып аралығындағы лирикалық шығармалар талданып, оны қабылдау кезеңі мен көркем образдарды таныту мақсатында бірқатар тапсырмалар ұсынылды. Құрастырылған тапсырмалар негізінде мектеп оқушыларына эксперимент жұмыстары жүргізіліп, нәтижесі көрсетілді.

Жұмыстың өзектілігі. Әдебиеттегі лирикалық шығармалар – оқушылардың таным-түсінігіне, сезіміне әсер ететін, шығармашылықтарын шыңдауға мүмкіндік беретін құндылықтар. Лирикалық шығармаларды оқытудың маңыздылығы жоғары. Өйткені, лирикалық шығармалар эпос пен драмалық шығармалардан өзінің көркемдік сипатымен де, оқырманға эмоционалды әсер ету сипатымен де ерекшеленеді. Ол оқырманмен адами құндылықтардың негіздері туралы немесе оларды бұзатын, жоятын нәрселер туралы ашық әңгіме жүргізеді. Сондықтан ол тұлғаның қалыптасуына белсенді әсер ете алады.

Дәстүрлі оқыту бағдарламасында әдеби жанрдың барлық түрі дерлік оқытылады. Дегенмен жалпы білім беретін қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарынан бастап жоғарғы сыныптарына дейін қазақ әдебиетінен берілетін білім мазмұнының төрттен бірін лирикалық шығармалар құрайтын. Біріншіден, бүгінгі жаңартылған білім беру мазмұнында лирикалық шығармалар санының кеміп қалуы әдістемедегі өзекті мәселеге айналып отыр. Ал лирикалық шығармалар оқушының ең алдымен эмоционалды интеллектісін тәрбиелеуде үлкен рөл атқаратынын алға тартамыз. Екіншіден, бүгінгі білім мазмұнындағы көркем мәтінді оқытуға бағытталған тапсырмалар жүйесі оқушыны шығармашылыққа ынталандырып, тілдік және әдеби құзіреттілігін қалыптастыруда толықтыруларды қажет ететіндігі – біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі өзектілігі болып отыр.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Лирикалық шығармаларды оқытудың маңыздылығын дәлелдеу және лирикалық шығармалардағы көркем образдарды таныту әдістерін айқындау, лириканы интерпретациялық тәсілмен талдау, эмпатиялық диалог арқылы оқытудың тиімділігін дәлелдеу.

Осы мақсатқа жету үшін жұмыстың алдына мынадай міндеттер қойылды:

–жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығармаларды оқытудың зерттелу деңгейін айқындау;

–лирикалық шығармаларды оқытудың психологиялық негіздерін анықтау;

–орта мектепте лирикалық шығармаларды оқытудың педагогикалық ұстанымдарын нақтылау;

–жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында лирикалық шығармалардың қамтылуын саралау;

–лирикалық шығармалардағы көркем образдарды оқыту әдістерін ұсыну және лирикалық шығармаларды оқытуға бағытталған эксперимент нәтижелерін талдау.

Зерттеу нысаны. Лирикалық шығармалардағы көркем образдар.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы. Диссертацияның басты тұжырымдары қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін толықтырады. Зерттеу материалдары мен теориялық қорытындылары көркем шығармалардың, оның ішінде лирикалық шығармалардағы көркем образдардың мәнін терең түсінуге, көркем мәтін арқылы шығармашылық дағдыларды дамытуға бағытталған білім беру үдерісіне үлес қосады.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында дәлелденді. Қолданған әдістерді орта мектеп бағдарламаларында, сондай-ақ бірқатар талдауларды жоғары оқу орындарында әдістемелік құрал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу әдіс-тәсілдері. Зерттеу барысында ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, салыстыру, бақылау, диагностикалау, аналитикалық әдіс, сапалық және сандық тұрғыда сараптау, жинақтау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

–Мектеп бағдарламасында берілген бірқатар лирикалық шығармаларға өз тарапымыздан талдау жүргізіліп, шығарма ішіндегі образдарды таныту мақсатындағы тапсырмалар ұйымдастырылды;

–жаңартылған білім беру бағдарламасындағы лирикалық шығармалар ерекшеліктеріне қарай топтастырылды;

–«эмпатиялық диалог» әдісі арқылы лирикалық шығарманы оқытудың мақсаты айқындалып, лирикалық шығармаларды оқытуда берілу жолдары ұсынылды.

Зерттеу жұмысы бойынша жарияланым.

1. «Лирикалық шығармаларды оқытудың дидактикалық мәселелері» Молодой ученый. Международный научный журнал, №8(403)/2022. г.Казань

2. «Лирикалық шығармалардағы көркем образдарды оқыту». «Қазақ тілі және әдебиеті», №06, 2022ж., 114б, Алматы.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Магистрлік диссертация жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығармаларды оқытудың зерттелу деңгейі

Қазақ халқы сөз өнерін қадірлей отырып, өзінің бай әдеби мұрасын ғасырдан ғасырға жеткізді. Оны ұрпақ санасына сіңіріп, халқының бай мұрасын танытып келді. Дегенмен әдебиеттің арнайы пән ретінде оқытылуын мектеп өмірінен тысқары қарауға болмайды.

Жалпы білім беретін мектептерде әдебиетті оқытудың ең маңызды мәселелерінің бірі – көркем туындының тегі мен жанрлық ерекшелігін таныта отырып оқыту. Яғни, мектепте әліппеден әдебиетке дейін жалғасатын әдеби білім беру сатысында лирикалық шығармалар кеңінен оқытылады. Дегенмен осы тектес шығармаларды оқытудың мақсат, мүддесі, әдіс-тәсілдері әр сыныпта әртүрлі болады. Бастауыш сыныпта оқытылатын өлең шумақтары оқушыларға көркем сөзбен жасалатын өмір көріністерін түсінуге, сол арқылы қоршаған орта ерекшеліктерін жете тануға көмектеседі. Жылдың төрт мезгілі, олардың өзіндік ерекшеліктері, табиғат сырлары түсіндіріледі. Өлеңді түсініп оқуға, жүргізіп оқуға, жаттауға бейімделеді. Сондықтан бастауыш сыныптардағы берілетін лирикалық шығармалардың дені жаттауға лайықталады да, баланың есте сақтау қабілетін шыңдап, зейіні мен жадының ұзақтығын, беріктігін қалыптастыруға да өзіндік үлесін қосады.

Орта буын сыныптарда өлеңнің, өнердің сиқырлы күшін, көркемдік ерекшелігін, кең дүниетанымын байқатуға бағытталады. Сол арқылы оқушыларға эмоциялық ықпал етуге, сезім-күйін тәрбиелеуге, шығармашылыққа жол ашуға күш салынады. Айтушының сезім-күйіне оранған өлең үлгілері арқылы қарасөзбен жазылған шығарма мен өлең туралы алғашқы ұғымдары қалыптасады. Өлең мазмұнындағы сыртқы әлем, қоршаған орта сырларын түсіне бастайды.

Жоғарғы сыныпта лирикалық шығармалар белгілі бір тұлғаның әдеби мұрасына қатысты оқытылады. Аталған сыныпта оқушылар өлең мағынасы мен мәнін, тақырыбы мен идеясын, лирикалық қаһарманның сезім толқынын ұғынуға, өзінше ой толғап, пікір пайымдауға, салыстырулар мен сыни көзқарастарға көбірек назар салады.

Лирикалық шығарма адамгершілік биік мұраттарға тәрбиелеуші құрал ретінде оқушылардың білуге құштарлығын арттырып, ойлау жүйесін дамытады. Лирикалық шығармаларды оқыту барысында оқушылар өнерді эмоциялық-эстетикалық тұрғыдан түйсіне білуге үйренеді.

Лирикалық шығармалар – оқушының өмір мен болмысқа эстетикалық қарым-қатынасын қалыптастырушы құрал. Ол психологиямен, дидактикамен астасып, оқыту-тәрбиелеу мәселелерінің міндеттерін орындауға белсенді ат

салысады. Сондай-ақ әдебиеттану ғылымында лирика, оның жанрлық сипаты жайында көлемді зерттеулер жүргізілді.

Лириканың өнер туындысына лайықты ықпал етерлік бедел-қуатын әр дәуірде, әр қилы қоғамда өмір сүрген орыс оқымыстылары да өз орнымен бағалап, дәріптей білген.

Лирикалық шығармалардың жанрлық ерекшелігін сипаттайтын М.Бахтиннің, Л.Тимофеевтің, Д.С.Лихачевтің, Г.Поспеловтың, Н.А.Гуляевтің, З.Қабдоловтың, З.Ахметовтің еңбектері бар. Ғалымдардың еңбектерінде лирикалық шығарманың эмоцияға, сезім күйге құрылып, көлемі жағынан шағын болып келетіндігі айтылған. Лирикалық шығармада ақынның дүниетанымы, сыртқы ортаны, өмір құбылыстарын елестетуі мен сезінуі, өзіндік ой жүйесі образды сөздің қуатымен өрнектеледі. Лирикалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері мен олардың жанрлары туралы ұғым-түсінікті оқушыларға мектеп қабырғасында қалыптастыру көзделеді. Аталған ерекшеліктеріне байланысты лирикалық шығармаларды оқыту әдіс-тәсілдері де түрліше болады.

Лирика көне жанр ретінде әдебиеттану ғылымында көп зерттелді. Лирикалық шығармаларды оқыту мәселесін қарастырған арнайы зерттеулер де бар. М.А.Рыбникова, В.В.Голубков, Н.И.Кудрящев, В.А.Никольский, З.Я.Рез т.б. еңбектерінде [1, б.8] лирикалық шығармаларды оқыту мәселелерін жан-жақты қарастырды.

В.Г.Белинский: «Лирикадағы ақын тұлғасы алдыңғы қатарда және біз ол арқылы бәрін қабылдап, түсінеміз», – деп жазады.

Лирикаға тән қасиеттердің бірі – авторлық сананы білдірудің ашықтығы. Ол поэзиямен байланыста болған кезде оқырман жүрегінде пайда болатын эмоционалды резонансты анықтайды. Адамның психикалық қозғалыстары мен эмоционалды күйлері белгілі бір дәрежеде лирикалық концентрациясы бар лирикада беріледі. Ол өзінің ерекше сөйлеу жүйесін, атап айтқанда өлеңді жасайды. Өлеңнің ең маңызды ерекшелігі – ырғақ. Өлеңдегі сөздің ырғағы, экспрессивтілігі және полисемиясы, ерекше поэтикалық интонация лирикадағы форманың элементтері ғана емес, оның мазмұнын жасайды. Олардың барлығы өзара әрекеттеседі және оның бейнелі құрылымына еңбестен өлеңнің мағынасын толық түсіну мүмкін болмайды. Әдебиеттің кез-келген түріне тән форманың мазмұны, тәжірибе мен сөйлеудің бірлігі, әсіресе, лирикада айқын әрі анық көрінеді.

Сондықтан мектеп оқушылары поэзияны тыңдауға емес, айтуға дағдыланған мектепте оны талдау өте қиын. Оқушыға автордың поэтикалық әлемін түсінуі үшін оның өлеңдерін талдамай тұрып, оларды терең оқып шығуы керек.

В.Кожин лириканың қасиеттері туралы: «Егер басқа өнер туындылары адамдардың жан дүниесіне әсер ету ретінде, осы шығармалармен кездесулерді еске алу ретінде өмір сүрсе, лирикалық өлеңдер әрқайсысының және барлығының жан дүниесіне айналады және әр оқырман өлеңде айтылған сезімнің өз сезімімен сәйкес келген сәттерін есіне түсіре алады», – дейді. Алайда авторлық және оқырмандық сезімдердің сәйкес келуі әрдайым бола

бермейді. Жалпы алғанда, бір адам поэзия танытатын әртүрлі эмоционалды жағдайларды бастан кешіре бермейді. Бірақ ересек оқырманның айтарлықтай эмоционалды тәжірибесі бар. Ал мектеп оқушыларында бұндай тәжірибе жоқ. Өлеңдерде жеке өздері бастан кешпеген «бөтен» сезімдермен кездескенде, ол оларды түсінбей өтіп кетеді. Содан кейін поэзияның эстетикалық әсері туралы айтудың қажеті болмайды. Жасөспірімдерде, кейде бозбалаларда эмпатияның болмауы, эмоционалды түсінбеу және басқа адамдардың ішкі әлеміне назар аудармау поэтикалық шығармалармен жұмыс істеуге кедергі болады. Демек, мұндағы ең маңызды міндет – мектеп оқушыларының жанашырлық қабілетін дамытуға тырысу. Егер оқушы лирикалық шығармаларда ашылатын бейтаныс психикалық күйлерге сенім артуға дағдыланса, онда поэзия оның алдымен эмоционалды жеке тәжірибесін кеңейтеді, содан кейін жоғары эстетикалық сезімдер әлеміне енуіне септігін тигізеді. Мұның бәрі адамгершілік мұраттарды, руханилықты дамытуға ықпал етеді.

Қазақ лирикасын зерттеу кеңестік дәуірде де жалпы әдебиеттің даму, қалыптасу үдерісімен сабақтастықта дамыды. Әдетте, әдебиеттің даму үдерісіі оның сыны арқылы ұшталатынын ескерсек, сонау 20-30 жылдардағы әдебиет жанрларының зерттелу кезеңдеріне де көз жүгірткеніміз жөн. Арада өткен отызыншы жылдардың ойраны мен қырқыншы жылдардың қырғыны кезінде де қазақ поэзиясы зерттеліп, лирика тегінің зерттелуіне әдебиет сынының ерекше ықпалы тиіп отырды. 1920-1930 жылдардағы әдебиеттің даму барысы мерзімді баспасөз бетіндегі айтыс-тартыстардан да жиі көрініс тапты. Қай жанрда болмасын дүниеге келген жаңа туындының айналасындағы пікір-пайымдардың дұрыс-бұрыстығы, жетістік-кемшіліктері «әдебиеттің таптығымен», «социалистік реализмнің» жетістігімен өлшеніп бағаланды.

Қазақ лирикасының жеңімсіз қырларын танытып, азат ой-идеялардың қозғаушы белгісін баян еткен зерттеулер есебінде С.Қирабаевтың «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет» (2001), «Тәуелсіздік рухымен» (2002), З.Ахметовтың «Поэзия шыңы – даналық» (2002), М.Базарбаевтың «Көрікті ойдан – көркем сөз» (1994), Қ.М.Жүсіповтың «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік» (1999), С.Мақырұлының «Қазына» (2004), Д.Қамзабекұлының «Алаш және әдебиет» (2002), Б.Кәрібозұлының «Сырлы сөз сипаты» (1997), Б.Омарұлының «Зар заман поэзиясы» (1999), А.Шәріптің «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» (2000), т.б. еңбектерді атап өткен жөн [2, б.8].

Сонымен қатар, С.Жұмағұловтың «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттануы (1956-1991 жж.)» мен Ж.Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» (2009) зерттеулерінде ұлт лирикасының өзекті мәселелеріне қатысты біраз мәселелер қарастырылды. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты еңбегінде ұлт лирикасының өткен тарихына қатысты бірқатар мәселелер қамтылды.

Қазақ әдебиетінде лирикалық шығарманың жанрларын атауда бірізділік сақталмаған. Көне грек дәуірінен басталып, Еуропа әдебиетінде қалыптасқан ода, элегия, романс, сонет, мадригал, дифирамб, дума, нозль, кантата,

канциона, эпиграмма, т.б. сияқты жанрлық атаулармен қоса шығыс әдебиетіндегі өлеңмен жазылатын қасида, ғазал, рубай, маснауи, қита, муфрэд, т.б атаулар да ішінара қазақ поэзиясында кездеседі. Бұл құбылыстың бір себебі, шығыс әдебиеті мен батыс әдебиетінің төл әдебиеттегі сабақтастығы мен ықпалына байланысты десек, екінші бір себебін қазақ әдебиетінде осы жанрлардың әрқилы дамуынан іздеуге болады.

Элегия, романс, эпиграмма, сатиралық өлеңдер, төрттағандар, ғазал өлеңдер атаулары қазақ әдебиетінде де жиі ұшырасады. Қазақ поэзиясында хандық дәуір әдебиетінен қалыптасқан жанрлардың төл атаулары: арнау, толғау өлеңдері, кейінірек ән, әзіл т.б. өлеңдер көп. Көбіне қазақ әдебиетінде лирикалық шығарманың жанрлық атауларынан гөрі, шығарманың көтерген тақырыбын меже ету, лирикалық шығарманың мазмұнын айқындау мақсаты басым келеді.

Әдебиеттанушы З.Қабдолов: «Лириканы тақырыбына қарай топтап талдау оны жазған ақынның творчестволық бітімін пайымдау үшін айрықша мәні бар нәрсе: әр түрінен ақынның әр қырын тануға болады», – деген пікір білдіреді. Мектеп бағдарламасында табиғат лирикасы, көңіл-күй лирикасы, саяси-әлеуметтік лирика т.б. деп бөлу басымдығы, оны оқытуда да осы бөлінісіне сүйену әдебиеттану ғылымындағы осындай ой-пікірлерге де қатысты болса керек [3, б.56].

Қазақ лирикасының зерттелуі жайында сөз еткенде әдебиеттану ғылымының өткен тарихын саралаудың маңызы зор. Жоғарыда есімдері аталып, еңбектері берілген жазушы-сыншылардан өзге де белгілі ақын-лириктердің шығармашылығын әр қырынан алып тексерген ғалым-зерттеушілердің кандидаттық, докторлық еңбектері ұлттық поэзиямыздың дамып, жетілу бағдарын баяндайтын әдеби мұралар ретінде саналады. Ол зерттеулердің көпшілігі кейіннен жылдар өте келе қайта қаралып, арнайы монография немесе әдеби мақала жинақтары, оқу құралдары ретінде жарық көрді. Қазіргі қазақ поэзиясының халыққа кеңінен танымал өкілдерінің шығармашылық еңбектері зерттеушілер тарапынан тексеріске түсіп, зерделенді [4, б.35].

XX ғасыр поэзиясының өсіп-өркендеуіне зор үлесін қосқан үлкен сыншы, академик М.Қаратаев еңбектері лирика тарихын зерделеуде маңызды орын алады. Қазіргі қазақ поэзиясының қалыптасу, жетілу үдерісіне айрықша назар аударып, бар саналы ғұмырын әдебиеттану ғылымының өркендеуіне арнаған ғалымның лирика жанрын бағлаудағы сын-зерттеу еңбектеріндегі тың тұжырымдары кейінгі зерттеушілер үшін бағыт бере алды. Ғалымның «Туған әдебиет туралы ойларынан» атты алғашқы мақалалар жинағында ұлттық поэзиямыздың тұтас даму тарихы қарастырылды. Кеңестік дәуірдегі қазақ поэзиясының өсу жолы, өлең-сөз жанрындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселелері М.Қаратаевтың зерттеу объектісіне айналды.

Академик С.Қирабаев қазіргі қазақ лирикасының мәселелерімен жүйелі түрде айналысып, көптеген зерттеу еңбектер мен монографиялар жазды. Ғалым әдістемелік-педагогикалық қызметімен қатар поэзия жанрын тексерумен де

айналысты. Оның «Поэзиядағы азаматтық әуен» (1976), «Ақынның азаматтық тұлғасы» (1987) атты мақалалары қазақ лирикасының даму бағдарын көрсететті.

Академик Қажым Жұмалиев болса, қазақ лирикасының даму тарихына баса назар аударды. Оның зерттеу еңбектерінің басым бөлігі туған ұлт поэзиясын тануға арналды. Ғалымның «Әдебиет теориясы» (1938), «Махамбет» (1948), «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1941), «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1946), «Стиль – өнер ерекшелігі» (1966) атты еңбектері қазақтың ұлттық лирикасының, жалпы поэзиясының дамуы туралы, сондай-ақ сөз өнерінің белгілі өкілдерінің шығармашылық қабілеті мен болмыс-бітімі жайында жазылған толымды зерттеулер болып саналады. Қ.Жұмалиевтің қазақ лирикасын тереңінен зерттеп, барлауында объектіге айналған екі ұлы тұлға бар. Оның бірі Махамбет болса, екіншісі Абай еді.

Қазақ лирикасының тарихын зерттеу ісі кеңестік дәуірде жалпы әдебиеттің даму, қалыптасу үдерісімен сабақтастықта өрбіп, өрістеп отырды. Қазіргі қазақ лирикасының даму, жетілу, өркендеу жолының тарихына терең үңілген ғалымдардың бірі – Әбділдә Тәжібаев. Оның «Қазақ лирикасының тарихы» еңбегі ұлт лирикасына қатысты зерттеулердің алдыңғы легінен орын алды. «Ақындар жайлы монографиялық еңбектер жазылумен қатар, поэзиямыздың әр алуан бай салалары туралы да ақындарымызша даралана, мамандана басталған зерттеулер керек», – деген көзқарасты алғаш қалыптастырушылардың бірі болды [5, б.5].

Ғалым С.Сейітов қазақ лирикасының сан жылдық тарихын таразылап, талдауға бірнеше кітап арнады. Оның жекелеген ақындар шығармашылығын зерттеуде бір авторға кейіннен қайта айналып соғып, ақын шеберлігінің толысқан мезеттерінен сыр ақтарып отыруы – зерттеушілік тәсілдерінің бір қыры деуге болады. С.Сейітовтің «Өлең өлкесінде» атты зерттеу еңбегінде қазақ лирикасының 1970-80 жылдардағы сипатына баса назар аударды. Зерттеуші сол жылдары ақындық өнерлерімен биікке көтеріліп, ұлттық поэзиямыздың көркеюіне үлес қосып, есімдерін ел тани бастаған Қ.Мырзалиев, Е.Дүйсенбаев, М.Шаханов, Ф.Оңғарсынова, А.Бақтыгереевалардың лирикасы туралы келелі ой қозғайды. Сондай-ақ лирикалық шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін де қарастырды.

Әдіскер-ғалым Г.Құрманбаева лирикалық шығарманың жанрлық ерекшелігіне байланысты оқытудағы кездесетін қиындықтар мен кемшіліктер туралы өзінің «Сырлы да нұрлы жыр әлемі» атты мақаласында былай деп жазады: «Мектепте өлеңді өту оңай сияқты, оқуға жеңіл деп ойлаймыз. Ал шын мәнінде поэзияны, яғни өлеңді оқыту қиынның-қиыны, оның себебі: біріншіден, кей мұғалім өлеңді өзі сүймейді, оқушыны өлең өмірге ендіре алмайды, екіншіден өлеңдер бір сарында өтіледі, үшіншіден, өлеңді сауатты талдай алмаймыз, міне, осыдан өлең түсінікті болмайды. Бала өлеңге қызықпайды, әдебиетші мұғалімге поэзиялық шығармаларды оқыту едәуір қиынға соғады. Тұтас 45 минут бойы, өлеңнің әр тармағындағы, шумағындағы

ойды жеткізуде, талдауда ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушыны ой тереңіне бойлата білу керек» [6, б.91].

Лирикалық шығармалар эпос пен драмалық шығармалардан өзінің көркемдік сипатымен де, оқырманға эмоционалды әсер ету сипатымен де ерекшеленеді. Ол оқырманмен адами құндылықтардың негіздері туралы немесе оларды бұзатын, жоятын нәрселер туралы ашық әңгіме жүргізеді. Сондықтан ол тұлғаның қалыптасуына белсенді әсер ете алады. Адамның тәжірибесі лирикалық поэзияның объектісі және оны әр өлеңде автормен ғана білінбейді, сонымен қатар ол біздің көз алдымызда жасалып, көркемдік бейне-тәжірибеге айналады.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі аясында да әдістемелік еңбектер, зерттеу еңбектері жарық көрді. Ж.Нұрмаханов, Ә.Дайыровалардың «Орта мектепте лириканы оқыту» атты оқу құралы жарияланды. Оқу құралында лирикалық шығармаларды оқытудың кейбір әдіс-амалдары көрсетіліп, лирикалық шығармаларды оқытуға байланысты сабақ үлгілері берілді.

Сонымен бірге Д.С.Аңсабаевтың «Орта мектептің 5-9 сыныптарында лирикалық шығармаларды оқыту» атты ғылыми-зерттеу еңбегі жарияланды. Әдістемелік зерттеу еңбегінде лирикалық шығармалардың ерекшелігі сипатталып, оны оқытудың әдіс-амалдары қарастырылды. Еңбекте көбіне дәстүрлі оқыту жүйесі негізге алынды.

Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымында жеке қаламгердің лирикалық шығармаларын оқыту әдіс-тәсілдері сөз етіледі. Ә.Дайырованың «Орта мектепте І. Жансүгіровтің творчествосын оқыту» (1969), Б.Д.Жұмақаеваның «Абай Құнанбаев шығармаларын қазақ мектептерінің 5-8 сыныптарында оқыту әдістемесі» (2003), Н.Дөкенованың «М.Жұмабаев шығармашылығын оқыту әдістемесі» (2006) сияқты ғылыми-зерттеу еңбектерінде шығармашылығын оқыту әдіс-тәсілдері ұсынылып, оқытудың дидактикалық мақсат-міндеттері, ғылыми негізі сараланды.

Д.Аңсабаев өзінің зерттеу еңбегінде: «Лириканы оқытуда әлі де мазмұнын жалаң хабарлау, өнер тілін түсініктілік тіліне айналдыру сияқты бір жақтылық басым. Информациялық материал өнер өрнегімен қабыстырыла берілмейді, демек өнердегі мазмұны мен форма бірлігі, ой мен сұлулық тұтастығы сақталмайды. Шығарманың көркемдігі мазмұн мен форманың бірлігінен тұратыны мәлім», – деген пікір білдіреді [7, б.9].

Оқушыларға өлең оқығанда жанашырлық, адамгершілік, эстетикалық қажеттілігі біртіндеп жүзеге асырылады. Оқушылардың лирикалық шығармаларды оқытуда поэзияның өмірде көрініс тапқан шығармашылық пен белсенді таным үдерісіне айналдыру үшін мұғалімнен төзімділік пен рухани әдептілік талап етіледі.

1.2 Лирикалық шығармаларды оқытудың психологиялық негіздері

Адамзат баласының жай-күйін, сыр-сипатын зерттейтін ғылым саласы ретінде психологияның орны ерекше. Ғылым ретінде ол адамның жеке тұлғалық қасиеттерін, оның кісілік сипатын қарастырады. Сол себепті оқыту мен дамудың өзара қарым-қатынасы барлық кезеңде де ғылымдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып келді. Оқытудың ғылыми негіздерін іздестіру Я.А.Коменскийдің еңбектерінен бастау алады. Соның негізінде әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктері мен олардың жас ерекшеліктері мен даму үдерісіндегі өзгерістерді ескере отырып дамыта оқытудың ғылыми негізін іздестіру жолға қойылған.

Бұл мәселеге орыс педагогикасының негізін салушы К.Д.Ушинский де назар аударған. Ол өзінің «Адам тәрбие пәні» атты еңбегінде, баланың түрлі жас ерекшелігі кезеңіндегі негізгі психологиялық даму ерекшеліктерін айта отырып, «баланы оқытудың ең күшті факторы оқыту мен тәрбиелеу», – деп жазды [8, б.55].

Оқыту мен тәрбиелеудің арақатынасы жөніндегі мәселе одан бергі уақытта да өзектілігін жойған жоқ. Оны психология ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі Л.С.Выготский де зерттей отырып, оқыту мен дамудың арақатынасы мәселесін шешудің өзіндік тәсілдерін ұсынды («оқыту мен даму бір-біріне тәуелсіз екі түрлі үдеріс; оқыту мен даму екі түрлі салыстырмалы үдеріс; оқыту дамудан кейін жүріп отыруы мүмкін, сонымен қатар дамуды алға жылжыта отырып, оның алдында болуы да мүмкін» [9, б.41]).

Қазақ ғылымында С.Ғаббасов оқыту мен тәрбиенің негізін құрайтын педагогика мен психология ғылымдарын бірлікте қарауды ұсынады. Өз зерттеуінде ғалым мынандай түйінді ой айтады: «Адам тәрбиесінде осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан сәйкессіздіктің ең тұрпайысы, бүгінге дейін педагогика мен психологияны біртұтас бірлікте қарамай, керісінше екі бөлек байланыссыз ғылымдар тәрізді болып қолданылуы. Екеуінің де шыққан тегі – адам баласынан пайда болғандықтан, ендігі жерде педагогика мен психологияның методологиясы, жүйелері, негіздері біреу-ақ екенін мойындамай болмайды [10, б.104]. Бұдан шығатын қорытынды адамның өмірінде жан мен тән қандай ажырағысыз болса, педагогика мен психология сондай тығыз байланыста.

Оқыту мен тәрбие беру мазмұны бойынша терең ұлттық, көпқырлы дәстүрді, ұлттық психологияны сипаттайды. Тәрбиеленетін, оқытылатын адам абстрактілі емес. Ол барлық уақытта әдетте ұлттық сана мен өзіндік санасының, ұлттық танымының, сезімінің және еркінің ерекшелігін адамдардың басқа бір адамдармен өзара қатынастары мен қарым-қатынастарындағы ұлттық келбетінің идеялық ерекшеліктері тән болатын қандай да бір ұлттың өкілі. Ұлттық психологиялық ерекшеліктер оқыту мен тәрбиенің мазмұнын тікелей байланыстырады, сондықтан олар белгілі бір ұстанымдарға негізделі отырып іске асырылады.

Адамның жас ерекшелігіне қарай даму сатылары бірнеше кезеңге бөлінетіні белгілі. Олардың әрқайсысының өзіне тән басты ерекшеліктері болады. Тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінің нәтижелілігі осы жас кезеңдеріндегі адамның физиологиялық жай-күйі мен психологиялық негіздерін терең білумен байланысты шешіледі.

Соңғы жылдары психология ғылымында кең қанат жая бастаған саралап, даралап, деңгейлеп оқытудың негізінде әрбір жеке тұлғаның өзіндік табиғатын тану мәселесі жатыр. Оның басты мақсаты мынандай қағидаларға негізделеді:

- әр балаға бірдей көңіл аудару;
- әр баланың жеке қабілетін, ерекшелігін қадірлеу;
- ұжымдық оқытудың тәрбиелік мүмкіндігін пайдалану;
- әр кезеңнің өзіндік ерекшелігіне жете көңіл бөлу;
- балалардың жеке тұлғалық қасиеттерінің шындалуына мотивация тудыру.

Себебі, жеке тұлғаның дербестігін ескеру мәселесі оның ақыл-ой, таным деңгейін өзіндік ой-пікірлерімен, білуге ұмытылысымен, қызығушылығымен бірлікте қараудан басталады. Мұнда оқу әрекетінің нәтижесі емес, білім алушының әрекетіне қозғаушы болып отырған себептер мен түрткілерді ажырата білудің маңызы зор. Бұл туралы әдіскер-ғалым Ж.Дәулетбекова былай деп сөз қозғайды: «Ал, әрекеттің субъективтік мәнін түсіну оның психологиялық аспектілерін, атап айтқанда, әрекет етуге талпындыратын оқу мотивтерін, танымдық қабілеттерін терең зерттеуді қажет етеді. Себебі, оқытудың психологиялық негіздерін білу әр оқушының таным, білік деңгейлерін дұрыс саралауға да көмектеседі. Ал, оқушыны дұрыс «тану» – оның даму бағытын айқындаудың негізгі шарты. Сондықтан да қазіргі педагогикалық психологияның оқушының саналы әрекетіне ерекше мән бере бастауының бір себебі осында [11, б.41].

Отандық психолог Қ.Жарықбаевтың пікірінше: «Адам – белгілі бір қоғамның мүшесі, ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны «жеке адам» етеді. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүниетанымынан, талғам, мұратынан, бағытынан, қабілет, қызығуынан жақсы байқалады» [12, б.46].

Көркем әдебиет оқушыны адамзаттың рухани тәжірибесімен таныстыратын, оның ақыл-ойын дамытатын, сезімдерін жақсартатын үлкен даму мен тәрбиелік әлеуетке ие. Оқырман белгілі бір шығарманы неғұрлым терең әрі толық қабылдаса, ол тұлғаға соғұрлым әсер етеді. Оқу бағдарламасының жетекші міндеттерінің бірі ретінде көркем шығарманы қабылдауға үйрету міндетін алға қояды. Демек, мұғалім әдеби-көркем шығарманы оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қабылдау деңгейін білуі керек.

Оқушы лириканы қабылдауға әзір болуы үшін мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлерінің маңызы зор. Өлең құрылысы туралы теориялық ұғымдар оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты беріледі, түсініксіз сөздер мен

ұғымдар, мәтінге жоспар жасау т.б. Мұғалімнің түсінік сөзі, оқушы мен оқытушы арасындағы сұрақ-жауап түрінде келуі мүмкін.

Лирикалық шығармаларды оқытуға қойылатын басты талаптар:

- а) Өлеңді мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға ерекше көңіл бөлу;
- ә) Өлеңдегі ақынның көңіл күйін бағдарлату, оқушылардың өз сезіміне, өлеңнің әсеріне де назар аудару;
- б) Тақырыпқа сай музыканы, бейнелеу өнерін, басқа да өнер туындыларын тиімді пайдалану;
- в) Өлеңді оқушының қабылдауына жағдай жасау;
- г) Өлеңнің поэтикалық көркем тіліне назар аудару;
- ж) шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының өлең оқуға қызығушылығын арттыру, шабыттарын ояту.

Ең бастысы лирикалық шығармалардың психологиялық иірімдері баланың рухани дүниесінің байытуға әсері зор екендігін естен шығармаған абзал.

Лирикалық шығармаларды оқытуда басты бағытта адамның ішкі сезімі, көңіл күйі, мінез-құлқы, ақындық «мені» әсер беріп, толғандырады. Осындай әсерлілігіне қарай оқушы қызығушылықпен өлеңнің құрылысын, ұйқасын, өлең теориясына қарай талдауды жасай алады. Сондықтан лириканы оқытуда Қ.Бітібаева: «Лириканы оқытудың басты мақсаты – оқушыны поэзияны сүйеу баулу, оның кестелі тілін сезіне білуге, эстетикалық ләззат ала білуге баула болап табылады» [13, б.48], – дейді. Лирикалық шығармаларды оқытуда мынадай жұмыс түрлері тиімді болады: өлеңді мұғалімнің мәнерлеп оқуы, көркемсөз оқушылардың орындауында тыңдату, тақырып мазмұнына қарай саяхатқа шығу, пікірлесу, талдау, әңгімелесу, сыныптан тыс оқуларда, сыныптан тыс жұмыстарда мәнерлеп оқуға байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастыру. Лирика жанрының ерекшелігі қай кезде де ғалымдарды толғантқан, өзіндік ой-пікір, болжам жасауға, түйінді сөз айтуға жетелеген. Мысалы: А.Байтұрсынов көрнек өнерін бес тарауға жіктей келе, «бесінші нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп, айту өнері – бұл сөз өнері болады», – дейді. Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі. Олар: ақыл, қиял, көңіл. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу; көңіл ісі – түйю, талғау. Лириканы оқыту – әдебиетті оқытудың басты талабынан туындайды. Лирика сабағы – оқушыны өнерді эмоциялық-эстетикалық тұрғыдан түсінуге үйретеді. Лирикалық шығармаларды оқытуда мынадай мәселелер ескерілу керек:

- лириканы оқуда эмоциялық, логикалық бірлік керек. Ақын шығармасында қандай нәрсеге назар аударып отырғанын анықтау қажет;
- оқушының сол шығармаға өз көзқарасы болуы керек;
- өлеңнің әрбір бөліктерін өзара тұтастыру керек;
- ақын шығармасында қандай көркемдік тәсілді қолданғанын анықтау шарт;
- оқушы шығарма мен ақынның бірлігін тануы шарт.

Ал лирикалық шығармаларды 5-8 сыныптарда оқытуда мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

а) лирика туралы әдеби-теориялық бастапқы ұғым беру, оны, біріншіден тереңдете беру.

ә) өлеңді үйде алдын ала оқып, танысуға беру.

б) мұғалім өлеңнің поэтикалық көркем тіліне, құрылымына міндетті түрде назар аударуы, өзі талдамас бұрын, оқушылармен жұмыс жүргізуі керек.

в) өлеңді әуенмен, сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға ерекше көңіл бөлу.

г) өлеңдегі ақынның көңіл-күйін бағдарлату, оқушылардың өз сезімі, өлеңнің әсеріне де назар аударту.

д) тақырыпқа сай музыканы, бейнелеу өнерін, басқа да өнер туындыларын, көрнекілікті, үйлесімді, тиімді пайдалану.

ж) тиімді, көңілді оқу жағдайын туғызу. Жағымды ахуал жасау (балаларға ұрыспау, т.б.).

з) қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру мақсатында шығармашылық сипаттағы әдіс-тәсілдер пайдалану.

и) әр түрлі сабақ үлгілерін іздену.

Ақынның жан дүниесіндегі сезімдер мен тәжірибелерді тек мәнерлеп оқу арқылы жеткізуге болады. Лириканы оқытқанда мәнерлеп оқудың мәні үлкен. Мәнерлеп оқудың өзіндік шарттары бар. Солардың бірі – кідіріс. Оның үш түрі бар:

1. грамматикалық кідіріс (кейде өлеңаралық немесе тасымал кідірісі деп те атайды). Мұның эмоциялығы жоғары. Бұған әр сөзді бөліп, ашық, анық, тыныс белгілерін орай салмақ түсіріле жасалған кідіріс жатады.

2. логикалық кідіріс. Бұл – табиғи кідіріс. Мұнда шығарманың мәніне орай салмақ түсіріле жасалған заңды кідіріс қолданылады. Бұл жерде тыныс белгілеріне онша назар аударылмайды.

3. психологиялық кідіріс. Мұнда жеке сөздерге, сөз тіркестері мен тармақтардың әсеріне көбірек салмақ түсіріледі. Бұл кідіріс арқылы өлеңдегі негізгі ой ашылады.

Мәнерлеп оқуда барлық психикалық үдерістер қатысады: есте сақтау, ойлау, зейін, эмоциялар. Мәнерлеп оқуда қиял үлкен рөл атқарады.

Қиял дегеніміз идеялардың өзгеруі және олардың негізінде бейнелердің қалыптасуы, оларды жүзеге асыру жаңа материалдық және рухани құндылықтардың пайда болуына әкеледі; қиял сонымен бірге бар объектілердің бейнелерін жасау. [14, б.78].

Мәнерлеп оқуды үйрену үшін, біріншіден, экспрессивтіліктің негізгі компоненттерін игеру керек, мысалы: тыныс алу, дауыс күші, интонация, фразалық және логикалық стресс, логикалық және психологиялық үзілістер, тақырыптар мен ырғақ, тембр, мимика және қимыл.

Екіншіден, белгілі бір білік пен дағдыларды игеру керек. Олар мәтінді талдауға және сөйлеу экспрессивтілігінің интонациялық құралдарына негізделген. Негізгі дағды – негізгі тапсырманы анықтау мүмкіндігі. Бұл

қабілет сонымен қатар бірқатар жеке дағдыларды қамтиды, оларды оқшаулау олардың қалыптасуының логикалық реттілігін анықтауға мүмкіндік береді. Оларға мыналар жатады:

- кейіпкерлердің ойларын түсіне білу, оларға жанашырлық таныту, оқиғаларға деген көзқарасын анықтау;

- шығармашылық, қайта құру қиялын дамытатын дағдылар;
- тыныс алуды дұрыс басқара білу;
- дауыс қасиеттерін дұрыс қолдана білу;
- қажетті интонацияны таңдау мүмкіндігі;
- логикалық және фразалық екпінді дұрыс орната білу;
- логикалық және психологиялық үзілістерді пайдалана білу;
- қажетті темп пен оқу ырғағын таңдай білу;
- мимика мен қимылдарды қолдана білу.

Автор берген суреттерді ақылмен қайта құру мүмкіндігі

Басқаша айтқанда, кейіпкерлер бейнелерінің тілі маңызды. Ол іс-әрекеттермен, басқа адамдармен қарым-қатынаспен, автордың сипаттамасымен және портретімен бірге бізге шығарма кейіпкерінің бейнесін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл суреттер жұмыс идеясын түсіну үшін де, қабылдаудың жарықтығы үшін де өте маңызды. Оқырман кейіпкерді жан-жақты елестетуі керек, сондықтан кейіпкер оған жақсы таныс сияқты ерекше болады. Сондай-ақ, батырды және авторды елестетеді, ол қаншалықты батыл болса да, сіз ол бейнелеген адамдарға белгілі бір қатынасты көре аласыз.

Автордың бұл көзқарасын орындаушы оқырман қабылдап, тыңдаушыларға беруі керек. Шын мәнінде, кейіпкерлерге осындай қарым-қатынасты жеткізу, тыңдаушыларды кейіпкерлердің тағдырына қызығушылық танытуға ғана емес, оларды жақсы көруге немесе жек көруге итермелеу – орындаушының негізгі міндеті. Егер тыңдаушы кейіпкерлерге деген терең жанашырлықты немесе антипатияны сезінсе, оқырман өз міндетін орындалды деп санай алады. Кейіпкерге белгілі бір көзқараспен боялған авторлық сипаттамадан басқа, бейнеленген тұлғаның өзіне тән сөйлеуін жасау өте маңызды.

Тыныс алуды дұрыс басқара білу.

Дұрыс ерікті тыныс алуды дамыту тыныс алу аппаратын жаттықтыруды, дұрыс режимді орнатуды қажет етеді. Бұл тәжірибелі оқырманның немесе маман оқытушының жетекшілігімен жақсы орындалатын арнайы жаттығуларды қажет етеді. Белгілі өзін-өзі бақылау арқылы сіз тыныс алуыңызға және өзіңізге жұмыс жасай аласыз.

Қажетті интонацияны таңдау мүмкіндігі.

Мәлімдеменің мазмұнын дәл көрсететін интонацияны үйренуге бола ма? Психологтар бұл сұраққа керісінше жауап береді: «Бұл жылауды, күлуді, қайғыруды, қуануды және т.б. үйрену сияқты... Бірақ біз құрастырмаған кез-келген мәтінді оқу міндеті қойылған кезде интонацияны табудың жолдары бар, бұл міндет сахналық сөйлеу теориясында шешіледі, оның ең жетілдірілгені К.С.Станиславский жүйесі болып саналады».

Әр сөйлеу – ситуациялық, интонация – әңгіме жағдайына жауап. Ол белгілі бір дәрежеде еріксіз. Өз сөйлеу барысында адам ол туралы ойламайды: бұл оның ішкі күйінің көрінісі, ойлары, сезімдері, жүйке жүйесінің ерекшеліктері. Өз сөйлеу интонациясы тікелей туады. Біреудің, жазбаша сөйлеудің берілуімен тіршілік, интонациялық сәйкестік қарым-қатынас жағдайында пайда болады: «бөтен» сөзі «тағайындалған» оқырман болуы керек, «өзі» болуы керек. Бұл әдіс психологтармен сипатталады: «Әңгімелесуші үшін бұл хабарламалар жаңа және қызықты деп ойлап, өз ойларыңыз туралы хабарлауыңыз керек. Содан кейін екі серіктеспен қарым-қатынасқа қызығушылық пайда болады және сөйлеу интонацияда көрсетілген эмоционалды айналымға ие болады» [15, б.112].

Логикалық және психологиялық үзілістерді пайдалана білу

Логикалық үзілісті естуге үйрету іс жүзінде мүмкін емес, өйткені бұл физиологиялық үдеріс, бұл шеберлікті мәтінді оқыту және талдау арқылы дамытуға болады.

«Психологиялық үзіліс фразаның басында – сөздердің алдында, фразаның ішінде – сөздер арасында және фразаның соңында – оқылған сөздерден кейін пайда болуы мүмкін. Бірінші жағдайда, ол алдағы сөздердің мағынасын ескертеді; екіншісінде – берілген ойдың кейінгі ойдың психологиялық тәуелділігін (біріктіру немесе ажырату) көрсетеді, осы ойлардың мағынасын және оларға деген көзқарасын баса көрсетеді; үшінші жағдайда, үнсіздікте олардың мағынасының тереңдігін ұзартқандай, дыбысталған сөздер мен суреттерге назар аударады. Соңғы жағдайда психологиялық үзілістің әсері өте зор» [16, б.312].

Фразалық және логикалық екпінді дұрыс қоя білу.

Логикалық стресстің дұрыс орналасуы бүкіл жұмыстың немесе оның бір бөлігінің мағынасымен анықталады.

Лирикалық шығармаларды мәнерлеп оқудан бөлек, қабылдау үдерісі де маңызды болып саналады.

Психологиялық әдебиеттерде қабылдауды анықтауда әртүрлі көзқарастар бар. Сонымен, Т.В.Рыжкова көркем әдеби шығарманы қабылдауды психиканың әртүрлі салалары қатысатын күрделі психикалық және психологиялық үдеріс ретінде қарастырады. Р.С.Немов қабылдауға заттар мен құбылыстарды, объективті әлемнің тұтас жағдайларын олардың қасиеттері мен бөліктерінің жиынтығында олардың сезім мүшелеріне тікелей әсер етуімен бейнелеу деген анықтама береді [17, б.25]. С.Л.Рубинштейн қабылдау деп біздің сезім мүшелерімізге әсер ететін объективтік шындық құбылысының немесе затының сезімдік көрінісін түсінеді [18, б.86].

Қабылдау - өте күрделі үдеріс. Сонымен, М.Р.Львов бейнелеу өнері мен музыка туындыларын тікелей сезім мүшелері қабылдайтын болса, оқырман қағазға басылған графикалық белгілерді қабылдайтынын атап өтті. Бұл графикалық белгілер мидың психикалық механизмдерін қосу арқылы ғана сөздерге айналады. Сөздер мен қайта құру қиялының арқасында оқырманның эмоционалды реакциясын, кейіпкерлер мен авторға деген жанашырлықты

тудыратын бейнелер жасалады. Осы жерден шығарма мен оның оқуға деген қатынасы туралы түсінік пайда болады.

Зерттеулер баланың дыбыс пен интонацияның, ырғақтың алғашқы сигналдық әсерлеріне эмоционалды жауап беруі оны көркем шығарма формасының мазмұндық мағынасын ересек адамның көмегімен игеруге қабілетті ететінін, онда эстетикалық эмоциялар пайда болатынын көрсетті. Демек, әдебиетті қабылдауда оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты қандай психикалық қасиеттер болатынын анықтау қажет.

Әр түрлі жастағы оқушылар көркем мәтіндерді өзінше қабылдайды және түсіндіреді, бірақ белгілі бір әдістер мен технологияларды қолдану арқылы қабылдау мен түсіну тереңдігі жасты басып озуы мүмкін. Бастауыш сынып оқушыларының аңғал реализмі олардың санасында жеке жарқын эпизодтар мен көріністерді эмоционалды қабылдауға деген ұмтылысты оятады. Олардың пікірлері кейде категориялық, бірақ әрдайым эмоционалды түрде берілген. Қабылдаудың бастапқы кезеңінде 5-7 сынып оқушылары бастауыш сынып оқушыларының қабылдауына жақын, ал сөздерді қабылдау кезінде олар тікелей эмоционалды әсердің күшімен ерекшеленеді.

И.А.Зимняя мәтінді түсінудің екі деңгейін көрсетеді. Біріншісі деңгейі мәтіннің тақырыбын түсіну, ал екіншісі мәтін сөздерінің артында жасырылған ойларды, байланыстарды, қатынастарды, себептерді, әсерлерді түсінумен сипатталады.

Осылайша, көркем шығарманы түсінудің жас динамикасы белгілі бір кейіпкерге жанашырлық танытудың, автордың позициясын түсінуге деген жанашырлықтың, содан кейін көркем әлемді жалпылама түрде қабылдау мен өзінің оған деген көзқарасын түсінудің, шығарманың жеке көзқарастарына әсерін түсінудің өзіндік тәсілі ретінде ұсынылуы мүмкін.

О.И.Никифорова көркем шығарманы қабылдаудың пәндік жағын түсіну, ішкі мәтін және көркем образдар мен құралдар жүйесін түсіну, соңында оқылымды бағалауға, шығарманың негізгі ойларын түсінуге, мотивтер мен қатынастарды анықтауға әкелетін шығарманың идеялық-бейнелі мазмұнын түсіну сияқты деңгейлерін анықтады. Оның «Көркем әдебиетті қабылдау психологиясы» туралы кітабы қабылдау мәселесіне арналған. Онда, негізінен, көркем әдебиетті зерттеудегі психологиялық ерекшеліктер қарастырылады. О.И.Никифорованың пікірінше, көркем әдебиетті қабылдау үдерісі тек қиын жағдайларда ғана белгілі бір ақыл-ой әрекеттері саналы бола бастайтындықтан, оқырманға қарапайым болып көрінеді. Көркем әдебиетті қабылдау үдерісінде үш кезеңді ажыратады:

1. автор жетекші үдерістерді, мысалы қиял үдерісін, ерекшелейтін шығарманы тікелей қабылдау;
2. автор ойлауды ерекшелейтін шығарманың идеялық мазмұнын түсіну;
3. көркем әдебиеттің шығарманы қабылдау нәтижесінде оқырмандардың жеке тұлғасына әсері.

Сондай-ақ, О.И.Никифорова көркем әдебиетті тікелей қабылдау мәселесінің негізгі үш жағын атап өтті:

1. әдеби шығарманы тікелей қабылдаудағы көріністердің рөлі;
2. әдеби шығарманы қабылдау үдерісінің негізгі ерекшеліктері;
3. әдеби шығарманы тікелей қабылдау механизмі [19, б.75].

М.П.Воюшинаның классификациясына сәйкес бастауыш сынып жасындағы оқушыларға қабылдаудың төрт деңгейі тән. Ол бір сынып оқушыларының бір шығарманы қабылдау бейнесі біртекті болмайтынын айтады. М.П.Воюшинаның жүргізген эксперименті негізінде кішкентай оқушыларға тән көркем шығарманы қабылдаудың төрт деңгейі анықталды:

- 1) фрагменттік деңгей;
- 2) анықтау деңгейі;
- 3) «кейіпкер» деңгейі;
- 4) «идеялар» деңгейі.

Өз бетінше оқып, мәтінге сұрақтар қою арқылы осы топтың оқырмандары шығарманың негізгі қақтығысын көре алады. Олар автордың кейіпкерлерге деген көзқарасына қызығушылық танытады және көбінесе шығарманың атауына, жеке көркемдік бөлшектеріне назар аударады.

Бастауыш сынып оқушылары әдеби шығармаларды эмпирикалық ойлау деңгейінде қабылдап, түсінеді. Кішкентай оқырман үшін бұл бөлшек көркемдік бүтіннің тасымалдаушысы ретінде емес, оны қоршаған объективті әлемінің бөлшегі ретінде өмір сүреді.

Бастауыш мектеп жасында қиялдағы бейнеге жанашырлық таныту қабілеті тұрақтылық сипатқа ие бола бастайды. Көркем эмоцияны дамытудың бұл шарасын эмоционалды дамудың нақты деңгейі ретінде анықтауға болады. Осы жастағы оқушының жақын эмоционалды даму аймағы оның бейнеленген оқиғаларға автордың қатынасын білдіретін белгілі бір құбылыстың көркем образына әлі де жанашырлық таныта алмайтындығымен анықталады.

Жасөспірім кезінде дерексіз ойлау мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейеді, сондықтан орта сынып оқушылары өнердің көркемдік конвенциясын тереңірек түсінуге ықпал ететін ішкі көркемдік байланыстарды түсінеді. Әдеби және өмірлік қатарлардың «бірсыздықты» байланысы, осы жастағы оқушыларға тән жеке тәжірибе деректерімен жеке сюжеттік жағдайларды немесе кейіпкерлердің жеке әрекеттерін байланыстыратын ассоциациялардың қарапайым сипаты неғұрлым күрделі ассоциативті байланыстар мен жүйелерді біртіндеп құруға мүмкіндік береді.

Автордың қарым-қатынасына деген жанашырлық жасөспірім үшін эмоционалды дамудың өзекті деңгейі ретінде әрекет етеді. Тікелей эмоционалды даму аймағы ол үшін жалпылама сипаттағы көркемдік жолмен көрсетілген құндылықты түсіну қабілетін бастапқы игеру болып саналады.

Жоғары сынып жасындағы оқушылардың басты қасиеттері ақыл-ой функцияларының жинақтақтылық пен парасаттылық сияқты қасиеттерін нығайту мен кеңейту. Жоғары сынып оқушыларында көркем мәтіннің нақтылығын шындық құбылысы ретінде қабылдау олардың эстетикалық түсінуімен байланысты.

Жоғары сынып оқушысының эмоционалды дамуының өзекті деңгейі жалпыланған сипаттағы көркемдік құндылыққа жанашырлық таныта алатындығымен анықталады. Алайда, бұндай жастағы оқушылардың осындай қабілетке ие болуы әлі де тұрақсыз болады. Осы қабілетке неғұрлым толық, сенімді иелік жоғары сынып оқушысының жақын эмоционалды даму аймағын анықтайды.

Н.Б.Берхин көркемдік қабылдаудың психологиялық механизмін анықтау дамыта оқыту мәселесін шешуге мүмкіндік береді деп санайды.

Әдеби білім берудің барлық кезеңдерінде оқушы-оқырман жоғары сынып оқушыларының эстетикалық талғамы мен оқу мәдениетін дамыту туралы айтуға мүмкіндік беретін қажетті білім мен дағдыларды игереді. Әдіскер В.Г.Маранцман оқушылардың әдеби даму деңгейінің критерийлері төмендегідей деп көрсетеді:

- оқушылардың оқуы;
- теориялық-әдеби білім көлемі;
- әлеуметтік-адамгершілік мәселелерін анықтау қабілеті;
- әдеби шығармаларды 4 деңгейде қабылдауды дамыту: эмоционалды жауаптылық, оқырман қиялының белсенділігі, шығарманың мазмұнын түсіну, көркемдік форманы түсіну;
- көркем шығарманың мәтінін талдай білу;
- мектеп оқушыларының әдеби-шығармашылық қызметімен байланысты дағдылар.

Көптеген әдіскерлер 10-13 жас аралығындағы оқушылар 14-15 жас аралығындағы оқушыларға қарағанда лирикаға көбірек бейім екенін айтады. Олар былай деп жазады: «7-8 сынып оқушыларына қарағанда 4-6 сынып оқушылары лирикалық поэзияға көбірек бейім. Оқушылардың көпшілігінде лирикаға деген қызығушылық 9-11 сыныптарда жаңа, жоғары деңгейде қайта қалыптасады. Алайда осы жастағы белгілі бір жеке қасиеттерге байланысты, жасөспірімдерге оның ішкі көріністеріндегі, тәжірибе мен сезімнің тасымалдаушысы ретіндегі адам қызықты» [20, б.159].

Әдетте, 10-11 жастағы оқушылар өлеңдерді прозадан сенімді түрде ажыратады, олардың ішкі ырғағын сезінеді, көркем образ жасаудың кейбір құралдарына: ерекше лексикаға, метафоралыққа және т.б. назар аударады. Алайда оқушылар лирикалық мәтінді түсінуге, зерделеуге деген құлшыныстарын белсенді түрде көрсетпейді.

Оқушылар әдеби шығармадағы көркемдік жалпылау құралдарын түсінеді. Бұл әдеби образдың терең маңызды байланыстарын ашуға мүмкіндік береді. Көркем шарттылықты түсіну әдебиет ғылымының негіздерін игерумен байланысты. Автордың жеке тұлғасы және әр түрлі түр мен жанрдағы шығармалардағы авторлық сананы анықтау әдістері, тәсіл, стиль сияқты ұғымдарды игеру оқушыларды сөз суретшісінің шығармашылығын түсінудің жоғары деңгейіне шығарады.

7-8 сынып оқушыларының лирикалық мәтінге деген көзқарасы жеке әрі субъективті болып келеді. Кейде, тіпті, автордың идеясы өнермен оянған,

моральдық категорияларға баса назар аударатын өз тәжірибелерімен жасырылады. Лирикалық шығармалармен 5-8 сынып оқушыларымен жұмыс жасай отырып, мұғалім өлеңдегі оқырмандарға жақын мотивті бөліп көрсетуге, оқуға деген көзқарасты қалыптастыруға, оқырман қауымдастықтарының ағынын авторлық арнаға бағыттауға және оқушыларға ақынның әлемге, оның көркемдік тәсіліне деген ерекше көзқарасын түсінуге көмектесуге көп көңіл бөледі. Жоғары сынып оқушыларының лирикалық шығармаларды қабылдауындағы ерекшелігі олардың психикалық және эстетикалық дамуы.

Жоғары сынып оқушылары шығарманың көркемдік, эстетикалық құндылығын түсініп, көркемдік форманың өзіне тән ерекшеліктерін байқай алады. Олар автордың шығармашылық дүниетанымын білуге, автор мен лирикалық кейіпкерді «өсіруге», оның дүниетанымы мен адамгершілік қасиеттерінің мәнін түсінуге тырысады. Жоғары сынып оқушылары шығарманың көркемдік маңыздылығын бағалауға, концептуалды сипаттағы жалпылауға дейін көтерілуге қабілетті. Әрине, оларды лирика қызықтырады. Бірақ поэтикалық образдардың жалпыланған мағынасын, поэтикалық форманың эмоционалды және семантикалық рөлін бәрі бірдей түсіне бермейді. Лирикалық шығармаларды оқу сабақтарында оқушыларды авторлық ойлар мен сезімдер әлеміне енгізу керек, бірақ поэтикалық образдың бір мағынасынан жалпылама мағынасына күшпен, қысыммен жетуге болмайды. Бұл жерде оқушыға лирикалық поэзияны түсіндіруде асықпай, біртіндеп көмектесу өте маңызды.

Жоғары сыныптарда тапсырма тек материалдың көлемімен ғана емес, сонымен бірге шығарманың ақынның барлық шығармаларымен және әдебиет тарихымен, поэтикалық дәстүрмен байланысын талдауда ашық түрде анықтау қажеттілігімен күрделене түседі. Лирикалық шығармаларды оқыту кезінде жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жасауда логикалық және эмоционалды принциптерді біріктіру маңызды. Бірақ оқыту мен талдау кезінде айтарлықтай қиындықтар туындауы мүмкін. Оқырман-оқушы не өлеңнің жағдайы мен мәселесіне жауап бермейді, не оларды өмірлік тәжірибесімен алмастырады. Мұның себебі поэтикалық образды біржақты түсіну болуы мүмкін. Жеке ассоциация поэтикалық мазмұн мен өлеңнің құрылымына кедергі келтірмеуі үшін мұндай жағдайды жеңу керек. Бұған әр түрлі музыкалық бейнелер арқылы проблемалық жағдайларды жасау немесе кәсіби оқырмандардың өлеңді орындауы көмектеседі.

Өлеңдерді оқу кезінде оқушылардың қиялына және олардың жеке мотивтеріне сүйену, балаларды эмоционалды бағалауға итермелеу маңызды.

Лирикалық шығарма оқушыларға әсер етуі үшін жақсы оқылуы керек. Әдістемелік тұрғыдан алғанда, егер мұғалім өлеңді сыныпта өзі оқыса, дұрыс деп саналады. Өйткені мұғалім екпінді дұрыс орналастырып, қажетті үзілістерге төтеп беру арқылы дұрыс оқудың үлгісін көрсете алады.

Поэзияны саналы және толық қабылдау үшін оқушы өлең туралы теориялық және әдеби білімге ие болуы керек. Бұл білім үш негізгі бөлімді қамтуы керек: поэтикалық сөйлеудің образдылығы (жалпы поэзия тілі),

поэтикалық синтаксис және верификация (өлеңнің ырғақты ерекшеліктері). Өкінішке орай, көптеген оқушылар терминологиялық аппаратты толық меңгермейді, бұл өлеңдерді қабылдау мен талдауда белгілі бір қиындықтар туғызады.

Лирикалық шығармаларды оқыту кезінде поэтикалық сөйлеудің бейнелі мүмкіндіктеріне және оның интонациялық-ырғақты экспрессивтілігіне назар аударылады. З.Я.Рез поэзия туралы теориялық білімді қарапайым ұғымдардан төмендегідей ретпен бастауға кеңес береді:

4-5-сыныптар – поэтикалық сөздің түсініксіздігі, салыстыру, поэзиядағы еліктеу;

6-7-сыныптар – поэтикалық сөйлеу бейнесі, эпитет, метафора; өлеңнің екі буынды өлшемдері;

8-сынып – стильдің көрінісі ретіндегі поэтикалық образ, лирикадағы романтикалық және реалистік стиль идеясы;

9-сынып – поэтикалық синтаксис, поэтикалық интонация, өлеңнің үш буынды өлшемдері;

10-сынып – өлеңнің ырғақты құрылымы, поэзиядағы верификация жүйесі. Автордың санасы мен лирикасын білдіру формалары (автордың бейнесі, лирикалық кейіпкер және т.б.) [21, б.253]. Осылайша, теориялық материал жүйеде беріліп, біртіндеп күрделене түседі.

Жас оқушының психологиялық, сондай-ақ оқырмандық ерекшеліктері оқушылардың лирикалық шығарманы қабылдау үдерісінде ақынмен эстетикалық келісімнің өзіндік диалогын жүргізетіндігіне әкеледі. Әр түрлі жастағы оқушылардың көркем әдебиетті қабылдауындағы сапалы өзгерістер әдіскерлерге «әдеби даму» ұғымын және оның өлшемдерін анықтау міндетін қояды, олар көбінесе көркем шығармаларды зерттеудің бағыты мен әдістерін анықтауы керек.

Әдеби даму мәселесін зерттеуге психологтар О.И.Никифорова, Л.Г.Жабицкая, Н.Б.Берхин, әдіскерлер В.В.Голубков, Н.И.Кудряшев, Н.Д.Молдавская, В.Г.Маранцманның жұмыстары арналған. Аталған үдерістің мазмұны оқушы-оқырман санасындағы өмір мен әдеби сериялардың құбылыстары арасындағы қатынастардың диалектикасы, шындыққа тікелей әсер ету және шығармашылық көркем әдебиеттің рөлін, автордың рөлін түсіну. Әдіскерлер оқушылардың әдеби дамуының негізгі критерийлері оқырмандардың көркем шығармадағы бейнелі жалпылау мен бейнелі нақтылау үдерістерін түсінуі деп санайды.

В.В.Голубков «Әдебиетті оқыту әдістемесі» (1962) атты еңбегінде әдебиет бағытының негізгі әдістерін (дәріс, әңгіме және оқушылардың өзіндік жұмысы) анықтап қана қоймай, олардың әрқайсысының орта және жоғары сынып оқушыларына қатысты іске асырылуын көрсетті. Орта сыныптарда әңгімелесу әдісіне көп көңіл бөлінеді, дегенмен мұғалімнің хабарламасы мен оқушылардың өзіндік жұмысы да қарастырылады. В.В.Голубков әдебиеттегі әңгімелесу әдісін сипаттай отырып, оның ең көп таралған түрін: алдын-ала берілген сұрақтар бойынша әңгімелесуді атайды. Сұрақтарға дұрыстық,

нақтылық, қарапайымдылық және айқындылық сынды талаптар қойылады. Сұрақ ойды оятуы, ойлануды немесе дауды қажет ететін мәселені қамтуы керек. Егер талдаудың түпкі міндеттерінен туындайтын жүйе болмаса, жеке сұрақ емес, бүкіл сауалнама сәтсіз болуы мүмкін. Мұғалім әңгімелесудің түпкі мақсатын нақты елестете білуі керек.

Әрі қарай В.В.Голубков осындай әңгімелесудің бірқатар маңызды ережелерін тұжырымдайды:

- сұрақтарды аз қою, оқушыларға дайындалуға көмектесу керек;
- әңгімесу барысында барлық оқушыларды тапсырманы орындауға тарту керек;
- қосымша, жетекші сұрақтар қажет;
- жекелеген сұрақтар бойынша кейбір оқушыларды алдын-ала дайындауға болады.

Әңгімелесудің келесі түрі оқу үдерісінде туындайтын мәселелерге негізделген «еркін әңгіме» әдісі. Әрине, мұғалімде мұндай әңгімелесудің алдын-ала жоспары болады, бірақ оның оқушылар тарапынан жалпы бағыты, сұрақтар қою мүмкіндігі маңызды саналады. Голубков мұндай әңгімелесу әдісі образдарды талдауда, эпизодтарды қарастыруда, теориялық-әдеби ұғымдарды ойлау кезінде қолданылады деп есептейді.

Орта сыныптарда мәнерлеп оқу мен соған дайындық үдерісіне, үзілістер мен логикалық екпіндер бойынша жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді. Голубков оқулығындағы арнайы бөлімдер рөлдер бойынша оқуға және полифониялық оқуды дайындауға арналған.

Негізгі рөл мұғалімге тиесілі сабақтың сипатын аша отырып, В.В.Голубков автордың өмірі туралы әңгімеге, көркем мәтіндерді түсіндірмелі оқуды қолдануға тоқтайды.

Жоғары сынып оқушыларында әдебиетті оқыту әдістеріне тоқтала отырып, ғалым одан әрі дамуды қажет ететін мәнерлеп оқу мен көркем әңгімелеу, өткен мен қазіргі кездегі байланыстарды орнату, өзіндік тұжырымдар бойынша жұмыс, жеке эпизодтар мен проблемаларды өзіндік талдау, пікірталас материалдарын пайдалану сияқты бірқатар маңызды әдістерді атайды.

Жоғары сыныптарда мәтінді талдау әдісі ретінде еркін әңгімелесуді, оның ішінде оқушылар топтары дайындаған әңгімелерді пайдалану; мәтінді талдау құралы ретінде мәнерлеп оқуды дайындау ұсынылады. Сонымен қатар тақырыптық, ұқсастық пен контраст, жанр бойынша деген тәрізді әр түрлі салыстыруды қолдануды ұсынады. Жалпы, В.В.Голубков мектепте әдебиетті оқытудың принциптері мен кезеңдерін терең қарастыру негізінде әдебиетті оқытудың әдістері мен тәсілдері туралы әңгіме жүргізеді [22, б.158].

Н.И.Кудряшев жасаған әдебиетті оқыту әдістерінің классификациясы басқа негізде құрылған. Ол мұғалімнің нұсқаулығымен оқушылардың танымдық іс-әрекетінің логикасы бойынша оқыту әдістерінің жүйесін анықтайды.

Н.И.Кудряшевтің әдістер жүйесінде шығармашылық оқу әдісі туралы айтылған. Оның мақсаты шығарманы оқытудың басында да, талдаудан кейін де көркемдік қабылдауды жандандыру. Шығармашылық оқу әдісін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әдістемелік әдістерге мәнерлеп оқу, түсініктемелік оқу, әңгімелесу, жеке әсерлері бойынша шығармашылық тапсырмалар, сабақта оқу мәселесін қою жатады. Оқушылардың оқу іс-әрекетінің түрлеріне оқу, есте сақтау, тыңдау, жоспар жасау, әңгімелеу, пікірлер құру, иллюстрацияларды қарау жатады. Жалпы, бұл әдебиет танымының логикасындағы бірінші кезең туралы әңгіме болып отыр [23, б.43].

Танымдық іс-әрекеттің логикасындағы келесі қадаммен эвристикалық әдіс байланысты. Мәтінді тереңірек талдау сөзсіз әдебиет ғылымының элементтерін зерттеумен байланысты болады. Зерттелетін материалдың мазмұны кеңейіп, мәселелерді шешуде ізденістер жүргізілуде. Бұл әдіс, көбінесе, эвристикалық әңгімеде жүзеге асырылады. Оның тәсілдері білімді өз бетінше алуға, мәтін бойынша тапсырмалар жүйесін құруға, мәселелерді шешуге көмектесетін логикалық айқын сұрақтар жүйесін құру. Іс-әрекет түрлеріне көркем шығармадан материалды таңдау, мәтінді талдау элементтерімен қайталау, эпизодты талдау, кейіпкер-бейнені талдау, қойылымға, композицияға жоспар құру, мәселені белгілеу жатады.

Н.И.Кудряшев жасаған әдебиетті оқыту әдістерін жіктеу жүйесі нақты сабақ шеңберіндегі нақты педагогикалық үдерістегі әдістердің өзара байланысына бағытталғанын атап өткен жөн.

В.А.Никольский былай деп жазады: «Көркем әдебиет оқырманның қиялына да, сезіміне де, оның ұғымдарына да әсер ететіндіктен, біз оқытудың әдістері мен тәсілдерінің арасында көркем сөз туындыларын эмоционалды-бейнелі түсінудің әдістері мен тәсілдерін және осы шығармаларды түсіндірудің әдістері мен тәсілдерін ажыратамыз. Әдіс-тәсілдердің бірінші тобына мұғалімнің мәнерлеп оқуы, жаттау, қайталау және көркем әңгімелеу, шығарманы баяндау, көркем иллюстрация жатады».

Лирикалық шығармаларды оқытуда мектеп оқушыларының идеялық-адамгершілік және эстетикалық тәрбиесі іздеу үдерісінде белгілі бір тұжырымдама пайда болған кезде, оқушылар ақын айтқан шындықты өз бетінше іздеп, түсінген кезде сәтті болады.

Сондықтан оқушыларға арналған сұрақтар мен тапсырмалар оқырмандағы қабылдауды жандандыруға, поэзияны бағалаудың объективті идеологиялық және эстетикалық өлшемдерін түсіну мен қалыптастыруға бағытталуы керек.

1.3 Орта мектепте лирикалық шығармаларды оқытудың педагогикалық ұстанымдары

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу және даму тарихын анықтау мәселесі педагогика ғылымының маңызды бір міндеті болып есептеледі.

«Әдебиет әдістемесі – педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Мұның қамтитын объектісі, қарастыратын мәселелері мектепте әдебиетті оқыту сабақтары кезінде мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы, ол педагогика ғылымының, оның теориясының жалпы қағида, ережелеріне сүйенеді. Бірақ әдебиет әдістемесі педагогика сияқты мектеп, оқу-тәрбие мәселелерін тұтас алып қарастырмай, тек көркем әдебиетті оқып-үйрену негізінде оқушыларға берілетін білім мен тәрбие мәселелерін өз шеңберінде ғана алып баяндайды» – дейді көрнекті әдіскер-ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Көшімбаев [24, б.5].

Мұнда ғалым әдебиет әдістемесі ғылымның жалпы педагогика ғылымымен өзара байланысты болатынын айтып отыр. Әдістеменің қолданбалы ғылым екендігін және ол жалпы дидактиканы негізге ала отырып, сан алуан дәрежеде түрлене алатынын көрнекті педагог Ж.Аймауытұлы да айтып кеткен. Ол жалпы дидактика – барлық пәндерге тиісті оқытудың жалпы заңдары, жолдары, оқыту жайындағы мәселелер жөнінде, ал жеке әдістеме дидактиканың жалпы ережелерін тек пәндерді оқытқанда қалай орайластыру, қалай пайдалану, қандай әдіс қолдану керектігі туралы баяндайтынын ескертеді [25, б.79].

Ана тілі мен әдебиетімізді оқытудың әдістемесі жөніндегі ғылым тарихында Ахмет Байтұрсынұлының көшбасы болғаны баршаға аян. А.Байтұрсынұлының оқудың негізі білімді өз бетінше меңгеру екенін айтқан құнды пікірлері әлі күнге дейін педагогиканың өзекті мәселесі болып отыр. Бұл оқушының оқу әрекетіндегі субъектілік қызметін арттыру міндетімен үйлесімде болатынын көрсетеді. Оның «Тіл – құрал» атты әдістемелік еңбегіндегі тұжырымды ойлары бүгінгі қазақ әдебиеті әдістемесінің де негізгі аяқ тірер бағалы пікірлеріне жатады.

Өйткені, баланың білімді өздігінен алу жолдарын анықтау – әдістеме ғылымының басты қызметі мен міндеті. Бұл мәселелер А.Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әлифба астары» сияқты әдістемелік еңбектерінде де айтылған.

А.Байтұрсынұлының әдіскерлік пікірлері Мағжан Жұмабаев еңбектерінде жалғасын тапты. Ол баланы көркем әдебиетпен таныстыруға ерекше назар аударды. Ұлы ақын әрі ағартушы әдеби шығармамен жүргізілетін жұмыстардың жүзеге асырыла бастауын мектептен бастап мұқият дайындау керектігін айтып, өзінің «Бастауыш мектептегі ана тілі» атты әдістемелік еңбегін жазды. Онда ол төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жаттығулар жүйесін ұсынды.

М.Жұмабаев сол кездегі жасаған жүйесі қазіргі әдебиеттік оқу курсына да негіз бола алатынын анық байқауға болады.

Қазіргі таңда әлеуметтік қоғамда болып жатқан жаңа технологиялар мен түрлі технократиялық құбылыстар жеке тұлғаның дамып, қалыптасуына тікелей әсер етуде. Әлемдік халықаралық үдерістермен қатар жаңа ақпараттық іс-әрекеттерге негізделген білім мен ғылым жүйесі де барлық салаларды жаңаша ұйымдастыруға, оны басқа қырынан танып-білуге, зерттеп-зерделеуге бағытталған. Сол себепті тұлға әрекетінің маңызды бөлігі болып табылатын білім жүйесі де заман талабына қарай өзгерістерге ұшырауда.

Білім беру жүйесіндегі оқыту ұстанымдары оқушының рухани-танымдық қажеттілігін өтей отырып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі.

Негізінен оқыту ұстанымдары – оқытушы мен білім алушының сабақ үдерісіндегі бүкіл іс-әрекетін реттеп, оны дұрыс жолға бағыттайтын, сабақтың сапалылығына кепіл болатын ережелер мен заңдылықтардың жиынтығы. Оқыту ұстанымдарына сәйкес оқыту мен тәрбиелеуге қатысты қойылатын басты талаптар тұжырымдалады. Оларды сапалы орындаған, тиімді жүзеге асырған кез келген оқытушы жемісті табыстарға қол жеткізеді.

Дидактикада оқыту ұстанымдарын алғаш ұсынған, ғылыми негіздеген және бір жүйеге түсірген атақты педагог – Ян Амос Каменский. Ол адамзат баласы табиғаттың бір бөлшегі болғандықтан, оқыту да табиғат пен адам тәуелді болатын заңдарға байланысты екенін дәлелдеп берген. Сол себепті ол оқытудың ең басты ұстанымы бұл – табиғатқа сай болу принципі деп көрсеткен.

Ал И.Г.Песталоцци оқытудың ұстанымдарының ішінде көрнекілік принципін ерекше бағалап, оны логикалық ойлауды дамытатын маңызды құрал деп санаған.

К.Д.Ушинский оқытудың халықтық сипатына баса назар аударып, оған психологиялық тұрғыдан қараған.

Оқыту ұстанымдары туралы М.А.Данилов, М.Н.Скаткин, А.П.Пинкевич, И.П.Подласый, Н.Медынский, Т.Сабыров, т.б. секілді педагог-ғалымдар өз еңбектері мен ғылыми зерттеулерінде негізгі көзқарастарды қалыптастырып, пікірлерін білдірген.

Қазіргі кезде оқыту үдерісінде саналылық, белсенділік, көрнекілік, жүйелілік, бірізділік, беріктік, түсініктілік, ғылымилық, теория мен тәжірибе бірлігі секілді бұрыннан қалыптасқан ұстанымдар кеңінен қолданылады. Бұл ұстанымдардың талаптары оқытушылардың түрлі ережелерді қолдануы арқылы жүзеге асады. Себебі, оқыту ұстанымдары – педагогикалық үдерісті тікелей реттеп отыратын құбылыс.

Ұстанымдарды тиімді қолдану оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыруға, оның мақсат-міндетін айқындауға, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен амалдарын дұрыс қолдануға әкеледі.

Профессор Т.Сабыров өз еңбегінде: «Оқыту принциптері оқу үдерісінің барлық бөліктеріне (мазмұны, оқыту әдістері мен ұйымдастыру формаларына,

т.б.) қатысы бар, солардың бәріне жалпы бағыт-бағдар белгілейтін негізгі талаптар екенін білу керек...

Оқытудың кең түрде қолданатын негізгі принциптері мыналар:

- оқытудың ғылымилығы,
- жүйелілігі мен бірізділігі,
- оқытудағы оқушылардың саналылығы мен белсенділігі,
- оқытудағы көрнекілік,
- білімнің берік болу принциптері. Бұлардан басқа мына жаңа

принциптерді қосқан жөн деп ойлаймыз:

- мотивация принципі,
- проблемалық принцип,
- интеграциялау принципі. Осы принциптерді ұсыну қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік, рухани өзгерістерге сондай-ақ халыққа білім беру саласы мен мектепті оқу-тәрбие жұмыстарындағы қайта құру үдерістеріне байланысты», – дейді[26, б.23].

Ғалым соңғы жылдары әдіскерлер қазақ әдебиетін оқытуда мынадай жалпы ұстанымдарды басшылыққа алатындығын атап көрсетеді: «ғылымилық ұстаным; жүйелілік және жоспарлылық ұстанымы; оқушылардың саналылық пен белсенділік ұстанымы; қолжетімділік ұстаным; пәнаралық байланысы ұстанымы; көрнекілік ұстанымы; инновациялық ұстанымы; оқытудың тәрбиелік ұстанымы. Бұл жалпыдидактикалық ұстанымдар – тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін мектепте, жоғары оқу орындарында, т.б. оқу орындарында оқыту үдерісінің басты қағидалары ретінде танылады» [27, б.9].

Біз өз зерттеуімізде лирикалық шығармаларды оқытуда мынадай негізгі ұстанымдарды басшылыққа алдық:

- теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы;
- оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру ұстанымы;
- ғылымилық ұстаным;
- көрнекілік ұстанымы;
- жүйелілік және бірізділік ұстанымы;
- саналылық пен белсенділік ұстанымы;
- ақпараттық ұстаным. Бұл дидактикалық ұстанымдарды таңдап алуға зерттеу нысанының өзіндік ерекшеліктері әсер етті. Бұл ұстанымдарды келесі кестеден көре аламыз.

1-кесте. Лирикалық шығармаларды оқытудағы ұстанымдар

Ұстанымдар	Сипаттамасы
1	2
Ғылымилық ұстаным	Бұл ұстаным бойынша қазақ поэзиясындағы әр кезеңдегі лирикалық шығармаларды сипаттауда негізгі теориялық мәселелер мен ұғымдар негізге алынуы тиіс. Яғни, оқушыларға тақырып мазмұны бойынша

	берілетін нақты білім әдебиеттегі өзекті мәселелерге, ғылыми ақпараттарға байланысты оқытылуы қажет. Сол кезде ғана оқушының білімі тек тақырып деңгейінде қалып қоймайды. Яғни, аталған тақырып бойынша оқушыларға терең мағлұмат беру арқылы олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Осы ретте оқытудың ғылыми ұстанымының маңызы өте зор. Сонымен қатар ғылыми ұстаным негізінде тақырыпты меңгертуде пәнаралық байланыстарды да қолдану жөн. Әр кезеңдегі дәстүр жалғастығын сипаттау барысында тарихи оқиғалардан мысал келтіріп, оқушыларды қызықтыра білу керек.
Жүйелілік және бірізділік ұстанымы	Бұл ұстанымның басты ережесі: оқушының білімі берік болу үшін оның санасында қоршаған дүние жақсы бейнеленуі қажет. Ол үшін білім жүйелі, бірізді және оқушылардың танымдық мүмкіндіктеріне қарай беріледі. Мұнда түрлі жаттығулар мен тапсырмалар, ақыл-ой өрісін дамыту үшін логикалық жұмыстар жүргізіледі. Сол секілді тақырыпты меңгертуде түрлі сызбалар қолданып, оқу материалдарын бөліктерге бөліп, оларды рет-ретімен түсіндіру қажет. Мәселен, тәуелсіздікке дейінгі және тәуелсіздіктен кейінгі лирикалық шығармаларды сипаттауда «Пирамида құру» тәсілін қолдануға болады. Бұл тәсіл «жеке-жұп- топ-сынып» жүйесі бойынша жүзеге асады. 1. Оқушыларға аталған кезең бойынша мәтін беріледі. Мәтінмен танысып болғаннан кейін, өзіндік пікір қалыптастырады. 2. Оқушылар жұпқа бірігіп, өздерінің ойларын, түсініктерін айтады. 3. Оқушылар төрт адамдық шағын топқа бірігеді, туындаған мәселелерді талқылайды. 4. Соңында оқушылар бүкіл аудитория болып, ортақ шешімдерді келтіреді, ең ұтымдыларын тақтаға, өздік дәптерлеріне жазады.
Саналылық пен белсенділік ұстанымы	Оқушыларға лирикалық шығармаларға қатысты мағлұмат беру барысында олардың аталған тақырыпты саналы түсінуіне әсер етеді. Аталған тақырыпты оқушылар жаттанды ойлау түрінде емес, саналы түрде, яғни өзіндік тұжырымдар мен пайымдаулар арқылы меңгеруі қажет. Демек, пән оқытушысы да берілген материалдарды дәл, анық түсіндіріп, оқушыларға өздерінің ой қорытындылауына, тақырыпты өз бетімен меңгеруіне жағдай жасауы керек. Себебі, өз бетімен меңгерілген білім санаға жақсы сінеді.
Көрнекілік ұстанымы	Оқу үдерісінде ертеден қолданылып келе жатқан негізгі ұстанымдардың бірі. Қазіргі кезде оқытушы түрлі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануына болады. Көрнекілікті қолдану арқылы

	оқытушы студенттің пәнге деген қызығушылығын арттырады. В.Ф.Шаталовтың тірек сигналдары секілді көрнекілік түрі ретінде технологиялық картаны да пайдалануға болады. Сабақ барысында кейбір көрнекілік түрлерін оқушылардың өзіне де жасатуға болады.
Оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру ұстанымы	сабақ үдерісіндегі ең маңызды ұстанымдардың бірі. Себебі, әр оқушының ойлау қабілеті, ақыл-ой мүмкіндігі бірдей емес. Сондықтан білікті ұстаз ретінде әр оқытушы әрдайым сабағында оқушыларының жеке қабілеттерін үнемі ескеріп отыруы қажет.

Оқытушы сабақ барысында үнемі теория мен практиканы байланыстырып отыруы қажет. Себебі, теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы классикалық философияның өмір, тәжірибе таным көзімен үйлестіруіне негізделген. Жалпы теорияны практикамен ұштастыру оқушыларға дұрыс бағыт-бағдар береді, оларды белсенді іс-әрекетке әзірлейді. Ол арқылы жеке тұлға қалыптасады. Оқытудың өмірмен, теорияның тәжірибемен байланысының жақсы болуы білім мазмұнына, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға әсер етеді. Әр тақырыпқа оқушының назарын аударту оларға берілетін білімді саналы игеруіне көмектесумен қатар, танымдық қабілеттерін де дамытады. Ол үшін оқушыларға өздік жұмысы ретінде мынадай тапсырмалар беруге болады: қазақ поэзиясындағы әр кезеңдегі лирикалық шығармалардағы элементтерге қатысты диаграмма құрастырыңыз, болмаса салыстырмалы кесте дайындаңыз. Мұндай тапсырмалар оқушылардың алған теориялық білімдерін іс жүзінде ұштастыруға көмегін тигізеді.

Қ.Мырзағалиевтің еңбегінде сипатталғандай, «мұғалімнің оқыту тәжірибесіндегі ой жібере оқу, эвристикалық әңгіме жүргізу, зерттеу және репродуктивті әдістер мен оның әртүрлі амалдарын қолданудың бәрі де көркем шығарманы, әдеби-теориялық ұғымдарды жете меңгертуді көздейді» [28, б.4].

Көркем шығарманы талдау барысында оқушылар тек оның мазмұнымен ғана танысып қоймайды, сонымен бірге теориялық алған білімін тәжірибе жүзінде талдай алады. Ол туралы жыраулар поэзиясының табиғатын талдап, зерттеген әдіскер-ғалым Б.Д.Жұмақаева былай дейді: «Жоғары оқу орындарында да, мектепте де әдебиеттен көркем шығарманы талдау – аса маңызды үдеріс болып саналады. Көркем шығарманың көркем әлемін тану оны оқудан басталады. Көркем дүниенің көркем бейнесін көзбен көріп, ой түйсігінен өткізу, адам миының терең «айнасында» оның бейнесін жасау маңызды үдеріс екендігінде дау жоқ» [29, б.3]. Сол себепті оқушылар көркем шығарманы тек оқып қана қоймай, сонымен бірге алған теориялық білімдері мен біліктерін практикада жетілдіріп, көркем шығарманы жан- жақты талдай білуі қажет. Мұндай талдаулар барысында сабақта салыстырмалы кестелерді пайдалану өте тиімді.

Көрнекті әдіскер-ғалым Т.Ақшولاқов: «Оқыту – екі жақты үдеріс. Оның бір басқышында мұғалім, екінші жақ басқышында оқушы тұрады», – дейді [30,

6.25]. Сондықтан оқытушының білімі мен білігі, сол білімді түсіндірудегі шеберлігі, әдіс ұтымдылығы, әр оқушының қабілеті мен дарынын шыңдауы оны түпкілікті нәтижеге әкеледі. Сондықтан оқытушы оның ақыл-ой қабілетін одан әрі қалай дамытып, дүниетанымын тереңдетуге бағытталған тапсырмаларды жиі беруі қажет. Ол үшін интербелсенді әдістерді қолдану өте тиімді. Мәселен, «Ойлан. Жұптас. Пікірлес», «Болжау», т.б. секілді жаңа стратегияларды қолдану сабақтың сапасын арттырады.

Негізінен оқыту ұстанымдарын жүйелі, кешенді түрде қолдану өте пайдалы. Себебі, барлық ұстанымдардың талаптары бір мезетте орындалады және де бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл ұстанымдар сабақ үдерісін оңтайлы ұйымдастыруға бағыт-бағдар береді және де оқытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізу жолдарын көрсетеді.

2 ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ КӨРКЕМ ОБРАЗДЫ ТАНЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында лирикалық шығармалардың қамтылуы

Мектептегі лирикалық шығармаларды оқыту, ең алдымен, бағдарламаға енгізілген нақты өлеңмен жұмыс жасаудан тұрады. Әрине, кіші сыныптан жоғарғы сыныпқа дейін бұндай жұмыс мазмұндық және талдау әдістерінде күрделене түседі. Сонымен қатар, мектепте жеке өлеңді оқу оны жазған ақынмен кездесудің қадамы екенін, ал «жақсы және әртүрлі» ақындармен танысу оқушыларды поэзияны біртіндеп өнер түрі ретінде түсінуге әкелуі керектігін есте ұстаған жөн.

Лирикалық шығармаға поэтикалық тіл қызмет етеді. Поэтикалық тіл ақынның жан тебіренісін, биік сезімін жарыққа шығарады. Образды ой мен поэтикалық тілдің тереңіне үңіліп, лирикалық қаһарман арқылы жарыққа шығатын авторлық толғанысты, дүниетанымды, ақындық мақсат, мүддені, сезім-күйді тану, оқушыларға ғана емес, ересектер үшін де біршама күрделі. Авторды жете түсіну үшін дүниетанымдық, тілдік әлеуеттің де жоғары болуы қажет. Ал, оқушыларда бұл үдеріс әлі қалыптасу үстінде. [31, б.8].

Өлеңнің графикалық формасы көркем шығарманың бейтарап қалпы сияқтанғанымен, мәтінді визуалды қабылдауда белгілі бір дәрежеде алғашқы әсерді қалыптастырады. Сондықтан көркем шығарманы талдаудағы көрнекі құралдың бірі көркем мәтіннің өзі болуы заңды.

Өлеңнің дискурстық формасы оқушының көркем шығарманы көркем қабылдауын ұйымдастыру міндетіне қызмет етеді. Көркем қабылдауды ұйымдастыруда өлеңді мәнерлеп оқуға басымдық беруіміз керек. Өткені мәнерлеп оқу - көркем мәтінді аудиалды қабылдаудың тетігі. Автордың ой-пайымдауымен көркем шығарманы сөйлету – күрделі әрекеттің бірі. Көркем мәтіннің болмысына терең бойлап, жете меңгермейінше оны сөйлету қиын. Өлеңдегі әр сөз, бунақ белгілі ой ағымын ұсынады. Оны дәл сол мәнінде тиісті ырғағымен оқу үлкен шеберлікті талап етеді.

Т.Ф.Курдюшева орта мектеп іс-тәжірибесіндегі көркем шығармаларды қабылдаудың тиімділік әсерін 4 кезеңге бөліп қарастырады:

- 1 кезең – қабылдауға дайындық;
- 2 кезең – мәтінді оқытудан кейін қалыптасатын қабылдау;
- 3 кезең – талдау кезіндегі тереңірек қабылдау;
- 4 кезеңі – қабылдаудағы жинақтау, қортынды [32, б.165].

Мәтіннің мағыналық фонының құрылымы – көркем мәтіннің пішінінен мазмұнына қадам жасауды нұсқайтын нысан. Егер әр сөзді таңба деп қарастыратын болсақ, әр таңба бір ойдың бейнесін білдіреді. Поэтикалық өлең мәтіні тарихи-мәдени, рухани болмыстың, автордың шығармашылық әлемінің

құрылымы мен жүйесін танытатын көптеген таңбалардың құрылымы болып есептеледі.

Өлеңнің тілдік формасын (поэтикалық мәтіндегі тіл бірліктері өрнегінің жиынтық жоспарын) зерделеу жекелеген тіл бірліктерінің жүйесін, өлеңнің композициялық құрылымын тануға жол ашады. Өлеңдегі тіл бірліктерінің семантикалық мәнін айқындағаннан кейін олардың өлеңдегі құрылымы мен жүйесін аңғаруға болады.

Лирикалық шығармалардың әрқайсысы – жеке құрылымдық жүйе. Оларды оқытуда қолданылатын әдістерді жинақтап айту күрделі мәселе. Дегенмен лирикалық шығармаларды талдауда, оқытуда төмендегідей жүйеленген жұмыс түрін ұсынамыз:

1. шығарманың басты және қосалқы тақырыптарын табу;
2. шығармадағы күрделі сөздер мен күрделі ұғымдарды анықтау, сөздік жұмысын жүргізу;
3. өлеңнің құрылысын талдау;
4. өлеңдегі көркем сөз айшықтарын (троп, фигураның түрлері) табу, мәтіндегі қызметін айқындау;
5. шығарманың композициялық құрылымын анықтау, жоспар құру;
6. синтаксистік құрылым жүйесіндегі ой ағынын тірек ұғымдар арқылы айқындау;
7. шығарма идеясын тану;
8. авторлық ұстанымды аңғарту.

Я.А.Коменский оқу үдерісіндегі оқушыға білім мен тәрбие беру жұмысын төмендегідей төрт кезеңге бөледі:

1. сыртқы сезімді тәрбиелейтін жаттығулар. Бұл мақсаттағы жаттығулар арқылы бала өзін қоршаған ортаны, өмірді танып, олармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйренеді.

2. ішкі сезімді ой-қиял арқылы елестету мен есту, қол мен тілді тәрбиелейтін жаттығулар.

3. барлық заттық нәрселерді, құбылыстарды сезіну, осы сезіну арқылы жиналған материалдар негізінде ой-пікір мен түйсікті дамыту.

4. ерікке қатысты ұстамдылық, еңбекқорлық, қабілетті дамытуға бағытталған жұмыстар. Осы бағыттағы жаттығулардың барлығын да лирикалық шығармаларды оқытқанда қолдану маңызды [33, б.87].

Лирикалық шығарманы оқыту барысында оқытудың өмірмен байланыстылығы принципі маңызды орын алады. Өткізілетін сабақтың толық ұғынылуы мен есте сақталуы үшін сабақтың мазмұны, теориялық және практикалық маңызы туралы алдын-ала мәлімет беру педагогика ғылымында бұрыннан бар. Мұны оқушылардың бастағалы отырған тақырыптың ғылыми негізі мен оның өмірмен байланысына қажеттілік сезімін оятып, назарын еріксіз аударып, қызықтыруды сабақтың кіріспе бөлімі деп те атайды. Лирикалық шығарманы оқытуда дидактиканың жүйелілік пен бірізділік принциптері сабақ құндылығының екінші бір қырын, жаңа тақырыпты түсіндіру барысында бұрын оқығандары мен игергендеріне сүйенуді қамтамасыз етудің тәртібін анықтайды.

Сонымен қазақ лирикасының табиғатын ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстарының басталғанына да бірнеше ғасырлар өтті. Қазақ лирикасының зерттелу тарихы өте күрделі үдерістерден тұрады. Қазақ өлеңінің өрімі мен өзегіне көз жүгірту нышандары заманымыздың XVIII-XIX ғасырларында бастау алса, ғылыми-әдеби тұрғыдан нақты зерттелуі XX ғасырдың басынан басталады. Мектептегі оқу бағдарламасында берілген лирикалық шығармаларға тоқталып кетейік. 2-кестеде жаңартылған оқу бағдарламасындағы лирикалық шығармалардың қамтылуын көрсеттік.

2-кесте. Жаңартылған оқу бағдарламасында лирикалық шығармалардың қамтылуы

Сынып атауы	Авторы	Баспасы	Шыққан жылы	Берілген лирикалық шығармалар
1	2	3	4	5
5-сынып	Б.Керімбекова, Ә.Қуанышбаева	«Мектеп»	2017ж.	Д.Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» толғауы А.Байтұрсынұлы «Адамдық диханшысы» өлеңі
6-сынып	Б.Керімбекова, Ж.Мұқанова	«Мектеп»	2018ж.	«Алып ер Тұңғаны жоктау» Әл-Фараби «Қашықтасың, туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдері Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын Ақжайық» толғаулары А.Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері Ерлан Жүніс «Менің атым - Тәуелсіздік» өлеңі Р.Ғамзатов «Ана тілі» өлеңі

7-сынып	Б.Керімбекова, Ә.Қуанышбаева	«Мектеп»	2017ж.	«Қыз Жібек» жыры Жиембет жырау «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауы Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» Ш.Қанайұлы «Зар заман» толғауы Ж.Жабаев «Зілді бұйрық» өлеңі М.Шаханов «Нарынқұм зауалы» поэмасы Т.Медетбек «Тәуелсізбін» өлеңі
8-сынып	С.Дәрібаев, Г.Орда, А.Сатылова	«Мектеп»	2018ж	Ақтамберді жырау «Күлдір- күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет» толғаулары Шалкиіз жырау «Би Темірге айтқан бірінші толғау» М.Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа» толғаулары Ш.Құдайбердіұлы «Жастарға» өлеңі
9-сынып	Б.Керімбекова, Ж.Мұқандова	«Мектеп»	2019ж.	Майқы би «Тұлпардан тұлпар туады» толғауы «Мөңке бидің болашақты болжауы» Бұқар жырау «Тілек», «Ай, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені» толғаулары «Біржан – Сара» айтысы М.Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Мен, мен едім, мен едім», «Бағаналы терек жарылса» толғаулары Т.Айбергенов «Сағыныш» өлеңі Ф.Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем» өлеңі Н.Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы

2-кестеден көріп отырғанымыздай, жаңартылған білім мазмұнында оқу бағдарламасында лирикалық шығармалар айтарлықтай қысқартылған. Дәстүрлі білім беру жүйесінде лирикалық шығармалар барлық сыныптардағы әдеби шығармалардың төрттен бір бөлігін құрайтын, яғни бастауыш сыныптардан бастан жоғарғы сыныптарға дейін әдебиет пәнінде лирикалық шығармалар кеңінен оқытылды. 5-9 сынып аралығында дәстүрлі білім беру жүйесінде әдебиетте 140-тан астам лирикалық шығармалар оқытылған болса, жаңартылған білім мазмұнында оқытылатын лирикалық шығармалар, шамамен, 40-тан сәл ғана асады. Бұл дегеніміз білім беру мазмұнында лирикалық шығармалардың 30%-ға азайғандығын білдіреді. Бұрын дәстүрлі білім беру жүйесінде 5-сынып оқушыларына Мағжан Жұмабаевтың «Балалық шақ», «Қысқы жолда», «Сағындым» өлеңдері берілген болса, жаңартылған оқу бағдарламасында ақынның өлеңдерін, тіпті, алып тастаған. Лирикалық шығармалардан тек Д.Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас» толғауы мен А.Байтұрсынұлының «Адамдық диханшысы» өлеңі ғана берілген. Дәстүрлі жүйедегі 5-9-сыныптардағы әдебиет пәнінде оқытылған классик, лирик ақындарымыздың кейбірі жаңартылған оқу бағдарламасына енбей де қалған.

Біз 2-кестеде берілген шығармаларды лирикаға жатқызғанымызбен, ғалымдар арасында бұл жөнінде үлкен дау туындап тұр. Лирикалық шығармаға бір ғалымдар толғауды жатқызса, екіншілері оны эпикалық шығармаға жатқызады. 6-сыныпта берілген лирикалық шығармаларды ғалымдардың пікірі бойынша төмендегідей топтастырдық.

3-кесте. 6-сыныпта берілген лирикалық шығармаларды салыстырмалы топтастыру

Лирикалық шығармалар	Лирикалық та, эпикалық та шығармалар	Эпикалық шығармалар
А.Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері; С.Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері; Ерлан Жүніс «Менің атым тәуелсіздік» өлеңі.	Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын Ақжайық» толғаулары.	«Алып ер Тұңғаны жоқтау».

3-кестеден байқағанымыздай, толғау мен жоқтау өлеңдер ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас тудырып келеді. Дегенмен, зерттеу жұмысымызда оларды лирикалық шығарма ретінде қарастырдық.

Себебі, Ә.Дербісалин толғауға мынадай анықтама береді: «Толғау – шығармашылық тұлғаның ішкі ой толқынын, көңіл толқынын, толғанысын,

тебіренісін білдіреді». Сонымен қоса, толғау жанрының ерекшелігін кең қамтып айтқан ғалымның бірі – З.Ахметов: «Толғау...шындап келгенде, ән емес, бірақ, әуенмен айтуға лайықталып шығарылған халықтық лириканың бір түрі», - дейді.

С.Мұқанов толғауды тақырыбына қарай топтастырады:

1. нақыл толғаулар;
2. ереуіл толғауы;
3. тіршілік толғауы.

А.Байтұрсынов толғауға мынадай анықтама береді: «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқары ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқыту үшін толғайды. Екінші ішкергі ғаламында болған халдарды тысқары шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілдің күйіне түсіріп, халын түсіндіру мақсатпен толғайды. Толғау, қысқасын айтқанда, аш қазандай қайнаған уақыттағы жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі...» дей келе, А.Байтұрсынов толғауды бірнеше топқа жіктейді:

1. саф толғау;
2. марқайыс толғау;
3. налыс толғау;
4. намыс толғау;
5. сұқтаныс толғау;
6. ойламалау;
7. сөгіс толғау [34,23].

Бұл талдауда толғау мен лирикалық шығарманың сипаттарында ұқсастық байқалады. Алайда, толғаудың әрі қарай топталып, жіктелмей, жалпылама күйінде ұсынылуы қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Біз төменде көрсетілген толғаулар осы ғылыми пікірлерге сүйене отырып топтастырылды.

Оқу бағдарламасында С.Тұрсынғалиева құрастырған жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушыларына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында берілген лирикалық шығармалар:

- 1) Жыраулар поэзиясы:
 - а) Жиёмбет жыраудың «Еңсегей бойлы Ер Есім» – арнау жыры;
 - ә) Қазтуған жыраудың «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» - толғау.
- 2) Темірхан Медетбек «Тәуелсізбін» өлеңі;

С.Тұрсынғалиеваның авторлығымен жарық көрген жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған «Қазақ әдебиетінде» берілген лирикалық шығармалар:

- 1) Жыраулар поэзиясы:
 - а) Шалкиіз жыраудың «Би Темірге айтқан бірінші толғауы» - арнау жыры;
 - ә) Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп» - толғау дастан, ереуіл толғауы, «Балаларыма өсиет» - нақыл толғауы;

2) Шәкәрім Құдайбердіұлы «Жастарға» өлеңі;

Жалпы білім беретін мектепте Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастарға» өлеңі бұрын 10-сыныпта оқытылса, кейін 8-сынып оқушыларына оқытылатын болды. Ә.Шапауова Шәкәрім өлеңін мектепте оқытқанда Абаймен үндестіре оқыту керек дейді.

«Шәкәрім – қазақ әдебиетінде Абайдан кейінгі ірі тұлғаның бірі. Деректермен танысқан тұста оқушылардың назарын көбінесе оның тікелей Абай ағасының тәрбиесінде болғанына, ұлы ақынды жастайынан өзіне ұстаз тұтқанына аударып отырған жөн. Өйткені бұдан кейін ақын өлендері мен поэмаларын талдау үстінде де Абай поэзиясыныңықпалы аса күшті сезіледі. Бұл үндестікті бұзбай әрқашан берік ұстауымыз керек», – деп атап өтеді.

С.Қасқабасовтың жалпы білім беретін мектептегі 9-сынып оқушыларына арналған оқу бағдарламасы бойынша «Қазақ әдебиеті» пәнінде берілген лирикалық шығармалар:

1) Майқы бидің «Тұлпардан тұлпар туады» толғауы;

2) Бұқар жыраудың «Тілек», «Ай, Абылай, сен он бір жасында», «Асқар таудың өлгені» толғаулары;

4) Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Мен, мен едім, мен едім», «Бағаналы терек» толғаулары;

6) Төлеген Айбергенов «Сағыныш» өлеңі;

7) Фариза Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем» өлеңі;

Саралау нәтижесі оқу бағдарлама бойынша берілген лирикалық шығармалардың жеткіліксіз екеніне тағы да айқын дәлел бола алады.

2.2 Лирикалық шығармалардағы көркем образдарды оқыту әдістері

Поэзия лирикалық шығармалар санатына жатады. Ал лирика – әдебиеттану ғылымының маңызды жанры. Кез-келген лирикалық шығарманың негізі – көркем образ.

Әдебиеттегі көркем образ – туынды авторы шығармашылықпен қайта жасалған кез-келген құбылыс. Бұл кез-келген үдерісті терең түсіну негізінде алынған нәтиже. Көркем образдың қасиеттері көп қырлы. Ол шындықты көрсетіп қана қоймай, оны жалпылайды.

Көркем образ – өнердің эстетикалық табиғатынан туындайтын әдебиеттану бағыттарындағы негізгі ұғымдардың бірі. Сондай-ақ бұл ұғымды анықтау мен қолдануда көптеген түсініксіздік пен пікірталастар бар. Бірақ алдымен образ теориясында жалпы қабылданған деп қарастыруға болатын ережелерді еске түсірейік.

Бұл теория ежелгі дәуірден бастау алады. Алайда қазіргі заманға жақын ұғымның егжей-тегжейлі негіздемесі неміс классикалық эстетикасында, әсіресе, Гегель еңбегінде берілді. Оның пікірінше, көркем образ – құбылысты барлық кездейсоқ, күңгірт мәннен «тазартудың», оның «идеализациясының» нәтижесі. Мысалы, барлық аналар өз баласына деген «қасиетті әрі кішіпейіл махаббатты»

сезінеді, дегенмен кез-келген әйелдің образы сезімнің осындай тереңдігін толық көрсете алмайды [35, б.162].

Л.В.Чернец пен В.А.Скиба көркем образды автордың қандай да бір құбылысты, үдерісті өнердің белгілі бір түріне тән, тұтас немесе оның жеке фрагменттері, бөліктері ретінде жұмыс түрінде объективтелген түсіну нәтижесін сипаттайтын эстетика категориясы деп түсінеді. Көркем образдың жалпы қасиеттеріне жалпылау (оны анықтау үшін сипаттамалық, типтік, типтеу сияқты терминдер қолданылады), экспрессивтілік (яғни, автордың тақырыпқа идеялық-эмоционалды қатынасы бейнесінің құрылымындағы өрнек) және полисемияны сенімді түрде жатқызады [36, б.22].

Көркем образ – шындық пен өнер арасындағы байланысты көрсетуге қызмет ететін және өнердің ерекшелігін тұтастай көрсететін өнер мен өнертану ғылымының маңызды терминдерінің бірі. А.И.Николаев образ – өнердің жүрегі, ал өнердің өзі – көркем образдармен ойлау тәсілі деген тұжырымға келеді [37, б.34].

Көркем образ, әдетте, өнердегі шындықты бейнелеудің нысаны немесе құралы ретінде анықталады. Оның ерекшелігі – абстрактілі идеяны нақты сезім түрінде білдіруі. И.В.Арнольд көркем образ – шындықты бейнелеудің ерекше формасы; көркем образдың ерекшелігі – адамға әлем туралы жаңа білім беру, – деген анықтама берді [38, 113].

Әдебиеттанушы Л.И.Тимофеевтің айтуынша, көркем образ – бұл адам өмірінің нақты және жалпыланған бейнесі. Бұл қиялдың көмегімен жасалған маңызды эстетикалық категория. Лирикалық шығарманы толық түсініп оқыту үшін шығармадағы көркем образдың түрлерін, ерекшеліктерін, атап айтқанда, лирикалық бейнені анықтау қажет. Бұл жерде лирикалық бейне деп лирикалық кейіпкерді айтып отырмыз.

«Лирикалық кейіпкер» ұғымы қазіргі қазақ әдебиеттануы мен сынында бұрыннан келе жатқан атаудай етене сіңіп кеткендіктен, бұл терминнің қолданылатын аясы қандай, оның қандай тарихы бар екендігі ескеріле бермейді. Сондықтан жоғарыда келтірілген мәліметтерге қоса, лирикалық шығармаларды талдауда, жалпы поэзиядағы даму үдерісі мен әрқилы көркемдік құбылыстарды зерттеуде аталған теориялық түсініктің қалыптасу, даму жолы, қазіргі қалпы мен оның кешегі-бүгінгі қазақ поэзиясына қатысы туралы азды-көпті зерделеп, жұмыс жасамақпыз.

Лирикалық кейіпкер терминін алғаш рет Ю.Н.Тынянов «Блок» (1921) мақаласында қолданды. Ол шынайы өмірдегі Блоктың өмірбаяны мен жеке тұлғасының өзінің өлеңдерінде жасалған адамның бейнесімен сәйкес келмейтіндігін анықтады. Ю.Н.Тынянов орыстың ұлы ақыны А.Блок қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай жазылған аталмыш мақаласында ақынның барлық поэзиясын тұтас көрініс ретінде, бірегей құбылыс ретінде кейіптеп тұрған нақты адам бейнесі бар екеніне тоқталады. Сөйтіп, әдебиеттану ғылымына теориялық жағынан өте құнды лирикалық кейіпкер категориясын енгізді. Содан бері әдебиетші ғалымдар арасында бұл ұғым туралы пікірталастар ауық-ауық көтеріліп, жаппай қолданыстағы әрі үйреншікті терминге айналды, лирикалық

кейіпкер ұғымының ауқымын, теориялық мән-мағынасын айқындай түскен, терең зерттеген еңбектер жарық көрді.

Бұл ұғым пайда болғалы бері жарық көрген еңбектер мен зерттеулер айтылған мәселеге әртүрлі көзқарастар, бірін-бірі толықтыратын немесе, тіпті қайшы келетін пікірлер ұсынды. Сөйтіп, лирикалық кейіпкер категориясына мынадай жалпы сипаттама берді: лирикалық кейіпкер – лирикадағы ақын образы, нақты авторлық «меннің» лирикалық шығармашылықта көрініс табуы. Лирикалық кейіпкер лирик-ақынның барлық шығармаларында бола бермейді, және лирикалық кейіпкерді оның бір өлеңімен бағалау мүмкін емес, лирикалық кейіпкер туралы түсінік ақынның өлеңдер циклінен немесе оның барлық поэтикалық шығармашылығынан тұрады. Бұл автордың идеясын білдірудің ерекше формасы:

1. лирикалық кейіпкер жеткізуші тіл де, бейнелеуші құрал да болады. Ол оқырман мен бейнеленген әлем арасында айқын көрініп тұрады; біз лирикалық кейіпкерді оған жақын нәрсемен, оның не нәрсеге қарсы шыққандығына, әлем мен ондағы өзінің рөлін қалай қабылдайтынына қарап бағалай аламыз;

2. лирикалық кейіпкерге ішкі идеялық-психологиялық бірлік тән; әр түрлі өлеңдерде әлемге және өзіне деген көзқарасы тұрғысынан біртұтас адам бейнесі ашылады;

3. ішкі көріністің бірлігімен өмірбаяндық бірлікті біріктіруге болады. Бұл жағдайда әртүрлі өлеңдер белгілі бір адамның өмірінің эпизодтарында біріктірілуі мүмкін [39, б.59].

Лирикалық кейіпкер туралы өлеңде лирикалық субъект белгілі бір дәрежеде ақыннан, өлеңнің авторынан өзгеше болған кезде айту керек. Мұндай сәйкессіздік түрлері әрқилы болуы мүмкін. Кейде ақындардың өздері ақынның «Мені» мен өздері жазған адамның «Мені» арасындағы алшақтықты атап өтеді. Ақын бөтен біреудің рөліне еніп, «лирикалық маска» киеді. Кей кезде айырмашылықтар күңгірт болып, соншалықты айқын көрінбеуі мүмкін. Мысалы, автордың рухани әлемі, лирикалық шығарманың негізін құрайтын оның ішкі тәжірибесі адамдар тобының, замандастарының рухани әлемінің бір бөлігі ғана болуы ықтимал. «Лирикалық кейіпкер» ұғымы ақын мен лирикалық субъектінің арасындағы айырмашылықтарды анықтайтынын есте ұстаған жөн. Сонда ғана оны қолдану терең мағынаға ие болады.

А.А.Фет өзінің шығармаларында «Мен» ұғымын көп қолданған. Бірақ ондағы «Мен» Феттің лирикалық кейіпкері емес: ол туралы тұлға ретінде айтуға мүмкіндік беретін не сыртқы өмірбаяндылығы, не ішкі сенімділігі жоқ. Ақынның лирикалық «Мені» бұл нақты бір адамнан алшақтатылған әлемге деген көзқарасты білдіреді.

Г.О.Винокур лирикадағы «Менді» ақынның нақ өзі деп түсінетін дәстүрді сынайды. Ол сыртқы өмірбаяндық фактілерді мүлдем жоққа шығаруға болмайтынын, көркем шығармадағы субъект творчестволық тұлғаның «бөтен, әдеби болмысы» екенін, ал Д.Мотольская мен К.Соколова «жеке тұлғаның лирикалық мазмұндағы өзгеше болмысы ақынның өз өмірбаянына жаңа өмір беретінін» дәлелдеді. Ал Гегель лирикалық туындының басты «кейіпкері» оны

жасаушының өзі, ең алдымен, оның ішкі әлемі деген тұжырымды айтады. Біздің пайымдауымызда, бұл пікірлер де ақын мен лирикалық кейіпкердің ара қатынасын сараптауда үлкен маңызға ие.

Қазақ әдебиетінде Ә.Қоңыратбаевтың да ақындық «менге» қатысты өзіндік көзқарасы айқын. Теоретик ғалым кеңес әдебиетіндегі реалистік лирика – поэзияның негізгі түрі дей келіп, бұл жердегі ақын бейнесінің «мен» көрінісі романтикалық поэзиядан өзгеше деп қорытындылайды [40, б.132].

Лирикалық «мен» – ақынның өз болмысымен анықталатын құбылыс. Ол, ең алдымен, ақынның ақыл-ойы мен жан дүниесінің айнасы. Шығармашылық субъектінің дүниетанымы, эстетикалық көзқарасы мен тұжырымы лирикалық кейіпкерді бейнелеуде басты рөл ойнайды. Сонымен қоса, лирикалық кейіпкерге танылған өмірбаяндық ерекшеліктер мен нағыз өмірлік мазмұндар, басқа да субъективті жағдайлар – ақындық «менді» оның жеке тұлғасына жақындатады. З.Қабдолов ақынның осындай қырларын меңзей келе, лириканың басты кейіпкері ақынның өзі деген ойды мақұлдайды. Яғни, өлеңдегі лирикалық басты кейіпкерден, лирикалық «Меннен» автор бейнесі көрінеді. Бұл мәселенің оқу бағдарламасындағы қамтылуын қарастырайық.

Мектепте оқу бағдарламаларында «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша берілген мақсаттардың бірінің сипатына назар аударайық. «Анализ және интерпретация» тарауына енген бес тараушаның бірі – Автор бейнесі деп аталады. Автор бейнесі тараушасында 10-11-сынып оқушылары үшін төмендегідей нақты оқу мақсаттары қойылған:

1) 10-сынып оқушыларына «шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау» / «автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау» қажет;

2) 11-сынып оқушыларына «автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау» / «шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын ашу» міндетті. 5-9-сыныптардағы оқу мақсаттары болса:

3) 5-сынып оқушыларына «эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтауы» қажет, ал 6-сынып оқушылары «эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтайды»;

4) 7-сынып оқушыларының алдына «эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау» мақсаты қойылған;

5) 8-9-сынып оқушыларының алдындағы мақсат – «автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау», «автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау». Біз «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламаларында берілген он төрт мақсаттың біреуін мысал ретінде бердік.

Берілген мақсаттарды орындауда, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша, оқушы шығармадағы автордың көзқарасын түсінеді. Ал, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша оқушы а) шығарма авторларының өмірлік және шығармашылық жолы туралы негізгі деректерді біледі; ә) автордың ұстанымын

түсінеді. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда оқушылардан автор ұғымына қатысты төмендегі аталған мақсатты нәтижелер талап етіледі:

а) шығарма авторларының өмірлік және шығармашылық жолы туралы негізгі деректерді білу;

ә) автордың көзқарасын, ұстанымын түсіну.

7-9-сыныптарда оқушылар жыраулардың, сонымен қатар Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Шаханов, Темірхан Медетбек, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Фариза Оңғарсынованың, орыс әдебиетінен А.С.Пушкиннің және басқа ақындардың поэтикалық шығармаларымен кездеседі. Бұл жерде басты нысанда жалпы шығармашылық авторының контекстінен тыс қарастырылатын жеке өлеңдер бар, дегенмен автордың бейнесі, оның тұлғасы кез-келген талдауда сөзсіз болады. Бұл кезеңде оқушыларға өздерінің жасына қарай әр өлеңге тән сезімдер мен ойлардың байлығын толық қабылдауға көмектесу маңызды. Оларға поэтикалық мәтінді мәнерлеп оқып, поэтикалық сөйлеудің ерекшеліктерін түсінуді үйрету керек. Әдетте өлеңді оқу мен талдау оқушылардың мәтінді қабылдауына дайындау үшін эмоционалды күйге келтіруді талап етеді. Бұл кейбір кезде мұғалімнің ақынның бейнесі туралы немесе оның шығармашылығына байланысты өміріндегі фактілер туралы сөзі болуы; басқа кезде оқушылардың тікелей әсеріне жүгіну, олардың идеялары мен эмоционалды жадын жандандыру болуы ықтимал.

Н.В.Беляев өз кезегінде оқушылардың лирикалық шығармаларды қабылдауын әдебиетті оқыту үдерісінде тек мәтінді оңтайлы талдау жүйесімен тығыз байланысты қабылдау ретінде ұйымдастыруға болмайтынын айтады. Мұнда қабылдау үшін көркемдік-психологиялық көзқарас қажет. Көптеген мектеп бағдарламаларында шығарманы түсінуге көмектесетін белгілі бір көзқарасты қалыптастыруға дайындау керек деп толықтыра кетеді [41].

Л.В.Тодоров поэтикалық шығармаларды қабылдаудың үш негізгі типін анықтады. Оның пікірінше, бірінші типке өлең сезімі дамыған балалар кіреді. Мұндай жағдайларда өлеңдер бірінші оқығанда-ақ өздерінің эстетикалық маңыздылығында қабылданады. Мұндай оқушы өлеңді мұқият қарағаннан кейін оны мәнерлі, дұрыс екпінмен оқиды. Л.В.Тодоров осындай өлеңді қабылдау қабілеті басқа әдеби қабілеттермен үйлеспеуі мүмкін екенін баса айтады. Ол оқушылардың екінші типі ең көп таралған деп санайды. Осы типке жататын балалар өлеңді мәнерлеп оқығаннан кейін жақсы немесе нашар қабылдайды. Үшінші типке автор өлеңдерді нашар қабылдайтын оқушыларды жатқызады. Сонымен қатар, ол мұндай оқушылардың арасында әдебиетті жақсы оқитындар да болуы мүмкін екенін атап өтті [42, б.10].

Лирикалық шығарманың ортасында лирикалық кейіпкердің ішкі күйінің сипаттамасы, оның кез-келген оқиғаларға, фактілерге, табиғат құбылыстарына қатынасы орналасқан. Өлеңді толық қабылдау үшін оқушылар лирикалық кейіпкердің жай-күйіне еніп, оны не қызықтыратынын, таң қалдыратынын, қуанатынын сезінуі керек. Лирикалық шығармаларды қабылдау кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Поэзиялық мәтінді түсіну үшін бұл аса қажет.

Лириканы зерттеуге арналған барлық оқулықтарда қабылдауға дайындықты мұқият қарастыруды ұсынады. Оқушы ақын сезімінің лирикалық толқынына дайын болмауы мүмкін. Лирикалық шығарманы қабылдауға дайындық, ақынға деген қызығушылығын оятатын, оның кітаптарын оқуға және ойлануға деген сезімін тудыратын өлеңдерді, материалды тандау болуы мүмкін, сондықтан лирикалық көңіл-күй үдерісінде оқушылар үшін күтпеген мәтіндерді тандап, оларды таң қалдыруы керек. Өлеңді дұрыс қабылдау мен түсіну үшін өлеңнің тонусына, қарқынына, эмоционалды шиеленісіне ену өлеңнің тоналдылығына сәйкес келуі керек, ол ақын шығарманы жасау кезінде бастан кешкен жағдайға ұқсас жағдай туғызады. Өлеңнің оқушының сезіміне әсер етуі немесе бей-жай қалдыруы оның алғашқы қабылдауына байланысты болады.

Өлеңді бастапқы оқу әсіресе жарқын, эмоционалды болуы керек. Лирикалық өлеңді оқығанда эмоционалды әсердің күші нақты үндеуге байланысты болғандықтан, оны мұғалімнің өзі алғашқы болып оқығаны тиімді. Қабылдаудың тұтастығын бұзбау үшін бастапқы оқу кезінде ешқандай сұрақтар мен тапсырмалар бермеу керек. М.А.Рыбникова суреттер де, сілтемелер де оқушыларды поэтикалық сөзден алшақтатпауы керек деп есептейді [43, б.132]. Өлеңді оқығаннан кейін талдау алдында оқушыларға оны қайта оқуға бірер минут берген жөн. Бұл тұрғыда өлеңді бастапқы қабылдаудың эмоционалды негізі, біздің ойымызша, поэзияға «ену» деп атауға болатын әдістемелік техниканы құра алады. Бұл лирикалық шығармаларды оқыту сабақтарында фрагменттік, мұқият таңдалған, ақынның дүниетанымына байланысты белгілі бір поэтикалық тәсілдің бірегейлігін танытатын өмірбаяндық мәліметтерді келтіру кезінде көрінеді.

Келесі, өлеңді талдауға көпір болатын кезең – бастапқы қабылдауды тексеру кезеңі. Бұл жерде бірінші қойылатын сұрақ өте маңызды. Көптеген жағдайларда өлеңде көрсетілген негізгі сезім туралы сұрақтан бастау тиімді. Егер оқушылар өлеңге иллюстрация жасау керек болса, олар нені суреттейді деген сұрақ оқушылардың мәтінді қалай, қаншалықты түсінгенін көрсетеді.

Лирикалық шығарманы талдау кезеңі әдістемелік тұрғыдан ең күрделі және маңызды. Әр өлең өзінің ерекшеліктеріне байланысты өзіндік талдау логикасын қажет етеді. Ең бастысы, өлеңнің өзі сол логиканы байқатады.

Мәтінді эмоционалды-бейнелі түсіну тәсілдері:

- өлеңнің негізгі лейтмотивін анықтау, лирикалық кейіпкердің сезімдері мен тәжірибелерінің өзгеруін бақылау;
- монологты немесе лирикалық кейіпкердің диалогын тудырған жағдайды қалпына келтіру;
- автордың бастан кешкен жағдайын анықтау және осы жағдайдың себептерін анықтау, оны өзінің өмірлік тәжірибесіне көшіру.

Поэтикалық мәтінді талдау тәсілдері:

- образ-тәжірибенің дамуын бақылау: жол бойынша түсіндірілген оқу кезіндегі лирикалық баяндаудың, ойлардың, сезімдердің қозғалысы;
- өлеңдегі әлем бейнесінің негізгі бейнелі компоненттерін анықтау;

- психологиялық портретті құрастыру, лирикалық кейіпкердің жалпыланған сипаттамасы;

– таңдамалы түсініктеме оқу арқылы композицияның ерекшеліктерін, негізгі композициялық тәсілдерді (антитеза, композициялық параллелизм, қайталау, композициялық бөліктер, ассоциативті біріктіру принциптері) анықтау;

– өлеңнің белгілі бір бөлігінде қандай көркемдік әдіс қолданылатынын анықтау, оның ой, сезім дамуындағы рөлін көрсету;

– поэтикалық образды құру тәсілдерін анықтау: өлеңнің ырғақты және дыбыстық ұйымдастырылуы, стилистикалық фигуралар;

– тарихи-әдеби және тарихи-мәдени бірлестіктерді табу.

Жалпылау кезеңінде туындыны ақын шығармашылығының контекстіне және тарихи-әдеби және тарихи-мәдени контекстке енгізетін лирикалық бейнені қалпына келтіретін тәсілдер маңызды.

Көркем мәтінді қай тұрғыда талдау керектігі көбіне мұғалімнің көздеген мақсатынан туындап жатады. Тек ескеретін бір мәселе талдаудың бағыты мен бағдары шығарманың өзіндік ерекшелігінен туындайды. Ал, 6,7-сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін ескере келе, лирикалық шығарманы талдауда герменевтикалық талдаулар, арнайы сұрау тапсырмалары және проблемалық талдау, әңгімелесу әдістерінің маңыздылығы жоғары.

Лирикалық шығарманы оқытудағы негізгі принциптердің бірі – шығарманың сыни тұрғыдан түсінілуін қамтамасыз ету. Осы мақсатқа жету үшін сабақ барысында мәнерлеп оқыту әдісін пайдалану орынды. Мәнерлеп оқыту кезінде оқушылардың біріншіден шығармаға деген ынтасы артады, екіншіден, жеке қабілеттері дараланады, оқушының бойынан өз-өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға болады. Үшіншіден, оқушы лирикалық поэзияның ішкі мақсат-мазмұнын меңгереді.

Мәнерлеп оқытудан кейінгі лирикалық шығарманы оқыту барысында қолданылатын әдіс – эмпатиялық диалог. Эмпатиялық диалог оқушыны мәтін талдауға даярлау кезеңі болып есептеледі.

Эмпатиялық диалог барысында қойылатын сұрақтар үш жүйеге бөлінеді. Лирикалық шығарманың тақырыбын, жоспарын, кейіпкерлерінің, образдарының құрамын, сюжетін айқындауға арналған сұрақтар – бір жүйе. Бұларды бағдарлау сұрақтары деп атайды.

Шығарманың жалпы идеялық мағынасын, образ характерлерін, олардың өзара байланысы мен қарым-қатысын, композициялық құрылысын, тіл ерекшеліктерін айқындауға, талдауға арналған сұрақтар – екінші жүйе.

Бұлар – лирикалық шығарманы талдаудағы аса маңызды орын алатын сұрақтар. Сондықтан олар талдау сипатындағы сұрақтар деп аталады.

Ал үшінші жүйе шығарманың қоғамдық, әдебиеттік маңызын ақын, ақынның стилі мен көркемдік шеберлігінің өзгешеліктерін, жалпы шығарманы талдау жұмысын жинақтап, қорытындылауға арналған сұрақтардан құралады. Сондықтан бұлар жинақтау сұрақтары деп аталады.

Лирикалық шығарманы сыныпта өтпей тұрып-ақ, мұғалім оқушылардың алдын-ала таныса беруі үшін тапсырма бергенмен де, 6,7-сынып оқушылары өмірлік, оқырмандық тәжірибелерінің шектеулілігіне, образды ойлау қабілеттерінің әлі де қалыптасу үстінде екендігіне байланысты олар өз бетімен оқып шыққан туындыны толық түсінуіне шамасы жетпейді. Сондықтан да шығарма кейіпкерлеріне өзіндік дүниетанымы, өмірлік ұстанымдары деңгейінде қарау арқылы назар аударылады. Сол үшін бағдарламалық лирикалық шығарманы сыныпта өтпей тұрып-ақ, оқушыларға алдын-ала өз бетімен оқып келу тапсырылады.

Кіріспе сабақта мұғалім оқушылардың шығарманы қаншалықты дәрежеде түсінгендігін, қабылдау деңгейін, оқушының шығарма арасындағы жаңадан пайда болған рухани атмосфераны анықтау арқылы лириканы оқып-үйренудің әдеби-әдістемелік жоспарын жасау мақсатын көздеп, әр шығарманың өзіндік ерекшеліктеріне сай сұрақтар қойылады.

Сондай-ақ, келесі лирикалық шығарманы талдау сабақтарын қай деңгейде өткізу қажеттігін шамалайды. Әдетте мұғалім тапсыруымен көркем шығарманы алдын-ала оқып шыққан оқушыларының көркемдік қабылдауында қарабайырлық, туындыға контекстен тыс баға беруге тырысушылық, көркем дүниені үзік-үзік күйінде қабылдау сияқты олқылықтар болады.

Шығармашыл мұғалім оқушының оқырмандық қызметіндегі осы олқылықтарды түзетпей тұрып талдау сабақтарына бірден кіріспейді. Осы бағытта мұғалім жоғарыда көрсетілген сұрақтарға алынған жауаптар арқылы оқушылардың шығарманы түсіну дәрежесі күткен деңгейден төмен болса, олардың алғаш оқыған кездерінде қамтымаған, аңғармаған мәселелеріне бағытбағдар бере отырып, екінші рет терең мән бере оқып шығуына ұсыныс береді.

Мұнда оқушының қайталап оқып шығуына қай тұрғыда, қалай бағыт-бағдар беру қажеттігі жоғарыдағы сұрақтарға қайтарған оқушы жауаптарының толық емес, кемшін тұстарын таратып дұрыс арнаға салуға бағыттайды. Алайда, мұғалім сұрақтары бірыңғай шығарманың оқиға желісін қуалап кететіндей болса, онда оқушының шығармаға деген қызығушылығын төмендетіп алуы мүмкін. Сол үшін мұғалім тарапынан бұл жолы қойылатын сұрақтар жалаң оқиға қуалаушылыққа емес, керісінше шығарманың қоғамдық-әлеуметтік, философиялық астарларын, көркемдік қуат-күшін неғұрлым көбірек қамтитындай етіп орайластырғаны мақұл. Мұндайда сұрақтар оқушылардың жас ерекшеліктеріне, өмірлік, оқырмандық тәжірибесіне сай болуына ерекше көңіл аударылуы керек.

Ол үшін әр шығарманың жеке ерекшеліктеріне сай мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:

1. қоғамда болып жатқан күрделі құбылыстарды зерттеуде ақын қандай баяндау әдістерін қолданған?

2. шығармада ақынның позициясы қалай көрініс тапқан? Қаламгердің кейіпкер бейнесін ашуында өзге шығармаларға ұқсамайтын қандай өзгешеліктер байқалады?

Осы секілді сұрақтарға жауаптар іздеу арқылы оқушылар лирикалық туындыдағы бұған дейін аса мән бермеген мәселелер төңірегінде ойлануға үйренеді. Олар бұрынғысынша өлеңнің оқиғасын қуалап, жекелеген кейіпкерлер бойындағы әрқилы мінез-құлықты, т.б. құбылыстардың сыртқы кейпіне ғана назар аударудан тыйылып, шығарманың тылсымына бойлауға, қаламгер ойы мен көркемдік бөлшектердің астарына үңілу қажеттігіне көңіл бөледі.

Оқырмандық қабілетті дамытуға байланысты жаттығулардың қатарына оқушылардың ақынның адам жөніндегі қаламгерлік ұстаным тұжырымдамасына, кейіпкердің өсу жолындағы әртүрлі әрекеттерінің өзі өмір сүріп отырған қоғамға, халыққа пайдалылығы, адамгершілікке сыйымдылығы қаншалықты екендігіне мән беру, оған баға беру бағытындағы орындалатын жұмыстар енеді. Осындай жаттығуды төмендегі кестеден көре аламыз.

Кесте 4 - оқырмандық қабілетті дамытуға байланысты жаттығу

Лирикалық шығарма атауы	Ақын жөнінде ақпарат	Ақын маған не себепті ұнайды/ не себепті ұнамайды?	Ақынның өмір сүрген жылдарындағы тарихи оқиғалар

Бұл шығармадан бұрын ақынды тануға ықпал ететін жаттығу болып есептеледі. Оқушы ақын жайында білетін мағлұматтарын өзінің танымымен байланыстыра берсе және ақын өмір сүрген кезеңдегі қиыншылықтарды тани білсе, онда лирикалық шығарманың мән-мағынасын терең түсінуге бағдар алады.

Біз жоғарыда лирикалық шығармаларды талдауда жиі қолданылып жүрген образдар бойынша талдау, проблемалық талдау, герменевтикалық талдау әдістері жөнінде айтқан болатынбыз. Аталған әдістердің әрқайсысының тиімділігі, өзге де құндылықтары жөнінде көп айтылып та, жазылып та жүр.

Лирикалық шығармаларды біліктілікпен талдау еркін шығармашылық үдеріс болғандықтан, қай әдісті пайдалансақ та ол жұмыс барысында өзгеріске түспей тұрмайды. Егер әдебиет пәні мұғалімі терең шығармашылық түсінік иесі болған жағдайда көркем шығарманы талдау сабақтарын көркем сөз өнері дәрежесіне көтере, қызық та тартымды етіп өткізеді.

Ал, керісінше болған жағдайда, ең тиімді деген әдістің өзі жансыз формула күйіндегі нәрсе болып қалады. Мәселен, сөз образы бойынша талдау – мектеп тәжірибесінде ежелден пайдаланылып келе жатқан дәстүрлі әдістердің бірі.

Әдебиет сабақтарында бұл әдісті қолдану барысында кейде жеке кейіпкер образынан ұзай алмау, болмаса басты кейіпкерлерді өзге кейіпкерлермен байланыста алып қарастырамын деп, бірді айтып, бірге кетіп қалатын жағдай сияқты кемшіліктер жиі кездеседі. Сол үшін әр образдың шығармадағы орнын,

өзара қарым-қатынас дәрежесін, авторлық идеяның бағытын, көркемдік бөлшектердің қолданылу себептерін айқын танып алмаған жағдайда, қандай талдау әдістері болмасын шәкіртке пайдалы бола қоймайды.

Лирикалық шығарманы 6-сынып оқушыларының қабылдауына, олардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес оқушылардың эмоцияналды интеллектісін дамыту мақсатында мәтіннің интерпретациялық үлгісін әзірледік.

Көркем шығарманы оқытудың негізгі мақсаты – оқушыларға сөздің мәнін ұғындыру. Көркемдікті құраушы – сөздер. Сөз дұрыс қолданылмай шығарманың биік деңгейге жетуі мүмкін емес. Мектеп оқулықтарынла беріліп жүрген жалпы көркем шығармалардың сын жолдардан өтіп, іріктеліп оқырманға ұсынылғанын ескерер болсақ, ондағы әрбір сөз қолданыстарының өзіндік мәнінің болуы деп түсіндіре аламыз.

Лирикалық шығармаларда ақын сөз арқылы образ тудырады. Мұндай образдар шығарманың өн бойында кездесуі заңдылық. Мәтін талдау арқылы көркем шығарманы оқытудың негізгі мақсаты да осы, әрбір сөздердегі жасырынған образдарды айқындап көрсету арқылы шығарманың тұтас жүйесін құру, оқушылардың эмоциясына әсер ете отырып, олардың сыни ойлау қабілетін дамыту.

Осы ретте, көркемдік образдарды сөз образдары тұрғысынан ашуды біз төмендегіше тапсырмалардың ретімен қалыптастыра аламыз:

Тапсырмалар үлгісі Қазтуған жыраудың «Қазтуғанның туған жермен қоштасуы» толғауы негізінде құрылды:

Кесте 5 - 1-тапсырма: лирикалық шығармадағы тірек сөздердің мағынасын тану.

Лирикалық шығарманың тақырыбы	Лирикалық шығармадағы тірек сөздер/сөз тіркестері	Өлеңде берілуі	Мағыналық сипаты
Қазтуғанның қонысымен қоштасуы	Алаң жұрт		
	Ақала орда		
	Салп-салпыншақ		
	Салуалы		
	Ботташық		
	Боз сазан		
	Жабы		
	Қайран		
	Үш өзен		

6-кесте - 2-тапсырма: лирикалық негізгі образдардың мағынасын тану

Тапсырма	Көркем образ	Мәтіндегі сипаты

7-кесте. 3-тапсырма: Лирикалық шығармадағы шумақтардың мағынасын тану

Лирикалық шығарманың тақырыбы	Лирикалық шығармадағы шумақтардың берілуі	Мағынасын танытушы сөздер	Мағынасын танытушы сөз тіркестері	Ақын ойын берудегі қызметі/стилі	Негізгі түсіндім? Қорытынды
	Кіндігімді кескен жұрт, Кір-қонымды жуған жұрт, Қарағайдан садақ будырып, Қылшанымды сары жүн оқа толтырып, Жанға сақтау болған жұрт.				
	Ботташығы бұзаудай, Боз сазаны тоқтыдай, Балығы тайдай тулаған, Бақасы қойдай шулаған				
	Қайран менің Еділім, Мен салмадым, сен салдың, Қайырлы болсын сіздерге Менен қалған мынау Еділ жұрт!.				

Бұл тапсырмалар оқырман-шәкірттердің лирикалық шығарманы қабылдауы, мән-мазмұнының тереңіне үңілуіне мүмкіндік алады. Әдеби шығармадағы кейіпкер мінез-құлқы мен әрекетіне сын көзбен қарап адамгершілік тұрғыда баға беру арқылы шәкірт өзінің де әрбір іс-әрекетіне баға беруге үйренеді, дұрыс таңдау жасай білуге машықтанады, әрбір әрекетіне сын көзбен қарайтындай болады.

Сондықтан лирикалық шығарманы талдауға таңдалып алынған қандай әдіс болсын оқушы-оқырманды шығарманың микроқұрлымына бойлата алатындай, олардың қызығушылығын дамыта отырып, оқырман қабілетін қалыптастыратындай, өлеңді еркін игертетіндей жағдайға құрылғаны жөн.

Ал кез келген шығарманы талдауға жарай беретін, оқушылардың көркемдік қабылдауын тереңдетуге негіз бола алатын бірден-бір әмбебап әрі ортақ талдау әдісі болмайды. Өйткені, ондатуынды шығармашылық еңбек жемісі екендігін жоққа шығарамыз. Әдеби шығарма жазудың дайын рецептісі болмайтындығы секілді оны көркемдік қабылдаудың да даяр үлгісі болмайды. Мұндай жұмысты әр мұғалім өзінің шығармашылық деңгейі, әдіскерлік шеберлігіне сай өзінше жүргізіледі.

Шығармашылық түсінігі қалыптасқан мұғалім осы суреткерлік болмыстың шығармада көрініс тапқан көркемдік ерекшеліктерін, жаратылыс сипатын көре біледі. Әр ақынның шығармашылық үдеріс үстіндегі сөзбен сурет сала білуі, кейіпкерлердің әрқилы сезім күйлерін бере білу шеберлігі түрліше болады. Демек, стилі де әр түрлі болады. Мұғалімнің шығарма тілінде сөйлеуі дегеніміз де осы – жазушының не ақынның өзіне тән тіл мәнері арқылы сөйлеуі.

Ендеше, осы бағытта тапсырмаларды ұйымдастыру, жүйелеу – көркем образдарды қабылдату стратегиясымен құрылады.

8-кесте. 4-тапсырма: өлеңдегі «Жұрт» образдарын ашыңыз.

Тапсырма	Көркем образ	Мәтіндегі сипаты
1-жұрт	Елі	
2-жұрт	Жері	

9-кесте. 5-тапсырма: өлең мазмұнына байланысты уақыт пен сөздерді сәйкестендіріңіз.

Кеше	Алаң да, алаң, алаң жұрт Ақала ордам қонған жұрт
Бүгін	Жатып қалып бір тоқты Жайылып мың қой болған жер,
Ертең	Қайырлы болсын сіздерге Менен қалған мынау Еділ жұрт!..

Жоғарыда көрсетілген талдау мен тапсырмалар арқылы лирикалық шығарманы оқытуда оқушының эмоционалды интеллектісіне әсер етуге болады. Өйткені, тілдік талдаулар – оқушының танымын кеңейтеді, тілдік қолданыстар мен заман ақиқатын байланыстыра қарау арқылы – автордың ойын түсіне алады. Тілдік қолданыстардың прагматикалық қасиеттерін ашу арқылы эмоциялық реакциялары қалыптасады.

Көркемдік қабылдауды қалыптастырғаннан соң, мұғалім өзінің талдау үлгілерін ұсына алады. Біздің нұсқамыздағы ізденіске құрылған талдау төмендегідей болды:

Сонымен, көркем мәтінді түсіну – түсіндіру үдерісінің шығармашылық нәтижесі. Мәтінді түсінудегі тарихилық, топтық және жекелік туралы сөз қозғайтын болсақ, туындыны түсіну тарихи жағдайларға, рецептілік топқа және даралыққа байланысты екендігі айтылады. Даралықтың өзі өзінің тарихы, жан дамуының әр түрлі кезеңдері мен жай-күйі бар, осының барлығы шығарманың оқу сипатына әсер етеді.

Өзіндік тарихы мен трагедиясы бар, оқушылардың танымы мен эмоциясына әсер ете алатын мағыналық тұтастықпен құрылған лирикалық шығармалардың бірі – «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы».

Қазтуған жырау 15 ғасырда өмір сүрген қазақтың көрнекті жырауларының бірі. Жыраудың толғауларының мәнін терең ұғыну үшін, ол өмір сүрген заманның тыныс-тіршілігімен, заман ақиқатымен оқушыларды таныстыру маңызды. Тарихын түсінген кезде толғаудың да қабылдануы сіңімді болары анық.

«Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» толғауы – трагедияға толы жыр.

Бірқатар әдебиетшілер бұл жердегі «Алаң» сөзін – «атамекен, туған жер» деген мағынада түсіндіреді. Біздің ойымызша, Қазтуғанның «Алаң жұрт» толғауының өн бойында қарсы мәндес сөздерді қатар қолдану бар, яғни, антитезалық параллель арқылы құрылған.

Заман жайын қозғайтын толғаулардың өзіндік ерекшелігі сол, олар нақты бір тақырыптың көлемінде қалып қоймай, өмірдің, табиғаттың, адам мінез-құлқының әр алуан құбылыстарын тізбелеп баяндай, жақсылық-жамандығын саралай, әр түрлі параллельдер арқылы суреттей отырып, тыңдаушысының белгілі мөлшерде тәлім-тәрбие, тағлым алуын көздейді.

«Алаң да, алаң, алаң жұрт» және «Ақала ордам қонған жұрт» тармақтарын қатар алып қарайтын болсақ, «Алаң жұрт – үрейлі жұрт», «Ақала ордалы жұрт – Сенімді жұрт» деген мағынаны білдіріп тұр. Өйткені, «Алаң» сөзінің мағынасы – «үрей, қорқыныш, уайым» сөздерімен синонимдес. Бұл толғау тікелей ауыз әдебиеті үлгілерінің негізінде туғандығын тағы бір айшықтайды.

Сонымен қатар, «Ақала» сөзіндегі «ақ» қазақ халқы ұғымында ең қалаулы түс, қасиетті ұғым. «Ақ ана», «Ақ сүт», «Ақ бөпе», «Ақ бесік», «Ақ Еділ», «Ақ Жайық», т.б. Міне, халық ең сүйікті, нағыз қадірлі ұғымдарына ғана «ақ» айқындауын қосып айтады. Жаны, ары таза адамды «ақ адам» атайды. Қазақ халқы дүние тұтқасы, барлық тіршіліктің бесігі, адамзат өмірін өрбітуші ананы «ақ ана» дейді, оның махаббат-мейірімімен, іңкәрлік сезімімен қайнар бұлақтай құйылған тіршілік нәрін – «ақ сүт» атайды, мал шаруашылығын күнкөріс тірегі еткен халық аналық малдың ақ сүтінен пайда болған сұйық тағамдарды қастерлеп «ақ» атайды. Міне, «ақ» айқындауының арғы тегі сайып келгенде пәк – таза деген ұғыммен байланысты. Сүйтіп, халықтың «ақ» сөзін қасиетті, құштар, қадірлі ұғымдарға байланысты айтады.

Автордың сөздерді қолданудағы авторлық ерекшелігі осы стильді ары қарай жалғайды. Мысалы,

«Атамыз біздің бұ Сүйініш

Күйеу болып барған жұрт», – дейді.

Автор «Күйеу болып барған жұрт» деп бір тармаққа екі мағынаны астарлай сыйғызып тұр. Біріншісі, елінің пандығы, кендігі болса, екіншісі «күйеу» болып бару – күйеу бала деген ұғыммен алмастыра қарауға келеді. Қазақта күйеу бала қайын жұрт алдында қашанда кіші. Ендігі:

«Анамыз біздің Бозтуған

Келіншек болып түскен жұрт», – деген жолдардан да антитезалық параллельді аңғаруға болады. Көркем сөз өнеріндегі әрбір тілдік бірліктердің қолданылуының өзіндік мәні, сыры бар екендігін ескерер болсақ, ақынның әрбір тармағындағы терең философияны аңғаруға болады.

Қазақта «күйеу бала», «келін» ұғымдарының астарында кішілік, кішіліктің астарында сыйластық бар. Сонда Қазтуғанның осы жолдарында философия – әкесі мен анасы мекендеген жерге құрмет қана емес, кішіпейіл, қонақжай, сыйластықты жоғары қойған жұртты қимау. Сонда, Қазтуғанның әрбір жолындағы тілдік қолданыстарының прагматикасында өз жұртының қадір-қасиеті, сипаты жатқандығы байқалады. Сол себепті де, интерпретациялық талдау оқушының эмоциясына толық әсер ете алады. Оқушы әр сөздің этимологиясын, бүгінгі мағынасын түсінген кезде, сол заманның ақиқатын таныған жағдайда шығарманы қабылдауы жоғарылай түседі.

Осы тіркесімділік ары қарай,

«Қарғадай мынау Қазтуған

Батыр болып туған жұрт,

Кіндігімді кескен жұрт,

Кір-қоңымды жуған жұрт», – жолдарындағы «қарғадай Қазтуған» мен «батыр Қазтуған» теңеулерінен бастап, «кір-қоңын жуу» мен «кіндік кесу» ұғымдарындағы мағыналық өсуді байқауға болады.

«Қарағайдан садақ будырып,

Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,

Жанға сақтау болған жұрт», – дейді жырау. Осы жердегі тілдік қолданыстардың мағынасын толғырақ ашу керек деп есептейміз. Қарағайдан садақ будырту – тәрбиелеу, үйрету, баулу мағыналарына көбірек сәйкес келеді. Қарағайдың ағашы мықтылығымен және қаттылығымен ерекшеленеді. Яғни, Қазтуған қадір тұтқан жұрт – Қазтуғанды тәрбиеледі, батыр қылды. Ал, бұл жердегі қылшан – садақ салар қорамсаптың бір түрі. Қылшанын толтырған тағы да жұрт болып тұр. Сонымен, жыраудың ойынша «тәрбиесін берген де осы жұрт, жанымды сақтаймын деп қамқорлығын танытқан да осы жұрт» деген тұжырымға келеміз.

«Салп-салпыншақ анау үш өзен,

Салуалы менім ордам қонған жер», – жолдарындағы «салп-салпыншақ» эпитеті – Еділ, Жайық, Жем өзендері, үлкен арнаның тарам-тарамы, сала, бұтағы деген ұғымды білдіреді.

Қ.Өмірәлиев ноғайлы циклі нұсқаларындағы мұндай элементтерді ноғай ордасынан қазақтарға келіп қосылған ру-тайпалар арқылы келген, оларды сол ру-тайпалардың ұрпақтары – Кіші жүз қазақтары көп өзгертпеген деп түйеді [44, б.98]. Зерттеуші бұл сөздерді көне емес, түбі бір туыстас өзге түркі тілдік дегенге меңзейді. Сонымен, Қазтуған қолдануған «салп-салпыншақ» – «салуалы» мағынасына дейін өседі. «Салуалы» сөзі кең, үлкен деген мағынаны береді.

*«Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалып бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер,
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,*

Жары менен сайы тең», – жолдарында қазақ ауыз әдебиетінің сарыны кең көрініс тапқан. Аллитерациялық құралдарды қолдана отырып, төкпелету – толғаулардың негізгі ерекшелігі. Қазтуған тағы да екі мағынаны қатар алу арқылы бірқатар ойды бір жолға сыйғызып отырған. Мысалы, «жас тайлақ-жардай атан», «бір қой-мың қой», «жарлы –бай», «жабы – тай», «жар (күз) – сай» ұғымдарынан, біріншіден, толғаудағы поэтикалық ерекшелікті байқауға болады.

Жабы – байырғы қазақ жылқысының бір түрі. Денесі ірі, басы дөрекілеу, мойны қысқа, омыраулы, кеудесі кең, жоны жалпақ сауырлы, құйрық-жалы қалың әрі ұзын, денесі тығыз, етті болады. Салт мінуге де, жегуге де ыңғайлы. Жабы мен тай тең болуы – жердің құнарлылығынан, өрістің кеңдігінен деп түйіндейміз.

Екіншіден, мағынаның өсуін көре аламыз. Жерінің кеңдігі, дархандығы, сонымен қатар құнарлылығы осы жолдардан анық көрінген. Ақын елімен қоштасып бара жатқандағы қимастығын төмендегі сөздерінен байқауға болады:

*«Ботташығы бұзаудай
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас».*

Мұнда автор қолданған «бұзаудай ботташық», «тоқтыдай боз сазан» теңеулерге мән беріп қарайтын болсақ, мағынаның тереңдігін байқаймыз. Мұнда жай ғана теңеу емес, символикалық теңеулер бар. Өйткені, ботташық – Бозан өзені бойында өсетін тамырлы жеміс. Қазтуғанның туып-өскен қонысы – Еділден бөліне шығып, онымен жарыса ағатын Ахтуба, Бодан (Бозан) өзендерінің бойы, қазіргі Красный Яр қаласы тұрған маңай. «Боз сазан» деп

қолдануының себебі де – туған жердің, салпыншақ өзеннің сазаны деген мағынаны білдірсе керек.

Түркі тілдес халықтарға ортақ көне мұралардың көркемдік ерекшеліктерін зерттеуші И.В.Стеблева ақ, сұр, боз сияқты айқындаулар Күл-Тегінге арналған ескерткіш, «Қорқыт ата», «Манас» сияқты мұраларда кездесетінін айта келіп, бұлар көне түріктердің наным-сеніміндегі жақсылық нышандары екенін айтады [45, б.30].

Ары қарай, Қазтуғанның шабытының шырқауын көруге болады. Оқырман қабылдауына ерекше әсер қалдыратын да осы тұстар. Бақа-шаян, шырмауықты оқырман әр түрлі қабылдайды. Көп жағдайда, жағымсыз ұғымда қолданыс табатын «бақа-шаян», «шырмауық» Қазтуғанда ерекше мәнге ие. Шырмауықтың қалыңдығын, бақа-шаянның көптгін ақын сүйсіне жырлайды. Атамекеннің қадір-қасиетін осы жолдардан-ақ аңғартуға тырысқандай. Еліне деген сүйіспеншілігін білдіре келе, ақын:

*«Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге*

Менен қалған мынау Еділ жұрт!..» – деп қимастығын білдіреді. Соңғы тармақтардағы қимастықпен бірге ақынның өкінішін аңғару қиын емес. «Мен салмадым, сен салдың» жолында автор айтқысы келген ой бірден көрінбесі анық. Бұл жолдардан заман ақиқатын, Қазтуғанның елінен қоныс аударуға мәжбүр болып тұрғандығын көруге болады. «Қайран» сөзі түсінігімізде – әл-дәрмен, қауқар дегенді білдіреді және көбіне «жоқ» тұлғасымен тіркесте көрінеді. Сөз төркіні түркі тілдері деуге дерек жоқ емес. Хакас тілінде «хайрал» тұлғасы қамқорлық, жәрдем, құтқару мағыналарында кездеседі. Сондай мәжбүрлі, өкініш халінде тұрып: «Қайырлы болсын сіздерге, Менен қалған мынау Еділ жұрт!...» – елінің ертеңіне алаңдаулы ақын образын көреміз.

Толғаудың көркемдік ерекшелігі – оның тұла бойындағы әрбір жаңсызға жан біткендей, кішінің үлкендей қабылдануында. Сонымен қатар, мағына байланысының үзілмеуінде жатыр.

Қазтуғанның толғауында да «кеше – бүгін – ертең» уақыт бірлігінде байланыс сақталған.

Кешегі жұрт – елі. Бұл – Ақала ордасы қонған, Сүйініш пен Бозтуған, Қазтуғанды тудырған елі.

Бүгінгі жұрт – жері. Бұл – салп-салпыншақ үш өзені, салуалы ордасы, жас тайлақтың жардай атан, бір тоқты мың қой болған жері, жырлы мен бай, жыбағы мен тай, жар мен сай тең, бұзаудай ботташуғы бар, тоқтыдай боз сазаны бар жері.

Ертеңгі жұрт – еліне аманатталған жері. Осыған дейін ел мен жерін өзімен бүтін көрген ақын, ендігі жерінің болашағын еліне аманаттап бара жатқандығын байқататын тұс та осы. Қазтуғанның толғауындағы мағыналық тұтастықтығы «Алаң жұрт» пен «Қайран жұрт» мағыналарының арасында сақталып отырған.

Сонымен, лирикалық шығармаларды тағы бір қырынан тану үшін, оқушылардың көркем образдарды түсіну деңгейін дамыту мақсатында төмендегі талдауларды ұсынамыз:

Мектеп бағдарламасындағы құндылығы жоғары лирикалық шығармалардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңі. Негізінен Сұлтанмахмұттың өз ұстазына арнаған өлеңінде автор ұстазына ғана емес, өзіне, сонымен қатар өлеңді оқып отырған қалың оқырманға уәде беруде. Ақынның жалынды сөздерін надандықтан құтылуға асығып, «Білімдінің күні жарық» деп халқымыз айтқандай, жарық күнге ұмтылған замандастарының барлығының берік уәдесі, ішкі арманы деп қабылдасақ болады.

Өлеңнің негізгі мазмұны толық ашылу үшін, алдымен «адам» сөзінің мәнін ашып алайық. Бұл тұста сөзді жай атау ретінде емес, концепт ретінде қарастыру қажет болады. Себебі «адам» сөзінің сөздіктегі анықтамасына қарасақ, мынадай мағынаны ғана көреміз: «зат. 1. филос. Ойлау және сөйлеу қабілеті зор, еңбек құралдарын жасап, оларды өз игілік қажетте жарата білетін қоғамның саналы мүшесі». Барлық адам ойлау және сөйлеу қабілетіне ие. Автордың боламын деп ұмтылған «адамы» ол емес екені анық. Мағынасын кеңірек әрі тереңдеу қарауымыз қажет. Абай, Шәкәрім және әл-Ғазали сияқты даналардың айтуынша адам болмысы үш нәрседен тұрады: тән, нәзік болмыс және жан. «Шығамын тірі болсам адам болып» деген Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сөзіндегі адам мәні осы үшеуінің ішіндегі болмыс және жан ұғымдарына жақын. Себебі өлеңде әрі қарай келтірілетін надандық, сәуле қуу, күнге ұмтылу, айдай болу, ой мағыналарының барлығы тәнге емес, ішкі болмыс пен жанға тән. Өлеңнің ең соңғы қатарында «Серт етіп, өз-өзіме еткем егес» деген қатардағы «өзім» деген сөздің өзі рухқа қатысты. Себебі, Абай атамыз айтпақшы, «Мен» деген ол – жан. Ал тән – жай ғана «менікі».

Осы анықтамаларды салыстырып, үш шумақ өлеңнің мәнін қорыта келе автор өлеңде қолданған «адам» лирикалық образын мынадай анықтама арқылы аша аламыз: Адам – жамандықтан, надандықтан ада, білімнің жарық сәулесіне, ұлы мақсаттарға ұмтылған, өзгелерден ерек, сертіне берік тұлға.

Әрі қарай Сұлтанмахмұт Торайғырұлы «Адам болмақ үшін қайтпек керек?» деген сауалға жауап береді. «Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып» деген қатардан автордың *адам ↔ жаман* сөздерін антоним ретінде қолданғанын байқаймыз. Яғни «адам» концептісі өзінің бойына «жақсылық» деген ұғымды енгізді. Осы тұста ойымызға халық арасында нақыл сөз ретінде кең тарап кеткен жазушы Жәнібек Кәрменовтің.

«Адам боп келдім өмірге,

Адам боп кету тілегім,

Бәріне соны тіледім!» – деген сөздері ойға оралады. Осындағы «адам болу» тіркесінің мәні «жақсы адам болу» дегенді білдіреді. «Адамдық қасиет», «адамгершілік», «адамдық» сөздерінен-ақ адам деген атаудың мәні тек игі қасиеттерді бойына жинаған тұлғаларға ғана қолданыла ма деген ой түйеміз. Ал

адамдықтан аттаған, болмысын ластаған қос аяқты жаратылысқа тек осы сөздің физикалық мағынасы басым лексикалық мәні ғана тиесілі боп қалады.

«Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,

Жүргенше өмір сүріп, надан болып», – деген сөздерінен автордың адам образынан «надандық» деген ұғымды алшақтата қарайтынын байқаймыз. Яғни «адамға» надандық тән емес. Лирикалық кейіпкер надан болып жер басып жүргенше, көрде жатқанды артық көріп тұр. Демек, осы тұста өмір сүрудің мәні – білім алу, білімділікке ұмтылу деген ой қорытамыз.

Өлеңнің қалған бөлімдері автордың осы «адам болу» арманының айналасына шоғырланған. Өлеңнің өне бойы лирикалық образдарға тұнып тұр. Себебі ақын мәнді, айшықты сөздер арқылы оқырманға әсер етіп, оның санасы мен қиялын қозғап, көз алдына түрлі бейнелерді елестетіп, ол бейнелерге «жан бітіреді». Ол образдардың қатарында Күн, Сәуле, Адам, Жұлдыз, Ай, Ойшыл жандар және Адамның Өзі.

«Мен балаң жарық күнде сәуле құған,

Алуға күнді барып белді бұған», – деген қатарлардағы «Жарық күн», «Сәуле» образдарының мәнін ашайық. Күн – ол бір жарық, алып дене. Бірақ сол күн өзінің жарығын тіршілік иелеріне, адамдарға өзінің сәулелері арқылы жеткізеді. Ақынның «сәуле құдым» деген сөзінен күнге апарар жол іздеп, сол жолға түскенін түсінеміз. Оны ақынның өзі келесі қатарында нақтылайды да. Яғни ол күннің сәулесімен шектеліп тұрған жоқ, сол сәуленің соңына түсу арқылы алып күнге жетемін деген ұлы мақсат қойды. Бұл образдардың мәнін біз былайша түсінеміз. Сәуле – ол білім. Алып күн – жарқын болашақ. Лирикалық кейіпкер білім арқылы, білім жолына түсу арқылы жарық күнге, жарқын болашаққа жетемін дейді. Өзіміз білеміз, күнге тек жарықтық қана тән емес, онда жылу да бар. Ол жылуды барлық тіршілік көзіне таратуға болады.

Бұл өлеңнің мәнін ақынның екінші бір өлеңімен байланыста қарап толығырақ аша аламыз.

«Қараңғы қазақ көгіне

Өрмелеп шығып, Күн болам.

Қараңғылықтың көгіне

Күн болмағанда кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін

Жылытуға мен кіремін...», – дейді ақын. Сонда лирикалық қаһарманның мақсаты жарық күнге жетіп қана қоймай, сол арқылы халқына жарық пен жылу бергісі келгенін көреміз.

«Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,

Болмасам толғанайдай балқып туған», – деген қатарлардың мәні де терең. Ол өзінің ұмтылған нүктесі (Күн) мен қазіргі нүктесінің (қараңғы көк) ара жігін анықтап көрсетіп тұр. Мұндағы Жұлдыз образы бір-бірінен ерекшеленбейтін, не жарығы жолаушыға шырақ болып жарытпайтын, не жылу бере алмайтын, қараңғыда қалған қаптаған адамдарды бейнелеп тұр. Ал толған ай болса жарығын Күннен алады, қараңғыда жолаушыға бағдар көрсетеді, мерзімнен хабар береді. Алдымен Күнге ұмтылған, онан кейін толған ай

болмасам, жұлдыз болмаймын деп серт берген Адам бейнесінен адамдықтың ең төменгі сатысын місе тұтпайтын, ортаңғы деңгейі арқылы жоғарыға көтерілуді аңсайтын лирикалық кейіпкерді көреміз.

Бұдан кейінгі соңғы шумақ өлеңге, жоғарыда айтылғандарға ортақ қорытынды боп келеді. Сол себепті алдыңғы екі шумақты мазмұны жағынан, формасы жағынан өзіміз жинақтап қорытып өтейік. Қос шумақта да бір-біріне қарама-қарсы қасиеттер, образдар қайшы қойып суреттелген: адамдық ↔ жамандық, жақсылық ↔ надандық (1-шумақ) және Күн, Сәуле, Ай ↔ жұлдыз (2-шумақ). Соңғысынан біз, сонымен қатар, мағыналық реттілікті де көреміз. Ай – өздігінен жарық шығармайтын, бірақ Күннен жарық алатын дене. Яғни, ақын алдымен өзі білім алып, көңілін жарықтандырғысы келеді. Сонан соң Күн сияқты барлық әлемге білім беріп, жарық шаша алу үшін оның Сәулесін қуады, яғни сол жолда білім ізденеді. Бірақ көппен бірдей қараңғылықта қалған жұлдыз болуға еш келіспейді. Біз бұл талдауды оқушыларға түсіндіруде «зерттеушілік әңгіме» әдісін қолдануымызға болады.

10-кесте. 6-тапсырма: жетекші сұрақтарға жауап беру

Жетекші сұрақ	Болжалды жауаптар
1	2
«Адам болу» деген тіркестің мәнін қалай түсінесіздер?	
«Жаман» сөзі кімдерге айтылады, сипаты қандай?	
«Жарық күн», «сәуле» сөздерін қалай түсінесіздер?	
«Жарық күнде сәуле қуу» тіркесінің мәнін ашыңыздар.	
Неліктен лирикалық кейіпкер өзін «Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін, Болмасам толған айдай балқып туған» деп суреттейді?	

Өлеңнің соңғы бөлігінде «Ойында оты барлар асылық демес» деп өзі секілді білімге ұмтылған, көздері ашық жандардың өзіне сенетінін, кері тартпайтынын айта кетеді. Мұндағы «ойында оты барларды» Сұлтанмахмұттың замандастары, қазақ халқының сол кездегі өзге де зиялыларының образы деп танимыз.

«Серт етіп, өз-өзіме еткем егес» деген қатардан біз қос лирикалық образды көреміз. Оның біреуі «Адам», екіншісі «Адамның ішкі мені». Бұны біз өздік есімдігінің қосарлануынан да көре аламыз. Надандықпен күресуді мақсат тұтқан Адам, ең алдымен Өзінің алдында серт беруде. Осынша сертті арқалаған, осыншама биік мақсаттарды көздеген Адамның ерте өмірден озғаны өкінішті тек...

Лирикалық шығарманы танытуда оқушыдан бұрын мұғалімнің шығарманы түсіну деңгейінің жоғары болуы маңызды. Сол себепті, осы

бөлімде берілген герменевтикалық талдауларды бірінші мұғалімнің шығармашылығын дамытушы әдіс ретінде, екіншіден оқушының лирикалық шығармадағы көркем образдарды танымдық деңгейде қабылдауына әсер етуші тәсіл ретінде қарастыруға болады. Сұлтанмахмұттың «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңін түсіндіру үшін 6-сынып оқушыларының психологиялық жай-күйін, өлеңді қабылдау деңгейін, өлеңнің стильдік-мазмұндық ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ барысында төмендегідей тапсырмаларды беруге болады:

11-кесте. 7-тапсырма: «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңіндегі ақынның тұлғасын ашу

Өлеңдегі ақын қолданған адамның қасиеттері	Жалпы сипаты	Ақын өлеңіндегі сипаты	Ақынның мінезімен байланысын табу
Адамдық			
Жамандық			
Жақсылық			
Надандық			

12-кесте. 8-тапсырма: өлең мазмұнына сәйкес сөздердің мағынасын топтастыру, тұжырым жасау

Күн,сәуле, ай	Жақсылық	Жамандық	Жұлдыз
Тұжырым			

Бұл жағдайда әдеби шығармаларды талдау бойынша оқушылардың белсенділігін ұйымдастыру өте қажет. Олар осылайша сөз өнерін тікелей оқып-үйрену арқылы жалғастыра береді.

Сонымен бірге оқу мен талдаудың түп тамыры мен тығыз байланысына қарамастан, олардың қызметтері әр түрлі екенін ескерген жөн. Оқудың ерекшелігі сол – ол әдеби мәтінді субъективтендіреді, көркемдік әсерлер арқылы шығарма бейнелері мен ондағы жағдайлар оқырман санасында орнығады.

Келесі талдауға негіз болған лирикалық өлең – Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» өлеңі. Сырласына арнаған өлеңінде ақын Төлеген Айбергенов Сағынышты жеке образ ретінде басты орынға шығарып тұр. Сағыныш – бәрінің негізі, сағыныш – бәрінің өзегі.

Біз оқушыларды өлеңмен таныстырмас бұрын зерттеушілік әңгіме жүргізуімізге болады. Бұл олардың өлеңді қабылдауына алғышарт болады және негізгі тақырып бойынша қиялы дамиды.

9-тапсырма. «Сағыныш» сөзіне ассоциация/ «Сағыныш» сөзін немен байланыстырасыздар?

Болжалды жауаптар: сарғаю, балалық шак, ата-ана, ата-әже, ауыл, жазғы демалыс, туған жер.

Ал өлеңді мәнерлеп оқығаннан кейін оқушылармен «эмпатиялық диалог» жүргізе аламыз. Мәтінмен танысқаннан кейінгі алғашқы көңіл-күй, санада қалыптасқан түсініктер аса маңызды, сол арқылы әрі қарай өлеңнің ішкі мазмұнына ене аламыз.

10-тапсырма. Жұптық тапсырма. Өлеңді оқығаннан кейін «сағыныш» сөзін немен байланыстырасыздар?

13-кесте. Болжалды жауаптар:

1-оқушы	2-оқушы
Армандау, мақсатқа жету, жігерлендіру, ұрпақ жалғастығы, туған жерге деген махаббат, сенім, қиындыққа төзу	Өмірге құштарлық, ағаның ініге камқорлығы, адалдық, әділдік, еңбектену,

Көркіңді жүрген қуаныш қылып,

мендей ме екен бар ағаң... – деген тұста да сағыныш образы жасырылған. Себебі адам сағынғанда көргісі келеді, адамның жүзін, келбетін сағына көргенде қуанышқа кенеледі.

Шын інім болсаң, бас бұрма, жаным, өсек-ғайбатқа бораған деген қатарда *бораған* сөзі образды түрде берілген. Негізінде боран табиғат құбылысы. Мысалы қыстың күні алдыңнан бет қаратпай қар борағанда қарсы тұру оңай емес, боранда қалудың салдары да қиын. Өсек пен ғайбаттың адамның рухани өміріне тигізер әсері де сондай. Жолындағының бәрін жайпап, бір құлатса тұрғызбайды. Сол себепті ақынның «бораған» сөзін қолдануында терең мән жатыр[46].

Қатігездік, қаталдық та бөлек бір образ ретінде көтеріліп тұр. Десек те *сағыныштың* күші де, маңызы да зор. Оны ақын да *заңғар ұлылық* тіркесі арқылы дәйектеген. Сонда *«Адамның заңғар ұлылығын, сен, сағынышымен есепте»* деген қатардан Сағыныш – заңғар ұлылық деген қорытынды шығарамыз.

Келесі қатардың образдық мәнін толық ашу үшін *тұлпар* сөзінің мәніне зер салайық. Тұлпар – бітімі бөлек, ең жүйрік жылқы. Халқымыз жылқының ең жүйрігін тандап, жылдар бойы баптап тұлпар өсірген. *Онсыз сен, тіпті, тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға* деген қатардан біз мынаны ұғынамыз: сен қанша жерден мықты, білімді, табысты, яғни озық адамға қажетті барлық қасиеттерге ие болсаң да сағынышсыз ешбір жетістікке жетпейсің. Бұл тұста сағыныш сөзін *аңсау* мәнінде түсінсек болатындай. Себебі жеткісі келген әр нәрсеге адам үлкен аңсау арқылы ғана жете алады. Бұл ойды да Төлеген Айбергенов өлеңнің келесі бөлімдерінде ашып айтады. Ол қатарлардың барлығы айшықты образдарға тұнып тұр.

Әуелі әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға.

Сағынбай барсаң теңіз де сенің тебіренбес жастық шағыңдай. Бұл жердегі *сапар* сөзі тура мағынасынан гөрі ауыспалы мағынасында берілген деп қабылдаймыз. Яғни, сапар – мақсат жолы. Қандай нәрсені армандасаң да, қай нәрсені мақсат тұтсаң да көңілінде оған деген үлкен құлшыныс, аңсау болсын дейді ақын.

Теңіздің тебіренуін неге жастық шаққа теңеп тұр? Жастық шақтың белгілерін, өлеңдегі образдық мәнін жете ашу үшін оны антонимы, яғни кәрілік сөзімен салыстыра қараймыз. Кәрілік – адамның өмірінің соңғы кезеңі, қауқары қайтқан шағы. Кәрі адамның қимыл-қозғалысы да өте баяу, тіреу іздейді, көңілінде де алаулаған жалын жоқ. Ал қимылдағы ширақтық, жылдамдық, шуыл, қайрат, жалын – бәрі жастық шаққа тән. Теңізде де сондай бір адамды жығып өтетін алып толқын, шуыл, қайрат бар. Осы тұста біз ақынның теңіздің тебіренуін жастық шаққа теңей қарағанының мәнін ұқтық. Алайда, өлеңде осы теңіз сөзін автор тура мағынасында қолданып тұрған жоқ, лирикалық образға ие болып тұр. Тағы да теңіз – адамның бет алған мақсаты, арманы.

Сағынбай барсаң таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,

Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап... – деген қатардағы *асқақ тау* образы адамның болашағын меңзеп тұрғандай. Үлкен құштарлық, құлшыныспен алға қарай қадам баспасаң, өзің жеткен келер күнің, болашағың жарқын бола қоймас. Алдағы күнге арманмен қадам баспаған адам үшін күннің бәрі күңгірт тарта береді. Сонда «таудың асқақтығы мен қасиетін түсінбей оны қара тасқа балап аласың».

Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай,

Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға да жарамай. Бұл қатардағы *әр жердегі бір түп қарағай* адамның өмір жолындағы басқа адамдардың, яғни дос-жаран, туған-туыс, ағайынның образын береді. Оны біз *жамырасу* сөзінің қолданысы мен мәнін ашу арқылы ұғынамыз. «*Балалар үйінің табалдырығын аттай бергенде алдымыздан жүгіріп шыққан балақайлар жамыраса амандасты*» («Түркістан» газеті, 2014). Бұл мысалды «жамыраса амандасу» тіркесіне қуаныш, асығу ұғымдары сыйып тұр. Демек ақын қай ортаға да сағынышсыз барсаң, осылай мәз-майрам күйге ене алмайсың дегенді айтқысы келеді.

Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған,

Сені мен менің гасырлап күткен сағынышымнан оянған.

Балалар бізді сағынған, жаным, арманның аңсап биігін,

Әжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар иығын шумағында ақын мезгілдік форманы өзгертеді. Яғни осы тұсқа дейін *сағыну* → *болашақ* бағытында қараса, қазір *осы шақ* ← *сағыну* бағытында қарастырып тұр. Бүгінгі күннің әрбір жетістігі кешегі ұлы арманнан, сол арманға деген сағыныштан туған нәтиже. *Арманның аңсап биігін* деген тіркесте арманның, мақсаттың ұлы болуы керегін де көрсетеді ақын.

Көкірегіңде сағыныш барда мұрат та сенде бар, жаным,

Алдыңда тұрған қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.

Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек,

Алдыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктеп өт!

Мен бұны саған жазып отырмын, арманымды орап сезімге,

Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

Ақынның жоғарыда келтірген өлең қатарларын талдай отырып, сағыныштың мақсатқа, арманға деген сағыныш екенін топшылаған болатынбыз. Ал өлеңнің қорытынды бөлімінде ақын ойымыздың рас екенін *мұрат* сөзін қолдану арқылы дәлелдеп тұр. Сол мақсаттың, мұраттың өзі ішінде ұлы сағыныш, нәтижеге деген аңсау барда пайда болмақ. *Алдыңнан кес-кестеп шығар орман* – мақсат жолында кездесетін шешілместей көрінген қиындықтар. Бірақ ол қиындықтар да шешіледі. Оны жеңетін – тағы да *сағыныш*, яғни мақсаттың беріктігі.

Арманымды орап сезімге тіркесі бейнелі мәнге ие. Көз алдымызға жаялыққа оралып, құндақталған сәби келеді. «Орау» сөзінің астарында қамқорлық, қорғау, аялау сезімі жатыр. Анасын сәби қандай махаббатпен аяласа, адам да өзінің арманын аялауы қажет. Арман да жаңа туған сәби сияқты, ол үлкен мақсатқа айналу арқылы ғана өседі.

Т.Айбергеновтың «Сағыныш» өлеңі мектеп бағдарламасына сәйкес 9-сыныпта беріледі. 9-сынып оқушыларының қабылдауы – төменгі сынып оқушыларынан жоғары және терең. Әрі жасөспірімдік шақтың ерекшеліктерін ескерер болсақ, оқушыларға өлеңді талдаудың алғашқы кезеңінде эмпатиялық диалог құрудың маңызы жоғары.

Мысалы:

–Ақынның «Сағыныш» өлеңі досына арналғандығы жөнінде білесің бе?

–Сен өз досыңа сағынышыңды ақынның ойымен бере алар ма едің?

–Өлеңнің сенің қазіргі сезімдеріңмен ұштасқан сәттерін баяндап ере аласың ба?

Осы секілді эмпатиялық сұрақтар 9-сынып оқушыларының өлеңді сезінуіне, автор ойын түсінуге асығуға өзіндік септігін тигізеді.

Ал, сұрақтардан кейінгі кезеңде өлеңді көркем образдық тұрғыдан тереңдей қарастыра алу үшін төмендегі тапсырмаларды ұсынуға болады.

14-кесте. 11-тапсырма: сөздердің ақын өлеңінде берілуі.

Сөздер/сөз тіркестері	Ұғымдық сипаты	Ақын өлеңіндегі берілуі
Заңғар ұлылық		
Тұлпар		
Орман		
Шұғыла		

Осы секілді талдау тапсырмалары субъективтік қабылдау мен көркем шығарманың жүйелілігін салыстыру арқылы авторлық ойлауды ақиқат-шындық етіп көрсетуге бағытталады.

«Көркем шығарманы оқу мен талдаудың басқа да айырмашылықтары жетерлік. Оқу – автор мен оқырманның өзара жеке-дара қатынасы, сырласуы.

Ал сабақтағы талдау – ұжымдық қызмет. Әдеби шығармаларды талдау оқушылар мен ұстаздың қарым-қатынасы, ынтымақтастығы жағдайында барлық оқырман-шәкірттердің оқу үрдісі барысындағы және өмірлік тәжірибелерін өзіне сіңіре қабылдайды. Оған қоса сыныптас жолдастарының ойы мен мұғалімнің пікірі оқушының әдеби шығармаға деген көзқарасына, қабылдауына әсер етеді», – дейді профессор Б.Ө.Сманов [47, б.52].

Күнделікті сабақтағы тіл дамыту жұмыстарының мақсаты шығарманы оқушының сөздік қорында бар сөздер арқылы ғана оқыту емес, әр жазушының өзіндік тілі арқылы сөйлей білу шеберлігіне, тілді қолдана білу мәдениетін аңғарту. Мұндай бағыттағы жұмыстар ең алдымен мұғалімнің қаламгер стилін меңгеруіне, оны барлық қыр-сырымен терең тани білуіне қатысты болмақ. Кез келген жазушы стилінде оның тек тілді қолдана білу шеберлігі ғана емес, оның бүкіл суреткерлік болмысы көрінеді. Шығармашылық түсінігі қалыптасқан мұғалім осы суреткерлік болмыстың шығармада көрініс тапқан көркемдік ерекшеліктерін, жаратылыс сипатын көре біледі. Әр жазушының шығармашылық үдеріс үстіндегі сөйлем құрауы, сөзбен сурет сала білуі, кейіпкерлердің әрқилы сезім күйлерін бере білу шеберлігі түрліше болады. Демек, стилі де әр түрлі болады. Мұғалімнің шығарма тілінде сөйлеуі дегеніміз де осы – жазушының не ақынның өзіне тән тіл мәнері арқылы сөйлеуі [48, б.66].

Мұғалімнің қолданытын әдістемесі – оның өнері деуге болады.

Мұғалім оқушыларының таным-қабілетіне орай арнайы сұрақтарды, арнайы тапсырмалар жүйесін үнемі ұйымдастырып отыру керек. Осы ретте мектеп бағдарламасындағы Фариза Оңғарсынованың «Өлең, мен сені аялап өтем», Темрхан Медетбек «Тәуелсізбін» өлеңдерін өзіміздің нұсқадағы талдауымызды ұсынуды жөн көрдік. Бірінші талдаудағы лирикалық шығарма: Ф.Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем» өлеңі

Ақын Фариза Оңғарсынованың бұл өлеңінде «Өлең» образы тірі бейнеге еніп тұр. Оны ақынның адамға қатысты қолданатын «сен», «серік», «сенім», «аялау», «саялау» ұғымдарын өлең аясына жинақтағанынан байқаймыз. «Өлеңнің» жай ғана бейне емес, лирикалық кейіпкер үшін қаншалықты маңызды «жаратылыс» екенін түсіну үшін «дара күндерімнің, нала түндерімнің серігі, сенімі» деген тіркестегі *серік, сенім* қолданыстарының мәніне тереңірек үңілейік.

«Сенім» және «өлең» образдарын оқушыларға таныту үшін төмендегідей ассоциативті тапсырма беруге болады:

15-кесте. 12-тапсырма: «өлең» және «сенім» сөздерін сипаттауға болатын сөздерді жазу:

Ассоциативті тапсырма		Болжалды жауаптар	
1	2	1	2
Өлең	Сенім	Өлең	Сенім
		Ақын	Дос

1	2	1	2
		Адалдық	Адалдық
		Дос	Тазалық
		Сырлас	Махаббат

Серік адамды жалғыздықтан сақтайды, керек кезде қолдайды, сүйеу болады. Жолға шықса да жолдың өнімді болуы үшін, діттеген жеріне аман-есен жетуі үшін адам жанына серік қажет. Өмірлік серік деген ұғым ше? Ол арадағы сүйіспеншілікке негізделіп құралған, ғұмыр бойы қолұстасып бірге өтетін жан серігі. Онсыз өмір бос.

Ал сенім – адамды ең терең тұңғыықтан жарыққа шығарар алып күш. Өлең де ақынды налалы түндерінде дара күннің келеріне сендірген. Осы тұста «өлең – серік», «өлең – сенім» деген қос образ ашылады.

Ал келесі шумақты мына қатарларында:

*«жүрегім сыздаған кезде,
жаным мұздаған кезде*

мен сені саялаймын». Бұл жерден біз логикалық қарама-қайшылықты көріп отырмыз. Себебі, *саялау* сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *көлеңкеде тынығу* деп көрсетілген. Яғни, ыстық күні ағаштың салқын көлеңкесін пана тұту. Ал ақын оның алдында «жаным мұздаған» кезде тіркесінде ыстықтау емес, керісінше тоңу мәнді сөзді қолданып тұр. Алайда ақынның жеке шығармашылығы болған соң біз «олай болмауы керек еді» деп сынай алмаймыз. Автор «саялау» сөзінің «пана тұту» мағынасындағы ауыспалы мағынасын қолданған болуы керек. Десек те осы ауыспалы мағынаның өзі қолданыстағы сөздің өз мәнін аша салса, тіпті орындырақ болар еді. Бұл тұста өлеңнің «пана» образы ашылады.

*«...жеткендей арман-сағымға,
қуаныштан дірілдеп денем,*

алдыңа күлімдеп келем» – бұл қатарлардан біз Өлеңді Ана образында танып отырмыз. Қалай десейіз, «алдына келу» тіркесінің мәнін ашайық. «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» дейді қазақ. Бұл тіркестің астарында кішірею, ардақтау мәні жатыр. Ал ардақтауға ең лайық болған адам ол – Ана. Қуансақ та, қайғырсақ та бірінші анамызбен бөлісіп, шер тарқатқымыз келеді[49, б.12].

*«Ажалмен айқасқан сәтте
қыршын жас көз ілгенін көріп,
өткінші сезімдерді көріп,
кешегі "доспын" дегеннің
минутта жерінгенін көріп,
кімнен өшімді аларымды білмей,
кімдерге кінә тағарымды білмей,
алдыңа лапылдап келем,*

жарылуға жақындап келем» – мына шумақта лирикалық кейіпкердің ашуы, ызасы сезіледі. Ол ыза, шарасыздық қыршын жастың өмірден озғанына,

достың сатқындығына қатысты. «Алдыңа лапылдап келем» деген қатардан *ашу* – *от* деген лирикалық образды көрсек, осыдан *өлең* – *су* деген образ туындайды. Себебі отты өшіретін – су. «Алдыңа келем» дегенінен ақынның өлеңнен осы сезімдеріне басу іздейтінін түсінеміз. Себебі кісінің алдына келу – оған деген бір мұқтаждықтың, қажеттіліктің болуы[50].

Соңғы шумақта *Өлең* образы мен лирикалық кейіпкердің бір-бірінен ажырамас болмыс екені анықталады. «...*өртеңің от басқаныммен, өзіңмен қоштаспадым мен*» қатары менен соңғы

*«...менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін*

Өлең, мен сені аялап өтем!» – қатарларының арасындағы логикалық, семантикалық байланыс өлеңнің тұтастығын сақтауға қызмет етіп тұр. Тағдыр – адам дүниеге келмей тұрып пешенесіне жазылған нәрсе. Ешбір жаратылыс өзінің тағдырынан ажырай алмайды[51]. Сол сияқты ақын да қанша қателессе де, түрлі жолдарды өткерсе де өлеңмен қоштаса алмағандығын айтуда. Осылайша, *өлең* – *тағдыр* деген тағы бір лирикалық образ ашылып отыр.

16-кесте. 12-тапсырма: сөздерді салыстыра талдау

Сенім	Өлең	Тағдыр
1	2	3
Ұқсастықтары		
Айырмашылықтары		
Тұжырым		

Осы секілді танымдық тапсырмалар арқылы оқушыларға өлеңнің тұтас өне бойында осы образдарға ортақ бір қасиеті таныту керек. Оның аяулы екендігін, ақынның айқысы келгендігін де түсіндіру қажет.

Мұндай лирикалардағы көркем образдарды түсіндіру барысында Қандай бейнеде таныса да автор өлеңді өмір бойы аялап өтуге ант беруде. Енді сол образдарды санамалай өтсек, Серік өлең де, Сенім өлең де, Өлең Ана да, Өлең пана да, лапылдаған ашуды өшірер Су өлең де, Тағдыр өлең де аялап өтуге әбден лайық. Себебі бұл ұғымдардың әрқайсысын өлеңсіз алар болсақ та өмірдегі ең аяулы ұғымдар.

•Екінші талдаудағы лирикалық шығарма: Т.Медетбектің «Тәуелсізбін» өлеңі.

Ақынның бұл өлеңін біз үш лирикалық кейіпкердің атынан қабылдаймыз. Бірі – ақынның өзі, екіншісі – ақынның елі, біздің Отанымыз. Себебі аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген – еліміз, ал ел дегеніміз біздің әрқайсысымыздан

құралады. Демек, үшінші лирикалық кейіпкер – біз, оқырман, тәуелсіз еліміздің, тәуелсіз ұлтымыздың әрбір мүшесі.

Өлең *«Тәуелсізбін!»* деген лепті сөйлемнен басталады. Сол сөзбен жалғасады. Өлеңнің өзек сөзі – осы. Өлең қасиетті тәуелсіздік жайында. Оның қасиеттілігін қайдан білеміз? Өлеңнің өне бойынан көреміз, қайта-қайта қолданылуынан автор үшін, оқырман үшін қаншалықты маңызды екенін байқаймыз. Болымсыз формадағы бұл сөздің мәнін ашу үшін қарама-қарсы *тәуелді* сөзінің мағынасын қарастырайық. *«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» тәуелді* – сын. біреуге, бір нәрсеге бағынышты, байланысты» деген мағына көрсетілген. Енді қарасақ, *тәуелсіз* сөзі формасы жағынан болымсыз болғанымен, өне бойына неткен жағымды, болымды мағыналарды жинаған! *Азаттық, теңдік, бостандық...* Бұл ұғымдардың барлығы өлеңнен алынып отыр.

Ал *ендік* пен *бойлық* – жер шарының ең негізгі өлшемдерінің бірі. Олар жердің кеңдігінің символындай. Яғни *«Бостандықта бойлығым мен ендігім»* деу арқылы автор ұлан ғайыр даласының осы бостандыққа сыйып кететінін көрсеткісі келгендей.

«Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім!» деген қатардағы шерлі үн де – халықтыкі, әркімдікі. *Шемен* сөзінің мағынасын ашар болсақ, ол – адам ағсазындағы кейбір қуыстарда жиналып қалатын сұйықтық. Көптеген аурулардың көрінісі осы шемен. Сол кездегі қоғамның да, еліміздің де көптеген дерттері осы бодандықтың шемен болып, таралмай қалған уытынан туындаған еді. Ал *шер* сөзінің семантикалық ауқымы өте кең. Жазылмас жара, дерт, мұң, қайғы, айтылмаған сыр – бәрі-бәрі осы халықтың шерлі үнін туғызды. Бұл тұста *шешіл* сөзінің қолданылуы өте заңды. Яғни, тәуелсіздік, бостандық келді, өмір жалғасады. Тұрақтап қалған шемен де, шер де шешіліп, тарқауы тиіс.

«Алды бүгін тәуелсіздік тау, тасым,

орман, көлім, далам менен балам да!» деген қатарларды да автордың, лирикалық кейіпкердің ғана емес, туған еліміздің образынан қабылдаймыз. Себебі тау, тас, орман, көл, дала адамдарға қызмет ететін жаратылыс болғанымен, олардың иесі адам емес, олардың иесі – Жаратушы мен табиғат, Отан. Ал *Отанның баласы* – халық.

Жаным менің,

қаным менің тәуелсіз.

Арым менің,

жарым менің тәуелсіз.

Заңым менің,

бағым менің тәуелсіз.

Әнім менің,

дәнім менің тәуелсіз. Бұл шумақтағы сөздер, олардың қолданысы мен реттілігі тегін емес. Жан мен қан – егіз ұғым. Бойымызда қанымыз айналып тұрғанда жанымыз тірі. Жар – ол ер азаматтың ары. Оның адалдығы, амандығы, бөгде көзден жасырын болуы – ер азаматтың ар алдындағы жауапкершілігі. Ата Заң – тәуелсіз елдің басына біткен бақ. Себебі заң – тіршіліктің негізі,

көрсетіліп берген шекара, ол шекарадан сәл аттап бассаң, жазаланасың. Заң өзіне бағындырады. Олай болса, тәуелсіз елде өзіңнің заңыңа бағынған, расында, бақ емес пе?!

Әнім менің,

дәнім менің тәуелсіз қатарына қарасақ, қандай ғажап байланысты көреміз?! Еліміздің басты рәмізі әнұранымызға айналған «Менің Қазақстаным» өлеңінің алғашқы нұсқасында қазаққа «дән егіп терлеген» деген сипаттама берілмеп па еді?!

Тәуелсізбін –

Өзіме-өзім құдаймын деген қатарда атеисттік тәрбиеге тәуелді болған халықтың өзінің шын Құдайын тануға мүмкіндік алғанын көрсетіп тұр деп ойлаймыз немесе Құдай сөзінің тіліміздегі екінші бір мағынасына мән береміз. Құдай – ие, басшы. Қаншама жыл өзгенің иелігінде болып келген халықтың осылайша қуануы да орынды.

Тәуелсізбін –

Нұры сынды, күн, айдың.

Құласам да емін-еркін құлаймын,

Жыласам да емін-еркін жылаймын деген қатарлардан Күн мен Айдың үстемдік көрсеткен биіктегі беделділердің образын танытып тұрғанын байқаймыз. Қалған қатарлардан аңсап жеткен еркіндіктің әрбір әрекетте көрінетінін сеземіз.

Тәуелсізбін –

танып тұрмын өзімді.

Ұшырамын қанат байлап сөзімді.

Ешкім енді көкірегімнен итеріп,

Ешкім енді шұқымайды көзімді. Алғашқы қатарларда үлкен тарихи, саяси мән жасырылған. Себебі бодандық кезінде үстемдік құрушылар халқымыздың тарихын түп-тамырымен жойып, қандай халық екенін ұмыттыруға тырысты. Бірақ ол қолдарынан келмеді. Қанға сіңген батырлық қай сәтте де қылаң беріп, халқымыз өздерінің қандай текті болғандарын танып, білді. Десек те тарихымыздың қаншама сырлары әлі де жасырын жатыр. Осы шумақтағы «*ешкім*» сөзі образдық мәнге ие. Ешкім деген болымсыз есімдігі қолданылса да, *көкірегімнен итермейді, көзімді шұқымайды* деген болымсыз етістіктердің арқасында көптеген мағынаға ие болып жатыр. *Ешкім* сөзінің бойында халқымызға озбырлық, үстемдік, әділетсіздік көрсеткен әрбір жанның бейнесі жатыр.

«Бақыт құсым қонды келіп тұғырға» деген қатарда құс сөзінің алынуы да тегін емес. Себебі құстар ешкімге тәуелді емес, қанаттарын кең жайып, қалаған уақытында кең аспанда еркін қалықтап өмір сүреді.

Тәуелсіздік алды бүгін, қараңдар,

Тойым түгіл

қайғым менен мұңым да.

Заман өтті –

қансыратып қанаған,

Заман өтті –

қалтыратып тонаған.

Тәуелсіздік келді, міне, ақыры!

Зорға жеттім,

Зорға жеттім мен оған... Өлеңнің соңғы бөлігінде автордың тәуелсіздікке деген мына сезімі берілген: бақыттан басым айнамай-ақ қойсын, қайғымды да, мұңымды да тәуелсіз елімде көрсем, сол – қуаныш. Қайталанып тұрған заман өтті тіркесі біршама тарихи оқиғадан хабар береді. *Қансыратып қанады, қалтыратып тонады.* Кімді? Халықты. Зиялы халықты. Құғын-сүргін, ату жазасына ұшырап, тоналған зиялыларымыздан кейін еліміз бос қалды. «Зорға жеттім», «ақыры» тілдік бірліктері өте ұзақ болған жетпіс жылдан хабар беріп тұр. Бұл тіркестер өлеңнің тұтастығын сақтауға да қызмет етуде. Өлеңнің ең басында келген «Тәуелсізбін, тәуелсізбін мен бүгін» қатары менен «Зорға жеттім, зорға жеттім мен оған» қатарын байланыстырсақ, аяқталған мағына шығады. Сөздердің қайталануы да формалық тұтастықты сақтап тұр [52, б.132].

6-сынып оқулығында берілген кезекті лирикалық шығарма – Ерлан Жүністің «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңі. Ақын өлеңіндегі бейнелілік – мәтіннің көркем бейнелер жүйесін айқын суреттей алуынан көрінеді.

Өлең мазмұнының тереңдігі және психологиялық, философиялық көпқабатты болып келуі және оның көркем шығарма болумен қатар, жеке автордың дүниетаным, табиғатымен бірге өрілуі оны түсіндірудің сан алуан жолдарын қалыптастырады.

Мұнда рационалды бірліктер шынайы өмірдің шындығын тікелей сипаттауға құрылса, эмоционалды-логикалық құрылымдар шынайы өмір шындығын бейнелеуге қызмет етеді.

Алып қорғанның құлағанын көрдім,

Небары алты жасымда.

Алып қорған – Кеңес Одағы болса, алып қорғанның құлауы – Кеңес Одағының ыдырауы. Өлеңнің бұл жолдары тақырыпты толық қамтып тұр.

Ақын мағынаны айқындаушы «алын» және «алты» сөздерін мағынаның өн бойына қолданған. Бұл көркемдік шешім анафоралық қатынасты көрсетсе, бір жағынан антитезалық параллель болып келеді. Өйткені, ақын «небәрі алты жасымда» деу арқылы «алты» сөзінде кішілігін, кішілігімен қатар биік дүниелерді байқай алғандығын көрсеткісі келген.

Сонымен қатар, «алып қорған», «алып тұлға», «алып сөз», «алып кітап», «алып сағат», «алып жүрек», «алып заң», «алып тәж», «темір бұғау», алып сана», «темір шымылдық» метафораларын қолдануын түсіну өлеңнің мағынасын ашуға көмектеседі. Сонымен қатар, метафора бір мезгілде аллегория, персонализация, гипербола, перифраза, литота және басқа троитар бола алады. Ал, бұл өлеңде біз метафораның эмоционалды реңкінің жоғарылығын байқай отырып, гипербола бола алатындығын да көреміз.

Ақынның көркемдік құралдарды қолданыстағы ерекшелегі – ол бір тармағының өзінде бірқатар көркемдік межеге жетіп отырған. Мысалы, алып тұлға – метафора, бірақ алып тұлғаның жылауы – эпитет. Осындай жолдар өлеңнің толық блмысын ашады.

*Алып тұлғалар жылағанын көрдім,
Бастарын сүйеп ғасырға.*

Алып тұлға – елдің еркіндігі үшін, болашағы үшін ғұмырын сарп еткендер. Олар не үшін жылайды? Тәуелсіздік үшін төгілген қан мен тердің куәсі болған жылдарды еске алып жылайды, соншама жылдан кейін келген Тәуелсіздік үшін қуанғаннан жылайды. «Бастарын сүйеп ғасырға» деген жолдардан осы мағынаны аңғаруға болады. Және, ақын «бастарын сүйеп ғасырға» жолдарында – кейіптеуді қолданған. Бұл, өлеңді оқу кезіндегі бейнелілікті арттырады.

Өлең ары қарай сол арман еткен ғасырлардың шеңберінде өрбиді. Сол ғасырлардың ішінде не болды деген сұраққа жауап береді.

Алып таулардың шайқалуы – соғыс. Еркіндік үшін еңіреген ел, қанын төккен – батыр, жанын берген – бабалар. Тәуелсіздік үшін күрес белгілі бір ұлттың саяси һәм саналы элитасы қалыптасқан кезде басталады. Әуелі Тәуелсіздік идеясы өмірге келеді. Бұл идея сол халықпен бірге өмір сүреді, бірге жасайды.

*Алты жасымда соны ұқтым:
Алып сөздерді айта алғанын көрдім,
Ат төбеліндей халықтың.*

Алып сөздер – халық ертеңін ойлаған тұлғалардың идеялары. Автор бұл тұста алып сөздерді айтқан ат төбеліндей халық деп береді. Ат төбеліндей – аз деген мағынаны білдіретін ескерсек, алып сөз айтқан аз халық – қоғам қайраткерлері.

Әдетте, теңеулер -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтарымен жасалады. Ал Ерлан Жүністің өлеңдеріндегі теңеулер жай теңеулер емес, күрделі теңеулер, яғни, эпитеттенген теңеулер.

Өйткені, «ат төбеліндей» жәй ғана халықты ат төбеліне теңеп қана емес, аз ғана халықтың батырлығын, сол уақыттағы батылдығын суреттеп тұр. Мұны алдындағы тармақтармен байланыстыра отырып, сөздің мағынасын анықтай отырып түсіндіруге болады.

Бізде де Тәуелсіздік идеясы ғасырлар бойы ұлт тағдырымен тамырлас болып, қазақ халқымен бірге жасап келді. Сонау Алтын Ордадан бастап, қазақ хандығы, Алашордаға дейін жалғасты. Осының ішінде «Алашорданың» ғана асыл мұраты идея күйінде тұншықтырылды. Өйткені, олардың идеясы ғажап, мақсаты қуатты болғанымен, мүмкіндігі шектеулі еді. Ал, Тәуелсіздік идеясының көшбасшыларын тарих, заман өзі тудырды. Біздің Тәуелсіздік жолындағы ұлттық идеямыз ХІХ ғасырдың екінші жартысында ағартушылық сипатқа ие болды. Абай, Шоқан, Ыбырайлардың идеясы «Қазаққа Тәуелсіздік алып беруге болады. Ол үшін халықтың көзін ашып, санасын ояту керек» деген мақсатқа жұмылды.

Тәуелсіздік үшін күрес белгілі бір ұлттың саяси һәм саналы элитасы қалыптасқан кезде басталады. Әуелі Тәуелсіздік идеясы өмірге келеді. Бұл идея сол халықпен бірге өмір сүреді, бірге жасайды.

Алып кітаптар торыққанын көрдім.

Сол сәтте-ақ одан безінгем.

Алып кітаптар – шындық пен тарих жазылған, Ресей үкіметінің саясатының ықпалына түскен еңбектер. Сол алып кітаптардың торығуы – үмітсіздікпен ұштас, адамның бұл өмірден, тіптен бүкіл құндылықтардан түңілуімен сипатталатын халі.

Алып сағаттар тоқтағанын көрдім.

Өлшенді уақыт жаңадан.

Алып сағаттардың тоқтауы – тәуелсіздік жолында тер төккендердің жазаға ұшырауы. Бұл – эпитет. Сағат – ол өмір. Алаш қозғалысына қатысты Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Хәлел және Жаханша Досмұхамедовтер, Мұхаметжан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаевтар сынды марғасқалар С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, С.Қожанов, Н.Төрекұлов, С.Мендешов, Т.Жүргенов, Ж.Садуақасов, С.Аспендияров, Б.Майлин, І.Жансүгіров және т.б. бірыңғай елді ерте білген, көкірегі ояу, адами қалпын сақтаған, арлы азаматтардың барлығы шетінен – ұлтшыл ретінде айыпталып, «халық жауы» атанып аяусыз тергелуге алынып, жазасын қысқа қайырып, көбіне аяусыз атылып жатты.

Алып жүректер ақталарын көрдім,

Алты-ақ жасар баладан.

Алып жүректердің ақталуы – тәуелсіздікпен бірге ұлтшыл деп жазаға ұшырағандардың ақталуы, еңбектерінің қайта халыққа ұсынылуы.

Осы жерге дейін, ақынның шығармасындағы «қазақтарға тиесілі тарих» образын жасап шығаруға болады. Ары қарай, Тәуелсіздіктен кейінгі Кеңестік қоғамның жәй-күйін суреттеген жиынтық образды айқаймыз.

Алып құрлықтар теңселгенін көрдім,

Темір бұғаулар тозғасын,

Алып заңдардың кемсеңдеуін көрдім –

Империяның көз жасын!

Өлеңнің алғашқы тармағында берілген «Алып қорғанның құлауы» келесі жолдарда «Темір бұғаудың тозуымен» түсіндіріледі. Бірақ бұл жолы, алып тұлғалар жыламады, алып заңдар жылады. Бұл заңдардың көз жасы – империяны құрушылардың көз жасы.

Тағы да, «алып заңдардың кемсеңдеуін көрдім» деген жолды кейіптеуге жатқызамыз. Ал, империяның көз жасы – синекдоха. Синекдоханың қызметін айқындау арқылы, империяның көз жасы – ол алып заңдарды орнатқан Кеңестік адамдардың көз жасы ғана екендігін танимыз.

Ақын темір бұғауларды тоздырып, алып құрлықты теңселтіп, алып заңдарды кемсеңдету арқылы – тағы да эпитет, метафора, гиперболаның күрделі байланысын орнатып тұр.

Бұл ақынның шығармасындағы алты жастағы баланың көріп тұрған «бүгінгі» бейнесі.

Ары қарай, «ертең» уақыттық мәні ашылады.

*Алып тәждердің балқығанын көрдім,
Елтаңбаларға айналып.*

Алып тәждің балқуы – мойындау ұғымын береді. Сонда олар нені мойындады? Елтаңба – елдіктің белгісі. Елтаңбада көптеген мәні жатыр. Қазақтың дархандығын, кеңдігін танытатын елтаңбаға тәждердің айналуы – қазақ халқын тәуелсіз ел ретінде мойындауы.

Кейінгі жолдарда жаңа әлем тұрғызу үшін тәуелсіздікпен бірге елімізде пайда бола бастаған зауыт, фабрикалар – елдің еркін дамуының көрсеткіші екендігін бейнелейді.

*Алып саналар жиналарын көрдім,
Тұрғызу үшін жаңа әлем!
Құрыштардың да шірігенін көрдім,
Сен боса, болат, тас егіл!
Темір шымылдық түрілерін көрдім,
Сахнаға шықты жас өмір!*

Мұндағы алып саналар дегеніміз – ғылым мен білімнің көшін бастаушылар.

Не үшін темір шымылдық түріледі? *Шымылдық* – ұлттық бұйым. Шымылдықтар әдетте жібек, ақ сұрып, торғын, торқадан тігіледі, сондай-ақ екі бөліктен тұрады. Ал, ақын өлеңінде шымылдықты темірге теңейді. Темір шымылдықтың ашылуы арқылы енді ештеңеден тайсалмайтын, сонша жыл кернеген ашу мен ызаның әсерінен батылдана түскен халықтың ендігі бейнесін танытады.

*Ал бүгін, енді,
Тарихты өзім білемін,
Жолдарды сезем жонарқамменен мыңжылдар өткен ұлы елім.
Ұлылық жайлы ойлайды басқа,
Жап-жас шақ
Ұлы қорғандардың күйреуін көрген жүрегім –
Алты-ақ жасында ақырын көрген алыптың!*

Ақынның осы жолдарынан байқасақ, ұлы қорғандардың күйреуін көзі емес, жүрегі көрді. Елі өткен жолдарды жонарқасымен сезінді. Неге жонарқамен деген сұрақ туындауы орынды. Жонарқа адамның бітім-болмысын қалыптастырады. Сонда жонарқамен сезу – барлық болмысыммен сездім деген сөзбен синонимдес болып тұр.

...Тәуелсіздік ше?

Ол – менің тегім дегені – тарихым дегені. Қазақта тегін білмеген тексіз деген сөз бар.

Ұлдарыма оны дарыттым дегені – ұрпақтарыма да бұл Тәуелсіздіктің соқтықпалы–соқпақты жолып дарыттым дегені,

*Тәуелсіздік – мен,
ол – менің асқақ аңызым,
Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған, Жарық Күн!!!*

Бұл жолдардан Тәуелсіздік менің бүгінім деген ойды анық аңғаруға болады. Автордың бұл жолдарында «Тәуелсіздік – ақиқат – болмыс» метафоралық мағыналық тіркесімділігін қорытындылайтын «Жарық күн» – ол сенім деп танымыз.

Осы секілді талдауларлан кейінгі тапсырмаларды жасау – мұғалімнің шеберлігі. Ақынның өлеңді беруін толық түсініп тұрған маман үшін, оны түсіндірудің жолдарын тау қиын болмасы анық.

Мұндай бағыттағы жұмыстар ең алдымен мұғалімнің қаламгер стилін меңгеруіне, оны барлық қыр-сырымен терең тани білуіне қатысты болмақ. Кез келген ақын стилінде оның тек тілді қолдана білу шеберлігі ғана емес, оның бүкіл суреткерлік болмысы көрінеді.

Сонымен, лирикалық шығармаларды оқығанда лирикалық кейіпкердің бейнесіне толық ену және онымен бірге болып жатқан оқиғаларды бастан өткеру керек. Лирикадағы көркем образдарды түсіндірудің де негізгі мақсаты – оқушының эмоционалды қабылдауын дамыту. Өлеңді толық қабылдау үшін оқушылар лирикалық кейіпкердің эмоционалды күйіне енуі керек. Сондықтан лирикалық шығарманы оқытуда мұғалім жұмысының басты бағыты оқушының эмоциясы мен сезімдерін ояту. Өйткені, эмоция – оқытудың уәждемесін қалыптастырушы бірлігі.

2.3 Лирикалық шығармаларды оқытуға бағытталған эксперимент нәтижелері

Тәжірибелік жұмыс анықтау, қалыптастыру, қорытынды кезеңдері бойынша ұйымдастырылды. Оқушылардың лирикалық шығармалардағы көркем образдарды қабылдау, түсіну деңгейлерін қалыптастыруға тәжірибелік жұмысты жүргізу материалдары дайындалып, онда экспериментке қолданылатын оқу-әдістемелік кешеннің, қолданылатын оқу құралдарының мазмұны нақтыланып, тәжірибелік жұмысты жүргізетін эксперимент және бақылау топтары белгіленді.

Тәжірибелік эксперимент 2021-2022 оқу жылында Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясында жүзеге асырылды. Эксприментке 6-сынып оқушылары қатысты. 6-сынып бойынша оқушылардың жалпы саны – 50 оқушы. Бақылау тобында 25 оқушы, эксперименттік топта 25 оқушы.

Біздің тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыздың мақсаты – оқушыларға лирикалық шығармалардағы көркем образдарды танытудың ықпалдылығын, педагогикалық шарттар кешенін іске асыруды жан-жақты тексеру.

Тәжірибелік экспериментті ұйымдастыру барысында оқушылардың бойындағы көркем мәтінді оқуға деген ынтаны тексеру жұмыс нәтижелерін объективті бағалауға мүмкіндік беретін арнайы диагностикалық әдістерді қажет етеді.

Тәжірибелік жұмыстың анықтау бөлімінде эксперименттік топ оқушыларының білім беру бағдарламасына сәйкес лирикалық шығармаларды оқыту сабақтары жүргізіліп, оқушылардың сабаққа қатысу, шығарманы түсіну деңгейі балдық шкаламен белгіленді.

Сонымен қатар, осы анықтау бөлімінде оқулықтағы шығарманы талдау тапсырмаларының тиімділігі жөнінде, лирикалық шығармалардың мектеп оқулықтарында қамтылуы жөнінде қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдерімен сұхбат жүргізілді.

Машақова Назгүл, №123 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:

— Әдебиет сабағында лирикалық шығармаларды оқыту — оқушы эмоциясына әсер етудің бірден-бір жолы деуге болады. Оқушы мұндай шығармаларды оқу барысында шығармашылық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік алады. Лирикалық шығарма — оқытуда мәнерлеп оқыту әдісін қолдану үшін де тиімді. Мәнерлеп оқу кезінде оқушы мен автордың ортасында байланыс орнайды. Ал, оқулықтағы тапсырмалар оқушылардың қабілетін толық ашуға жеткіліксіз. Сол себепті де, сабақ барысында арнайы тапсырмаларды пайдаланамын. Көркемдік құралдармен жиі жұмыс жасау арқылы шығармадағы образдарды ашуға болады. Менің оқушыларым да соған дағдыланған.

Әлішер Алтыншаш, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:

— Мен қазақ тілді емес сыныптарға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен беремін. Тәжірибем бойынша, мұндай ортаға лирикалық шығармаларды түсіндірген жеңіл. Лирикалық шығармалардағы сөздердің мағынасын ашу арқылы өлеңнің мағынасын түсіндіруге болады. Қазақ тілді емес ортадағы оқушыларға лирикалық өлеңдерді мәнерлі оқыту, сатылай кешенді талдау жасау олардың әдебиетті оқуға деген ынтасын арттырады.

Сейітов Бауыржан, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:

— Оқушылардың әдебиетке қызығушылығын ояту үшін оқулықтағы тапсырмалардан бұрын, мұғалімнің қолданған әдіс-тәсілдері мен тапсырмалары маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, анықтау экспериментінде оқушылармен әңгімелесу, проблемалық сұрақ әдістері пайдаланылды. Осы әдістер арқылы оқушылардың лирикалық шығармаларды түсіну деңгейі анықталып, балдық шкаламен көрсетілді.

Әдебиет сабақтарын бақылау кезінде оқушылардың белсенділігін арттыруда, олардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру проблемалық мәселелерді көбірек қолданудың тиімділігі байқалды.

«Автор бұл сөзді не себепті қолданды? Сөздің өлең ішіндегі қызметі қандай?» деген сынды сұрақтар оқушыларға ой тастауға мүмкіндік берді.

Қазіргі кездегі педагогикалық эксперимент педагогикалық болжамды объективті және дәлелді түрде тексеруге арналған зерттеу әдістерінің кешені ретінде анықталады. Ол басқа әдістерге қарағанда педагогикалық үдерістің түрлі компоненттері арасындағы, факторлар арасындағы, педагогикалық ықпал

етудің шарттары мен нәтижелері арасындағы байланыстардың сипатын тереңірек ашуға ықпал етеді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты тиімді ұйымдастыру мен жүргізудің жалпы талаптары:

- мәселенің пайда болуының тарихи тұғырларымен қатар, жалпы жағдайын алдын-ала талдау;
- болжамды айқындау, оны зерттеу барысында нақтылау;
- мәселенің педагогикадағы теориялық және практикалық жағдайын талдау;
- зерттеу міндетін нақты анықтау;
- эксперимент нәтижелерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін критерийлерді таңдау;
- эксперимент барысы және педагогикалық үдеріске түзету ендіру бойынша ақпараттарды жүйелі алу.

Осылайша, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізудің жалпы талаптарын ескеріп, сондай-ақ, оқушылардың лирикалық шығармадағы көркем образдарды түсіну, талдау дағдыларын қалыптастыру негізінде жатқан зерттеудің әдіснамалық базасына сүйеніп, біз мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша эксперимент бағдарламасын жасадық.

Эксперимент алгоритмі бойынша 1-сабақ Ерлан Жүністің «Менің атым - Тәуелсіздік» өлеңі бойынша 6-сынып оқушыларына жүргізілді. Эксперименттік топта – 25 оқушы.

Жұмыс жасау алгоритміне сәйкес, эксперименттік топтарға «Дәріс-сабақ», «Сыни тұрғыдан ойлау», «Проблемалық оқыту» технологияларын, «Миға шабуыл», «Көркем мәтін талдау» стратегияларын пайдалана отырып сабақтар жүргізілді.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес сабақ жоспары әзірленді. Өлеңді талдау 3 сағат арналды.

Эсперимент бойынша лирикалық шығармаларды талдау, көркем образдарды қабылдау деңгейі алғашында орташа көрсеткішті көрсетті. Яғни,

6 оқушы «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңіндегі сөздердің мағынасын анықтай алды, 12 оқушы мәтіндегі көркемдік құралдарды ажыратты, 7 оқушы өлеңді талдай алмады.



1-сурет. Экспериментке дейінгі оқушылардың «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңін қабылдау көрсеткіштері

Қалыптастыру кезеңіндегі эмпатиялық диалогта сұрақ-жауапқа құрылды.

Оқушыларға төмендегідей сұрақтар құрылды:

1. Шығарманы оқу үстінде ерекше қызықтырған жекелеген тұстар кездесті ме? Қай тұстары, қандай іс-әрекеттер қызықтырды?

2. Әдеби туындыны оқу барысында шығарманың қай тұстары ерекше есте сақталып қалды?

3. Оқыған туындыда белсенді әрекет үстінде көрінетін кейіпкерлер бар ма? Олар кімдер?

4. Ақынның шығармада айтылатын қоғамдық ой-пікірлерімен, кейіпкер іс-әрекеттерімен келіспейтін тұстарыңыз бар ма? Себебін түсіндіріңдер.

5. Көркем шығарманы оқу үстінде өздеріңе бұған дейін белгісіз болып келген жағдайлар, проблемалар кездесті ме? Бұдан өздерің қандай ой түйдіңіз?

7. Шығарманы оқып бітірген соң қандай көңіл күйде болдыңыз?

Бұл ұсынылған сұрақтарға алынатын жауаптарды қорыту, ретке келтіру арқылы мұғалім оқушыдан лирикалық шығармадан алған әсерін, келесі шығарманы талдау сабақтарын кіріспе сабақта анықталған нақтылы білімін, психологиялық жағдайларды есепке ала отырып, бүкіл сабақ жүйесін ұйымдастыруға жол ашты.

2-сабақ . Арнайы сабақ барасында герменевтикалық талдау стратегиялары қолданылды. Оқушылар түсінбеген жерлері түсіндіріліп, мәтін талдаудың жолдары көрсетілді. Қалыптастырушы кезеңде, арнайы тапсырмалар арқылы оқушылардың мәтінді тану, көркем образдарды аша білу сауаттылықтарын арттыру көзделді.

17-кесте. 13-тапсырма: берілген сөздердің мағыналық сипатын ашыңыз

Лирикалық шығарманың тақырыбы	Лирикалық шығармадағы тірек сөздер/сөз тіркестері	Өлеңде берілуі	Мағыналық сипаты
Менің атым – Тәуелсіздік!	Алты жас		
	Жарық Күн		
	Алып қорған		
	Алып тұлға		
	Алып тау		
	Алып сөз		
	Асқақ аңыз		
	Алып кітап		
	Алып ой		

19-кесте. 15-тапсырма: өлеңдегі «Ана» образдарын ашыңыз.


Тапсырма	Көркем образ	Мәтіндегі сипаты
1-Ана	Өз анасы	Тарихтан дәріс оқитын менің анашым орта мектепте Ұлына бірақ айтпапты кісен, құлдық пен түрме бүргесін.
2-Ана	Жарық күн	Сол түні неге ұйықтамай маған бір аңыз айтып шыққанын Ұл жайлы Күннен жаралған. Аңыз ұнаған Жаралған Күннен Ұл жайлы! Тәуелсіздік – мен, ол – менің асқақ аңызым, Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған, Жарық Күн!

20-кесте. 16-тапсырма: өлең мазмұнына байланысты уақыт пен сөздерді сәйкестендіріңіз

1	2
Кеше	Алып кітаптар торыққанын көрдім. Сол сәтте-ақ одан безінгем

1	2
Бүгін	Темір шымылдық түрілерін көрдім, Сахнаға шықты жас өмір!
Ертең	Тәуелсіздік ше? Ол – менің тегім Ұлдарыма да оны дарыттым Тәуелсіздік – мен.

Оқушылар тапсырмаларды орындау барысында лирикалық шығарманы талдауға бейімделе бастады. Тапсырмаларды орындай отырып ішкі мотивациялары артты. Эксперименттік топтағы 55% оқушы тапсырмаларды толық орындады, 36% оқушыға тапсырмаларды орындау қиындық тудырды, 9% -ы мүлде орындай алмады.




2-сурет. Оқушылардың арнайы тапсырмаларды орындау көрсеткіші

3-сабақта оқушылар өлеңді өздері талдады. Талдау көрсеткіштері төмендегі кестеде берілген.

6-сынып оқушылары Ерлан Жүністің «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңін талдау барысында

Бастапқы уақытта оқушылар көркемдік құралдарды тапқанымен олардың негізгі қызметін ажыра алмайтын. Ал, эксперимент барысында бұл үдеріс керісінше өзгергенін байқадық. Яғни, оқушылар бір оқығаннан өлеңнің идеясын бірден түсінбейді, дегенмен көркемдік құралдарды табу арқылы, сөздердің мағынасын ашу арқылы өлеңнің астарлы мағынасын аша алатын деңгейге жетті. Ақынның стильдік ерекшеліктерін, өлеңдегі мағыналық тұтастықты тану мүмкіндігіне ие болды.



3-сурет. Экперименттен кейінгі оқушылардың көркем образды түсіну деңгейлері

Қорытынды кезеңде оқушылар эксперимент барысында сөз арқылы идеяны ашуға болатындығын түсінді. Көркемдік құралдардың қызметін ашу арқылы өлеңнің мағынасын түсінді. Сонда, эксперименттік жұмысымыздың негізгі мақсаты, біріншіден, лирикалық шығарма арқылы оқушылардың эмоциялық интеллектісіне әсер ету, екіншіден шығарманы түсіну сауаттылықтарын қалыптастыру болса, оқушылардың эксперименттік кезеңдердегі пайыздық көрсеткіштері, сабаққа қатысу белсенділіктері зерттеу жұмысымыздың ғылыми болжамының расталғанын дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы білім беретін мектептерде әдебиетті оқытудың ең маңызды мәселелерінің бірі – көркем туындының тегі мен жанрлық ерекшелігін таныта отырып оқыту. Яғни, мектепте әліппеден әдебиетке дейін жалғасатын әдеби білім беру сатысында лирикалық шығармалар кеңінен оқытылады. Дегенмен осы тектес шығармаларды оқытудың мақсат, мүддесі, әдіс-тәсілдері әр сыныпта әртүрлі болады. Бастауыш сыныпта оқытылатын өлең шумақтары оқушыларға көркем сөзбен жасалатын өмір көріністерін түсінуге, сол арқылы қоршаған орта ерекшеліктерін жете тануға көмектеседі. Орта буын сыныптарда өлеңнің, өнердің сиқырлы күшін, көркемдік ерекшелігін, кең дүниетанымын байқатуға бағытталады.

Ал жоғарғы сыныпта лирикалық шығармалар белгілі бір тұлғаның әдеби мұрасына қатысты оқытылады. Аталған сыныпта оқушылар өлең мағынасы мен мәнін, тақырыбы мен идеясын, лирикалық қаһарманның сезім толқынын ұғынуға, өзінше ой толғап, пікір пайымдауға, салыстырулар мен сыни көзқарастарға көбірек назар салады.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде лирикалық шығармалар барлық сыныптардағы әдеби шығармалардың төрттен бір бөлігін құрайтын, яғни бастауыш сыныптардан бастан жоғарғы сыныптарға дейін әдебиет пәнінде лирикалық шығармалар кеңінен оқытылған болса, жаңартылған білім мазмұнында оқу бағдарламасында лирикалық шығармалар айтарлықтай қысқартылғанын байқадық.

Лирикалық шығарма адамгершілік биік мұраттарға тәрбиелеуші құрал ретінде оқушылардың білуге құштарлығын арттырып, ойлау жүйесін дамытады. Лирикалық шығармаларды оқыту барысында оқушылар өнерді эмоциялық-эстетикалық тұрғыдан түйсіне білуге үйренеді.

Лирикалық шығармаларды оқытудың маңыздылығы жоғары. Өйткені, лирикалық шығармалар эпос пен драмалық шығармалардан өзінің көркемдік сипатымен де, оқырманға эмоционалды әсер ету сипатымен де ерекшеленеді. Ол оқырманмен адами құндылықтардың негіздері туралы немесе оларды бұзатын, жоятын нәрселер туралы ашық әңгіме жүргізеді. Сондықтан ол тұлғаның қалыптасуына белсенді әсер ете алады.

Лирикалық шығармалардың әрқайсысы – жеке құрылымдық жүйе. Оларды оқытуда қолданылатын әдістерді жинақтап айту күрделі мәселеге айналып отыр.

Лирикалық шығармаларды оқытуда басты бағытта адамның ішкі сезімі, көңіл күйі, мінез-құлқы, ақындық «мені» әсер беріп, толғандырады. Осындай әсерлілігіне қарай оқушы қызығушылықпен өлеңнің құрылысын, ұйқасын, өлең теориясына қарай талдауды жасай алады.

Мектептегі лирикалық шығармаларды оқыту, ең алдымен, бағдарламаға енгізілген нақты өлеңмен жұмыс жасаудан тұрады. Әрине, кіші сыныптан жоғарғы сыныпқа дейін бұндай жұмыс мазмұндық және талдау әдістерінде

күрделене түседі. Сонымен қатар, мектепте жеке өлеңді оқу оны жазған ақынмен кездесудің қадамы екенін, ал «жақсы және әртүрлі» ақындармен танысу оқушыларды поэзияны біртіндеп өнер түрі ретінде түсінуге әкелуі керектігін есте ұстаған жөн.

Зерттеу жұмысымызда жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығармаларды оқытудың зерттелу өрісі, психологиялық негіздері мен педагогикалық ұстанымдары зерттелді және жаңартылған білім мазмұнында лирикалық шығармалардың қамтылуы мен лирикалық шығармалардағы көркем образдарды оқыту әдістемесі талданды. Лирикалық шығармаларды оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен оған қойылатын талаптар көрсетілді. Жаңартылған білім мазмұнында оқу бағдарламасында берілген бірқатар лирикалық шығармалар қарастырылды. Сондай-ақ лирикалық шығармаларды 5-9 сыныптарда оқытуда көңіл бөлуді қажет ететін бірқатар мәселелер қарастырылды. Лирикалық шығармаларды оқытуға бағытталған эксперимент жүргіздік және оны зерттеу жұмысымызда кесте, сызба түрінде бердік. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы лирикалық шығармаларды ерекшеліктеріне қарай топтастырдық. Жаңартылған білім мазмұнында оқу бағдарламасына енген лирикалық шығармалардың бірнешеуін талдап көрсеттік. Мектепте оқу бағдарламасында берілген бірқатар лирикалық шығармаларға өз тарапымыздан талдау жүргізген соң, шығарма ішіндегі образдарды таныту мақсатындағы тапсырмалар әзірледік. «Эмпатиялық диалог» әдісі арқылы лирикалық шығармаларды оқытудың мақсатын айқындап, лирикалық шығармаларды оқытуда берілу жолдарын ұсындық.

Қорыта келгенде, диссертациялық жұмыстың мақсатына сәйкес төмендегідей міндеттер атқарылды:

—Жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығармаларды оқытудың зерттелу деңгейі айқындалды;

—Лирикалық шығармаларды оқытудың психологиялық негіздері анықталды;

—Орта мектепте лирикалық шығармаларды оқытудың педагогикалық ұстанымдары нақтыланды;

—Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында лирикалық шығармалардың қамтылуы сараланды;

—Лирикалық шығармалардағы көркем образдарды оқыту әдістері ұсынылды және лирикалық шығармаларды оқытуға бағытталған эксперимент нәтижелері талданды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Голубков В.В. Методика преподавания литературы. – Москва, 1962. – 495 с.
2. Мүтиев З. Ж. Қазақ лирикасының даму сипаты және зерттелу тарихы (XX-XXI ғ. басы): Монография. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012 ж. – 284 б.
3. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 б.
4. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. Таңдамалы шығармалар. Он төртінші том. – Алматы: Жазушы, 1978. – 368 б.
5. Тәжібаев Ә. Қазақ лирикасы тарихынан. Кітапта: Ә. Тәжібаев. Өмір және поэзия. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 488 б.
6. Құрманбаева Г. Сырлы да нұрлы жыр әлемі // Жасымда ғылым бар деп ескермедім. – А., 1995, –114-115 б.
7. Аңсабаев Д.С. Орта мектептің 5-9 сыныптарында лирикалық шығармаларды оқыту. Пед. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – А., 2003. – 33 б.
8. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии // Собр. соч.: В 10 т. Том 3. – М. – Л.: 1950.
9. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – Москва, 1991.
10. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 448 б.
11. Дәулетбекова Ж. Оқушылардың оқу мотивтері – сапалы білім негіздері.
12. Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 1993. – 272 б.
13. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А.: Рауан, 1997.
14. Корст Н. О. Выразительное чтение как активный метод анализа художественного произведения в единстве формы и содержания. М.: Академия, 2001. – 78 с.
15. Шигина С.Ю. Говорим и читаем выразительно. Владикавказ 2002. с112.
16. Оморокова М.И. Учимся читать выразительно. М.: Академия, 2001.с – 312.
17. Немов Р.С. Психология. Учеб. для студентов высш. пед. учеб. завед. В 2-х кн. Кн.1. Общие основы психологии / Немов Р.С. – М.: Просвещение: Владос, 1994. – 576 с.
18. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии / С. Л. Рубинштейн. – М.: Педагогика, 1973. – 424 с.
19. Никифорова О.И. Психология восприятия художественной литературы. – М., 1972.
20. Методика преподавания литературы: учеб. для студ. вузов, обучающихся по пед. спец. / О.Ю.Богданова, С.А.Леонов, В.Ф.Чертов. – 2-е изд., стер. – М.: Академия, 2002. – 397 с.
21. Рез З.Я. (ред.). Методика преподавания литературы. – М.: Просвещение, 1977. – 384 с.

22. Голубков В.В. Методика преподавания литературы. – Москва, 1962. – 495 с.
23. Кудряшев Н. И. Взаимосвязь методов обучения на уроках литературы. – М., 1981.
24. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы, 1969. – 243 б.
25. Ж.Аймауытов. Тәрбиеге жетекші. – Алматы, 1993. – 312 б.
26. Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. – Алматы, 1993. – 96 б.
27. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана, 2013. – 64 б.
28. Мырзағалиев Қ. Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру. – Алматы: Рауан, 1992. – 127 б.
29. Жұмақасева Б. Жыраулар поэзиясына талдап тану. – Алматы, 2010. – 196 б.
30. Ақшولاқов Т. Шығарманың көркем компоненттерін оқыту. – Алматы, 1968. – 118 б.
31. Казарин Ю.В. Филологический анализ поэтического текста: учебник для вузов. -2004.
32. Проблемы преподавания литературы в средней школе / Под ред. Т. Ф Курдюшевой. – М., 1985.
33. Рез З. Изучение лирики в школе. /УУ-УІІ классы/ – Ленинград: Прос., 1968. – 176 с.
34. Елеукенов Ш. Мағжан // Жұлдыз 1992. – №10. – 192 б.
35. Гегель Г.В.Ф. Эстетика: В 4 т. – М., 1968. – Т. 1. – 165 с.
36. Скиба В.А., Чернец Л.В. Художественный образ // Введение в литературоведение. Литературное произведение: основные понятия и термины / Под ред. Чернец Л.В. – М., 2000. – 141-148 с.
37. Николаев А.И. Основы литературоведения: учеб. пособие для студентов филологических специальностей / А.И. Николаев. – Иваново: Листос, 2011. – 255 с.
38. Арнольд И.В. Стилистика. Современный английский язык : учебник для вузов / И.В. Арнольд. – 4-е изд., испр. и доп. – М.: Флинта, 2002. – 384 с.
39. Тынянов Ю.Н. Литературная эволюция: Избранные труды. –М.: Аграф, 2002. –496 с.
40. Қоңыратбаев Ә. Лирика жанры туралы. Кітапта: Шеберлік сырлары. – Алматы: Жазушы, 1979. – 164 б.
41. Беляева Н. В. Формирование читательского восприятия при изучении лирики в школе: Теорет. основы и практика. Автореферат дис. канд. пед. наук. – М., 1997. – 239 с.
42. Русское стихосложение в школьном изучении. – М.: Просвещение, 2002, – 7 п.л.
43. Рыбникова М.А. Методика преподавания литературы. –М., 1930.
44. Өмірәлиев Қ. Тіліміздегі кейбір сөздердің этимологиясы төңірегіндегі ой // Қазақстан мектебі. –1966. –№ 2. –70-72 б.

45. Стеблева И.В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в раннеклассический период. –Москва: Наука, 1976. –214 с.
46. Сағыныш. http://pushkinlibrary.kz/exhibitions/Tolegen_kz/./ 21.04.2022
47. Сманов Б.Ө. Мектепте көркем шығарманы талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Алматы, 2010.
48. Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі / (монография). –Алматы ҚБТУ, 2010. – 246 б.
49. Рақымова Б. Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту // Бастауыш мектеп. –2000. –№2. –25-26 б.
50. Фариза Оңғарсынова. <https://bilim-all.kz/olen/15185-Olen-men-seni-ayalap-otem./02.05.2022>
51. Тәуелсізбін. <https://ulagat.com/2020/09/13/т-медетбек-тәуелсізбін-өлеңі/> ./ 04.05.2022
52. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. –Алматы, 2007. –236 б.